

18:47

Досхан Жылқыбай

Досхан Жылқыбай

18:47

Алматы, 2021

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 (5Қаз)
Ж 22

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау
және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы
Республикалық бюджет қаражаты есебінен әдебиеттің әлеуметтік
маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші
бағдарламасы бойынша жарық көрді*

Досхан Жылқыбай

Ж 22 18:47 (аңгімелер мен эссе-очерктер жинағы) / Досхан
Жылқыбай. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2021. – 144 бет.

ISBN 978-601-217-744-2

Кітапқа жас жазушы Досхан Жылқыбайдың тырнақалды туындылары мен эссе-очерктері енген. Әр шығарманы оқи отырып автордың әртүрлі ізденістер мен эксперименттер жолында болғанын аңғаруға болады. Бұл кітап дайындалған 2019 жылы жазушының өзіне қойған «сауалдары» бүгінде ескірді. Жинақтың соңғы бетін жаба сала жауаптан гөрі сауалдың ауырлығы туралы ойға қаласыз. Өйткені, сауал жаңармай, жауап жаңармақ емес.

Кітап жалпы оқырман қауымға арналған.

ӘОЖ
КБЖ

ISBN 978-601-217-744-2

© ЖШС РПБК «Дәуір», 2021.

КВАНТ

– Бек! Бе-е-е-к!

– Ау?

– Шықсаңшы. Кешігеміз ғой.

– Қазір.

Феннің ызыңы естілгенде барып Бекбол өзінің қарсысында тұрған кір мәшине үстіндегі бармақ жуандығындай целлофанның ауызын буып, ваннаның астындағы кішігірім банкаға жасырды. Астыңғы ерініне салған қошқыл иістіні раковинаға түкіріп жатып, шұбатыла созылған көгжілтім сілекейінен жиіркенгендей жылдам су ағызған. Үйренбегендікі ме, жүрегі лоблып, запыран көтерілді. Жайшылықта тістеріне щетка жуытуы қиын еді. Осы жолы ұзақ ысқылады. Лоқсығанына қарамай, щеткасын тілінің үстіне де біраз сырғанатып алған. Бұл жуынып шыққанда Кәмилә да шашын желпідетіп болған екен.

– Сонша ұзақ отырғаның не?

– Темекі қойғалы бері қиын боп қалды...

– Үйреніп кетесің. Иісі жағымсыз. – Кәмилә тыжырынып келіп, құлағының үстін ебедейсіз жапқан Бекболдың шашын тарады. – Бүгін қидырып тастайық.

– Иісінің жағымсыз екенін бүгін байқадың ба?

– Киін енді. Емтиханға кешігеміз.

– Қай аудитория еді?

Асханада қуырған жұмыртқасын тәрелкеге салып жатқан Кәмилә:

– Үш жүз сегіз, – деп дауысын көтеріңкіреді.

– Екеуміз бір аудиториядамыз ғой.

– Иә. ...Айтпақшы, Бек! Қай пиджағімді кисем болады?

– Түнде сұрыңды дайындап қойып ең ғой, Ками!

Тағы да тыжырынды.

– Осы не әдет?

– Ол түндегі көңіл күймен таңдалған.

– Түс көрдің бе немене?

– Иә. Айтпақшы тойды күзде жасасақ қайтеді?

– Ұзатуыңды жасағың келсе... Ал негізі үйлену той жазда ғой.

Қастарының түйіскен жері мен мұрнының үсті әнтек өжімденді де:

– Қой. Қызылымды киіп шыға берейін, – деп пиджагін қолына ұстаған күйі сыртқы есікке беттеді.

Жол бойына шыға қалғанда екеуінің қол көтеруін күтпестен қызыл Toyota тоқтады. Баратын жерлері жақын болса да, көліктің жаңалығын ұнатқан Бекбол төрт жүзге келіскен. Артқы орындығына жайғасып, қозғалған көліктің жүрісін жүргізуші екіншіге ауыстырғанда барып Көмилә баж ете қалды:

– Ойбай, ұмыттым. Кеше түнде сұр пиджагімнің қалтасына салып, дайындап қойған едім.

– Нені?

– Шпоргалка.

– Үйге кірсек кешігіміз. Уайымдамашы. Берілген парақтарды толтырып шықсаң жетеді емес пе?

– Тү-у-у, қиын болды...

Радио сарнап тұр.

– Соғыс оты сөнбеген Сириядан отандастарымыз елге оралды. Президенттің тікелей тапсырмасымен жасалған «Жусан» гуманитарлық операциясының нәтижесінде 47 қандасымыз туған жерге аяқ басты.

Жүргізуші радионың дауысын көтеріп:

– Соттау керек. Отанынан бездірген қу сақал... Бізді құртатын осылар, – деп нығырлай сөйлеп, қоштамас па дегендей айнасына қарағыштай берген. Бекбол мен Көмилә оқу орнының алдынан түскенде жаңалықтардың соңын тыңдап үлгерген жоқ. Жүргізуші бұның ұсынған ақшасына қарап:

– Бауырым, қайтарымсыз жоқ па еді? – деп ебедейсіз ыржалаңдап көлік есігінің қалташасын қармана берді. Сыңғырлаған тиын дауыстары есті-леді.

– Әй, осы бала-шаға да темір-терсек салып ойнайды, – деп Бекболға тағы қараған. Артындағы мәшинелер сигналдатып, жол бойын азан-қазан қылды.

– Жақсы, аға. Қажет емес.

– Ренжіме, бауырым. Жүргізуші тағы да ебедейсіз ыржалақтап ап, жүріп кетті. Ерекше сигналдатып тұрып, бар газын басып өткен ақ Audi-дың рөлінен сақалды жігітті байқады Бекбол.

– Өле ме?.. – деген Көмилә Бекболға бұрылып: – Алдың ба? – деді.

- Нені? Ө, жоқ. Майда жоқ дейді.
- Бәрі осы. Алу керек еді.
- Майдаланбай-ақ қойшы енді.

* * *

- ...Бек, қай пиджагімді кисем болады?
- Түнде сұрыңды дайындап жатыр ең.
- Кәмилә тыжырына сұр пиджагін қолына алды.
- Киетін киімім жоқ.
- Артыңнан келеді ғой.
- Жазға дейін жүрем бе осылай, – деп буыны кеткендей мойнына асыла берді.

– Ками! Жылдам шығайық енді.

Жол бойына жақындағанда Бекболдың көзіне өтіп бара жатқан қызыл Toyota жылы ұшырады. «Жаңа сияқты» деп ішінен бір ойлады да, жол бойына шығып қолын көтерген. Ақ Audi келіп тоқтады да, сақалы орақ көрмеген қарасора секілді жүргізуші көзі шыңылтырлана иек қақты.

– Университет... – Мәшинесін байқатпай аңдаған Бекбол: – Үш жүз, – деді. Жүргізуші ешбір ыңғай танытпастан сыртқы тұтқасы сынған есігін ішінен өзі ашты.

– Қазақ радиосында таңғы жаңалықтар. Соғыс оты сөнбеген Сириядан отандастарымыз елге орадды. Президенттің тікелей тапсырмасымен жасалған «Жусан» гуманитарлық операциясының нәтижесінде 47 қандасымыз...

Жүргізуші радио арнасын ауыстырып, әуен естілгенінің ешбіріне аялдамай, қайта айналып жаңалықтарға тоқтады. Бас мүфтидің сөздері оқылып жатыр екен, жүргізуші радионы бірақ өшіріп тастағанда бұлар діттеген жерлеріне де жетіп үлгерген еді. Қайтарым ақшасын берісімен, ақ Audi-дың көрі моторын шыңғырта жүріп кетті.

– Өле ме?

– Шпоргалқанды бейберекет пайдаланба. Білетін сұрағың келсе барынша өзің жаз. Жарай ма?

– Басымда оқығаннан қалған ештеме жоқ, – деп Кәмилә тағы да Бекболдың мойнына асылып алды.

Аудиторияға кіріп, сырт киімдерін шешіп үлгеремін дегенше емтихан сұрақтары ашылып, таратылып жатты. Екеуі аудиторияның екі бұрышына түсіпті. Кезекші

мұғалім Бекболдың бакалаврдағы курстасы Арай екен. Қазір осында кіші ғылыми қызметкер.

– Магистратураға кешігіп түсіп, емтиханға да кешігіп жүргенің не? – деп әзілдегендей болып көзінің астымен Көмиләға қарады. – Шпоргалка қолданбаймыз. Камерадан қарап отыр. Ескерту болмайды. Бірден акт толтырамыз.

Бекбол курстасына әзілдегісі келіп, Көмиләға қарап тоқтап қалды. Өңі қашып кетіпті. Мүлдем таныс емес сұрақтар келген-ау. Емтихан барысында бір-екі рет ымдасып көріп еді, кезекші курстасы мүмкіндік бермеді.

– Бекбол! Сендерге бола мен жауапқа тартыламын.

«– О-ой, қаншық! Бірге оқыған кезде емтихан сайын жігіттердің бір көзі жазуында болса, бір көзі шпоргалка жапсырылған сенің ақ саныңда болушы еді ғой.

– Тоқ саны деп айтыңыз.

– Қызыл суға қызып келгенде таңертең екі бұтыңның ортасына талай сол тоқ санын қысып жатып ояңғаныңды қалай ұмытарсың.

– Жә. Арыға барыспайық», – деп денесін шымырлатып бастаған ойларын Бекбол тез жиып алды. Көмиләнің қоян көздері жәутең-жәутең етіп бұған қарағыштай береді. Бұл не істесін? Ойымен жатақханадағы оқу залдарын адақтап жүріп, өзіне жәутеңдеген оның көздерін көрген сайын жүзі күйіп барады. Байқаса Көмилә камераның дәл астында отыр. Оны түсіруге мүмкіндігі шектеулі. Өзі де байқаған сыңайлы. Сұр пиджагінің ішкі қалтасынан қобыраған қағаздарын шығарып, ішінен бірін таңдап алды да, жазып отырған парағының астына жасырып, көшіре бастады. Өңі кірейін деген сияқты. Көздері түйіскен сайын, жымың етіп көзін қысып қояды. Өтірігі өзіне ғана аян адамға сенім арта қараған көздерден артық қандай ауыр жаза болсын?

Екі сағаттық емтихан уақытының жартысына жуықтағанда шекесіндегі көк тамыры білеулеген кезекші Арай сыртқы шығып кетті. Арада бес минут өтпей тексеруші кіріп, бірден Көмиләнің орнына қарай беттеген. Бота көздері жасаурап кеткен оның алдындағы парақты жұлып алғанда астынан тілімдей қағаз еденге салмақ салғысы келмей қауырсындай қалықтап түсті.

– Бізбен жүріңіз!

– Ағай, кешіріңізші?!

– Бізбен жүріңіз деймін! Емтихан басталғалы көшіріп отырсыз. Ұялмайсыз ба?

Кәмилә төбесіндегі камераға бір, Бекболға бір, тексерушілерге бір қарады. Көмек тіледі. Қорғаушы тіленді. Кірпігін қақса жасаураған көзі бұлай кететінін сезіп, тынысы жиілеп кеткен.

– Біз көз жұма қарап едік. Ректораттан хабарласып жатыр.

Ол тағы да камераға бір, Бекболға бір қарады. Тексерушілерге жанарын тоқтатпады бұл жолы.

– Ағай! Бір рет ескерту берсеңізші, – деген Бекболдың дауысы шықты. Кәмилә осы сәтке дейін тістене ұстап тұрған көз жасын еркіне жібере салған.

– Ағай, кешіріңізші!

Есіктен Арай кіріп келгенде тексеруші бұрылып:

– Кезекшісіз бе? Неге қарамайсыз? – деп жекіп сөйледі.

– Бұл қыз көшіріп отырған жоқ еді ғой, – деп Арай бәйек болып барады.

– Ескерту болмайтынын айтып па едіңіз?

– Иә, – деп Арай шын ықыласымен Кәмиләнің жанына келген.

– Дұрыс қарамаған сіздің де үстіңізден акт толтырамыз.

Тексеруші Кәмиләні ертіп шығып бара жатқанда Бекбол да еріксіз орнынан көтеріліп, есікке беттеген. Арай жалма-жан алдынан шықты.

– Қайда барасың? Сенің де үстіңнен акт толтырады қазір.

– Толтыра берсін, – деп итере шығып кетті.

– Бекбол...

Коридорға шығып еді, Кәмилә иығы селкідеп тексерушінің артынан кетіп барады екен. Жүгіріп жетті де қырықтардан асып қалған еркекті қолынан тартып тоқтатты.

– Аға! Бір жолға кешіріңізші! Қызыңыз бар шығар сіздің де!

– Сен әлгі аудиторияда отырған жігіт емессің бе?

– Иә, аға. Былай шығып сөйлесейікші.

– Жібер қолымды!

– Аға! Кішкентай қызды сонша жылатқаныңыз не?!

– Шпоргалка пайдалану заңсыздық...

– Түсінем, аға! Бірақ ол жұмыс істемейді.

Стипендиясымен ғана... Түсініңізші! Адамбыз ғой!..

Тексеруші еркек сәл ойланып, жаны ашығандай күрсініп алып:

– Әй, жүрiндершi, – деп қолын сiлтедi.

Үшеуi ректораттағы жоғарғы қабатқа көтерiлiп келе жатқанда Кәмилә жылауын да, жалынуын да тоқтатты. Дұрысынан шешiлiп кетедi дедi ме, әлде жалғыз емес екендiгiн сезiндi ме...

Үшеуi 12 қабаттағы кабинеттiң алдына келгенде iштен дарақы күлкi естiлген. Бұлар кiре бергенде күлкiсiн тыя алмай тұрған қарынды қара бұларға қарап тiптен қарқылдай жөнелдi.

– Тағы да тостағанын жуғандар ма?

– Келiсейiк дейдi мына бiреуi. Қызды қорғағанын қара, – деп бұларды ертiп келген тексерушi кабинетке кiре телефонын алды да: – Арай, жаңа шпоргалкамен ұсталған қыздың да, артынан шығып кеткен жiгiттiң де жұмысын сызып таста. Жазғы оқуға қалады.

– Аға!..

– Не аға? Заң бәрiне ортақ. Бар, бар. Сендерсiз-ақ жұмысымыз көп.

Бағанағы қарынды қара сериялы күлкiсiн әлi аяқтамаған екен, тағы да қабырғаларды дiрiдетiп әкеттi. Бекболдың көмейiне келген «ш» мен «с» дыбыстары тiстерiнiң араларында қалып кетiп, Кәмиләнi ертiп шығып бара жатқанда есiктi бар күшiмен жапты. Бар келгенi осы бодды оның қолынан. Бекболдың тiс арасында қалып кеткен дыбыстарының барлығы лифт iшiнде төгiлген едi.

– Мұның барлығын менiң көзiмше не үшiн айтып жатсың? Төкпедiң бе әлгiнде?

– Олар сөз түсiнер деймiсiң?

– А, сенiң айтып жатқаның сөз екен ғой...

* * *

– Ағай! Бiр рет ескерту берсеңiзшi, – деген Бекболдың дауысы шықты. Кәмилә осы сәтке дейiн тiстене ұстап тұрған көз жасын еркiне жiбере салған.

– Ағай, кешiрiңiзшi.

Есiктен Арай кiрiп келгенде тексерушi бұрылып:

– Кезекшiсiз бе? Неге қарамайсыз? – деп жеки сөйледi.

– Бұл қыз көшiрiп отырған жоқ едi ғой, – деп Арай бәйек болып барады.

– Ескерту болмайтынын айтып па едiңiз?

– Иә, – деп Арай шын ықыласымен Кәмиләнiң жанына келген.

– Дұрыс қарамаған сiздiң де үстiңiзден акт толтырамыз.

Бекбол қара терге түсіп отыр еді. Қазір Кәмиләнің артынан шықса, екеуінің де үстінен акт толтырады. «Жүз мың айлықты сосын қайда жеткіземіз? Оның да, менің де басымда кредит. Пәтер, кредит...». Бекбол ойша есептеп, иығы қушиып бара жатқанда әп-сәтте жасын тыйып алған Кәмиләға көзі түсті. Өңменінен өтіп кетердей тесіле қарап тұр екен, бұл көзімен далбалақтап бейберекет бірнәрсені ымдайын дегенше темір есік тарс жабылған.

– Биыл ешкімді аяп жатқан жоқ. Қит етсе акт толтырып, жазғы семестрге қалдырып жатыр.

Бекбол далбасалап терезеге қарап еді, алдағы жылығы өтетін университет мерейтойының баннерін іліп жатыр екен. Не жазып шыққаны есінде жоқ, тек ертерек бітіруге тырысып, жұмысын Арайдың алдына апарып өткізгенде, қолына кішігірім қағаз ұстатты. Түсінбеген Бекбол бетіне қараған.

– Менің нөмірім ғой. Қазір емтихан уақыты біткен соң хабарлас. Бар көмегімді аямаймын.

Жас та болса мұғалім деген аты бар курстасының сөзін көңіліне демеу қылып шыққан Бекбол Кәмиләні іздеді. Телефонына хабарласып еді, өшірулі тұр екен. Алқынып жүріп, ректорат артындағы орындықтардан өзгер тапты. Тапты да, кілт іркіліп қалды. Не барарын, не бармасын ойланып, тұсалған аттай жанына ілбіп өзгер жетіп отырған. Төселген жантақ үстінде отырған секілді.

– Қалай тапсырдың?

– Ками! Сен стипендиядан айрылдың. Ол сол жерде-ақ анық болды. Өзімдікін сақтап, бірдеме қылып жеткіземіз ғой...

– Мен сенен ақша сұрадым ба? Қалай тапсырдың деймін!

– Болатын секілді.

– Менікін сұрағың келмей ме?

– Ками!..

– Жоқ. Шын сұрашы.

– ...Қалай?!

– Жақсы. Мен жазбай-ақ 5 алатын болдым. Қалай дейсің ғой? Мені ректоратқа апарып тексерді. «Шпоргалка бар ма?» деді. «Бар» дедім. Содан юбкамының етегін көтеріп, саныма жасырған буманы бір алып бердім. «Тағы бар ма?» деді. «Бар» дедім. Тәстартқышыма қолымды салып ем, өзім де құлын мүшесі жаңа өсіп келе жатқан

қыздай қылып тартқан екенмін, ала алмадым. Ағытып жіберіп... қолым жетпеді. Пиджагімді шешіп қарынды кісіге теріс қарап тұра қалып ем, ол да епті екен, қарулы саусақтарымен ағытып жіберді. Анарымның ұшы қатайып, денемнің күсеттеніп бара жатқанын сездіргім келмей, жылдамдатып ондағы буманы тағы бір алып ұстаттым. Мен сенің көзіңше ғана киініп, шешініп жүріп сезінбейді екенмін, сайқалдықпен өзгенің алдында шешінгеннің де өзінше ләззаты бар ма, қалай?..

– Кәмилә!..

– Не Кәмилә? Ішінде қарны жуан тексеруші бар екен. Сол мені ұнатып қалған секілді. Бүгін кешке кездесуге шақырды.

– Кездесуге?!

– Иә. Соны ойланып отырмын. Жо-жоқ. Сен ойлағандай барсам ба, бармасам ба деп емес. Не киіп барсам екен? Соны ойлап отырмын. Қалай ойлайсың?

* * *

Екеуі лифттен шығып, жаяулап келеді. Екеуі де жапалақтап жауып жатқан қардан жылдам қозғалғысы келмей ілбіп келеді.

– Ками?

– А?

– Әлі талай бұлармен кездесетін кез туады.

– Мен оны ойлап келе жатқам жоқ.

– Енді?

– Қайдан жұмыс іздейтінімді ойлап келем. Ай соңында кредит төлеу керек қой. Сенде де стипендия жоқ, менде де. Бұрын да жетіп қарық қылмайтын еді.

– Ками!..

– Жоқ. Рас қой. Неге, білмесем де, өзім жаза салмадым екен. Сен де бекер шықтың соңымнан. Сенікін үйтіп-бүйтіп жеткізуге болар еді мен жұмыс тапқанша.

– Ками деймін?!

Кәмилә артына бұрылғанда шырша бұтақтарын қағазға орап гүл етіп сыйлап тұрған Бекболды көрді.

– Осы ма бар ойлағаның? Бар уайымың?

– Сен маған ренжімейсің бе?

– Несіне ренжиін? Бекбол Кәмиләні жол бойында ұзақ құшақтады. Суықтан мұрны иіс сезбесе де, бетінен иіскеді. Шынымен тәтті иісін сезді ме, жоқ, көкірегінде

жатталған иісті ойлады ма, түсініксіз.

– Жүр, кафеге барайық.

– Сосын сенің шашыңды алдырайық.

– Темекі де тартайық.

– Уәде ше?

– Бүгінше болады, – деп қулана күлді Бекбол.

– Тағы бастап кетесің ғой сен...

* * *

Жапалақтап қар емес, қорғасын жауып жатқандай екеуі еңсесін тіктей алмай қайтты. Сөз бастасам деп терең жиған демі текке шығып, шылымсырап келеді. Үйдегі ваннаның астындағы банканы ойлады. Таңертеңгідей жиіркенген жоқ бірақ.

Үйге кіре ваннаға кіріп, суын ағызып қойды. Банканың ішіндегі бармақ жуандығындай целлофанға тағы қол жүгірткен. Айнаға қарап ебедейсіз өсіп кеткен шашын біраз жұмалап тұрды да, таңертеңгідей тісін жуып сыртқа шықты. Кәмилә киімін ауыстырмастан диванда теріс қарап жатыр. Өлі тыныштық. Асханадағы су кранының бұзылып тұрғанына көп болған. Тамған тамшының тырсылы раковинаға емес, тура миына тамып тұрғандай тесіп барады. Кәмилә сөл бұрылып:

– Туһ! Осы кранды жөндейтін де еркек табылмады ғой, – деп зарлана үн қатты.

Бекбол асханаға келіп кранды шетіне қарай ысырып қойып, тың тыңдап тағы біраз тұрған. Креслоға келіп отырған қалпы қалғып кеткен ол, Кәмиләнің тықырынан оянып кетті. Сыртқа шығуға дайындалып, киініп жатыр екен.

– Қайда барасың?

– Айттым ғой.

– Кәмилә! Сол жерде мені намыссыздығынан немесе жігерсіздігінен қалды деймісің? Өлде айналдырған алпыс мыңға құнығыппын ба? Мына пәтердің ақысы, күнделікті жүріс-тұрыс, ас-ауқаттың ақшасы мойныма қамыт болғанда қай жағына тарт дейсің?

– Өзің ат та, мен арба екенмін ғой. Кешір, бірақ қалай тартсаң да ат та өлді, арба да сынды.

– Сындырғың да, өлтіргің де келіп тұрған өзіңсің!

– Иә, бар кінәнің бастауы өзім екенін білемін. Бірақ арба мен ат ортасында қашанғы қор болуға болады?

Бекбол үнсіз қалды. Қалай, не түсіндірерін білген жоқ. Ваннаға кіріп кеткен Кәмилә қолына бармақ жуандығындай аузы буылаған целлофанды алып шықты:

– Бекбол! Не уәденде, не сөзінде пәтуә жоқ екен.

– Бірден қоя салу оңай дейсің бе?

– Бірінен біріне өтейін дедің бе? Болды. Шеге бер.

– Қалай болса да тастасам болды емес пе?

– Екеуміздің айырмашылығымыз осы жер, Бекбол! Сен үшін нәтиже маңызды. Мен үшін процесс, – деді де Кәмилә есікті сыртынан жауып шығып кетті.

Бөлмеде Бекбол мен өлі тыныштықтан басқа ештеңе қалған жоқ. Креслода шалқая қимылсыз, тіпті демсіз жатқан Бекболға қарап тыныштық бөлмеде өзін тіптен жалғыз сезінген еді.

* * *

Шаштараздан шыққан екеуі үйге көңілді қайтты. Бекболдың қысқа шашпен жүргені екеуіне де ыңғайсыз, қызық көрініп келе жатқаны тағы бар. Өрбір дүкеннің алдынан, тоқтап тұрған көліктердің жанынан өткен сайын Бекбол терезелеріне бір қарап, ескі әдетімен басын бір сілкіді. Бұрынғыдай желпілдеген шашы жоқ.

Кафеден жаңа шықса да екеуі ескі әдеттеріне басып шәйға отыра бергенде Бекболдың телефоны безек қақты.

– Қалайсыздар, мама? Менде бәрі жақсы. Сол үйдеміз. Емтиханнан келдім. Қасымда тұратын басқа жігіттер жұмыста. Иә, иә. Айта беріңіз. Қанша керек еді? Жақсы. Қаңтар соңында жіберемін ғой. Жақсы. Өкеме сәлем деңіз.

– Не дейді?

– Қаңтарда қарындасымның оқуының ақшасын құю керек екен. Соған ақша жинай бер дейді!

– Менің кредитімді жабуға мүмкіндігің болмай ма сонда?

– Неге болмасын?! Табылады ғой.

– Табылады ғой... – деп Кәмилә көңілсіз бокалға шәй құя бастады.

– Не болды саған?

– Жәй. Бұл сөздің соңы немен тынарын көзіммен талай көрдім емес пе? – деді шәй ұсынып жатып. – Осы жаңа жылда ауылға бармай, қалада қалып жұмыс істейін бе?

– Не жұмыс?

– Мүмкін даяшы, мүмкін кассир...

– Осы жылды үйінде қарсы алып, ата-анаңмен бірге болмасаң, жазда үйленіп кетеміз. Сосын қашан барасың?

– Білмеймін. Өрқашан отбасың, туған-туыстарыңа бүйрегің бұрады да тұрады. Шынымды айтсам, саған күйеуге шығуға қорқамын. Жеке өміріміз болмайтын сияқты.

– Қара аспанды төндірмеші.

* * *

Бар үйді жалғыз билеп-төстеп отырған тыныштықтың телефон шырылы зәресін ұшырды. Шашы қобырап креслода отырған Бекбол бейтаныс нөмірге ұзақ үңіліп, шырамытқандай болды да экранын түртіп қалды.

– Алло! Бекбол қалайсың?

– Жақсы.

– Араймын ғой. Кәмилә не істеді?

– Ештеңе. Сол күйі қалды.

– Неге хабарласпадың? Бір жағына шығысатын едік.

– Жә, қажеті жоқ. Енді кеш, – деді Бекбол көңілсіз.

– Жоқ, кеш емес. Сен қазір біздің үйге келсеңші.

Ақылдасайық.

Бекбол екіұшты ойдың құйрығының қайсысын ұстарын білмей отырды да:

– Адресің қалай? – деп сәлден кейін жауап қатты.

– Байтұрсынов пен Құрманғазы көшелерінің қиылысы.

Сонда келсең өзім күтіп аламын.

– Жақсы. Қазір шығамын.

Бекбол телефон тұтқасын тастап, экранға қарағанда Кәмиләнің кеткеніне үш сағаттан асып кеткенін аңғарды. Жаңа жылдық көңіл күйі жоқ қаланың есігінде Аяз ата бейнеленген дүкенінен темекі сатып алды да, такси тоқтатты. Сұрғылт түсті Opel-ге отырып қозғала бергенде жолдың арғы бетіне Land cruiser-дің тоқтағанын аңдады. Таныс секілді көрінді көзіне.

Радио сарнап тұр.

«Сириядан оралған 47 қандасымыздың отызы 1-5 жас аралығындағы балалар, және 11-і әйелдер. Сирияға бір кездері діни сауатсыздықтың кесірінен асып кеткен қандастарымыз қашанда көмекке зәру еді. Президентіміз гуманитарлық операция жайында бастама көтермегенде, қандастарымыздың тағдыры не боларын кім білсін», –

деген тұсынан жүргізуші радио дауысын бәсеңдетіп:

– Иә-ә-ә, – деп бұған назар салды. Ал мұның саясатқа зауқы жоқ. Өңгіменің өрбімесін түсінген жүргізуші радио арналарын ауыстырып отырып орыс радиосына тоқтады. Арғы жақтан Михаил Эфремовтың оқуындағы Геннадий Шпаликовтың өлеңі басталды.

По несчастью или к счастью,

Истина проста:

Никогда не возвращайся

В прежние места...

Діттеген жерінде Арай күтіп тұр екен, мәшинеден түсе сала:

– Жүр, – деп дедектетіп дүкенге алып кірді. – Не ішесің?

– Не ішкені қалай?

– Мені неге іздемейді десем, қойып кетіп пе едің?

– Жоға!

– Бір 5 жұлдызды коньяк. Шокалад және кофе, – деді де Бекболға бұрылып: – Мүмкін балауыз шам алармыз.

– Қажеті қанша? Жақын маңда дәріхана жоқ па еді?

– Ауырып тұрсың ба? – деп Арай қуақылана күліп, лезде күлкісін жиып алды. – Біз Кәмиләнің мәселесі жөнінде сөйлесеміз.

Қыз бен жігіт арасындағы бөтелкенің мақсаты біреу ғана. Иығына бес жұлдыз қадаған бұл да сол ісін адал атқарды. Түбі көрінбей жатып Арай Бекболдың тізесінде отырған. Осы сәттен кейін үстел үстіндегі бөтелкеге ешкім назар аударған жоқ. Бекболдың санасындағы дәріханаға соқпағаны қыздың ыстық демі шарпығанда соңғы рет жарқ етті де жоқ болды.

* * *

– Алло! Бекбол қалайсың?

– Жақсы.

– Араймын ғой. Кәмилә не істеді?

– Ештеңе. Сол күйі қалды.

– Неге хабарласпадың? Бір жағына шығысатын едік.

– Жә, қажеті жоқ. Енді кеш, – деді Бекбол көңілсіз.

– Жоқ кеш емес. Сен қазір біздің үйге келсеңші.

Ақылдасайық.

Бекбол екі ұшты ойдың құйрығының қайсысын ұстарын білмей отырды да:

– Қажеті жоқ. Өткен іс өтті. Көңіліңе рақмет! – деп

Арайдың жауабын күтпестен телефон экранын нұқып қалды. Кәмиләнің кеткеніне үш сағаттан асып кеткен екен. Креслодан тұрды да, не үшін бел жазғанын ұмытып аңтарылып біраз тұрып, ескі курткасының қалтасын ақтарды. Жоқ. Костюмдерінің қалтасынан да табылмады. Бетін мұздай сумен шайып, себепсіз тоңазытқышты ашты. Үйдің іші сонша күңгірт. Лампасы күйіп кетпеді ме деп люстраға қараған. Үшеуі түгел жанып тұр. Кең бір бөлме мен төрт адам беймарал сиятын асхананы арлы-берлі кезіп жүріп алды. Балконға шығып, жерде жатқан қорап ішінен бір талын тауып алғанда қуанғанын көрсең. Тұтатардың алдында өз тәуелділігіне жыны келіп, қақтырып та жібергісі келді. Өтген, тұтатып қойған еді. Көшеден машиналар ағылып жатыр. Өне, сұрғылт түсті Opel өтіп барады. Бұл мәшинелердің ескіргені сонша иесі жууға да ерінеді-ау. Жолдың арғы бетіне Land cruiser келіп тоқтады. Көзіне таныс. Университеттің автотұрағынан көрген болса керек. Жол жиегіне ыңғайланып тоқтамағанына қарағанда қазір жүріп кетуі тиіс. Бұл шылымының соңғы тартымын ішіне жұтқанда барып, көлік есігі ашылып Кәмилә түсті. Бағыты – дәріхана. Land cruiser жүріп кете ме деп еді, жоқ, жол жиегіне шығып әбден оңтайланып тұрып алды.

– Рас болғаны ма? – деп ойлауы сол екен, жан ұшыра сыртқы есікке беттеді.

* * *

Таңертеңгі Арайдың сүт қатқан шайына да қарамай үйіне жетуге асықты. Жүрегі атқақтап келеді. Есіктен кіре сыртында жирафтардың суреті бейнеленген «Саванна» пакетіне толтырылған бөтелкелерге сүрініп құлай жаздады. Іші толған сыра. Ешбірі ашылмаған. Бөлмедегі үстел үстінде түгесілген вино мен орталап қана ішілген бір бөтелке сыра тұр. Терезенің алдында бұл шекпейтін Winston. Екеуі бірге жататын кездегідей етіп қос төсек салынған. Оның бір бұрышында Кәмилә. Креслоға сылқ етіп отыра кетті. Төбесінен жай түскен секілді. Өзегі өргеніп барады. Кәмилә көрпесінен басын шығарды да:

– Ертең соңғы емтиханнан кейін ауылға қайтам. Мамамды сағындым. Папамды... Ауылдағы үлкен үйдің от жағылатын жалғыз бөлмесіндегі пештің түбінде отырған шығар екеуі! – деп жылап қоя берді. Қысылып басталған

жылауы өкпесі кепкен өксікке айналды. Ұртын толтыра бота секілді боздап та алады...

* * *

Шашын қысқартса да шалқалап қайыратын әдеті қалмаған Бекбол арқасындағы қабырғаға басын соғып алды. Кәмилә екі иығы дірілдеп, алақанымен аузын жаба ұзақ күлді.

– Ками! Әдет қой енді.

– Кеше анау тексерушіні тоқтату үшін артымнан жүгіріп келе жаттың ғой. Сол кездегі желпілдеген шашың көз алдымнан кетпейді.

– Онда неге қидырдық?

– Сен әрқашан жүгіріп жүрмейсің ғой.

– Сондай сәтте менің шашым туралы ойлап үлгердің бе?

– Менің әйел затынан екенімді ұмытып кетесің көп кезде.

– Емтиханның жауаптарын дәл солай есте сақтауға болмай ма?

– Ол жауаптардың сенімен қатысы жоқ қой, – деп Кәмилә Бекболға көзінің астымен қарады. Бірдеңе айтуға оқталғандай ыңғайланып отырды да:

– Бек! Мен бір жарым айдай ауылда болсам, мұндағы жұмыстарымды саған сеніп қалдыра берейін бе?

– Өрине!

– Бірақ, қорқамын!

– Неден?

– Сен жауапсыздаусың ғой! Кешегі менің артымнан жүгіріп шыққаныңның өзі отбасылық мәселелерге жауапсыздығың секілді.

– Сені қалай жәутендетіп, ер адамның алдында жылатып қоямын?

– Өкемдей адамның алдында жылағанның несі айып?

– Егер артыңнан жүгіріп шықпасам осылай отырар ма едік?

– Білмеймін. Сәттік эмоция мен оның салдары екі бөлек дүние ғой.

– Қойшы! Бәрі жақсы болады, – деп Бекбол Кәмиләні бауырына басып құшақтап, маңдайынан иіскеді.

– Ылайым, солай болсын! Ертең шығып кетейін онда ауылға.

– Өзім шығарып салам ғой!

* * *

Ол сырт киімсіз ентігіп жолға шыққанда Land cruiser жүріп кеткен еді. Алақтап жан-жағына қарады. Ешкім көрінбейді. Бүкіл денесінің ыстығы бетіне шапшығандай болды да, көзінен жылы боп басталып, иегіне қарай мұздап жылжып жерге тамды. Алақанымен бетін уқалап еді, жылап тұр екен. Өксігін тежегісі келген жоқ. Суға салған қам кірпіштей бүкіл кеудесі шым-шым еріп бара жатты.

– Бекбол!

Таныс үнге лезде жалт қараған ол ақ пальтолы қызды бас салып құшақтай алған. Өксігін баса алмай солықтап кеп жылады.

– Неге желең жүрсің? Жүр, үйге кірейік, – деп қолындағы сақырлаған сыра толы «Саванна» пакетін мұның қолына ұстата салды. – Айтпақшы, сен не шегетін едің? Winston бола ма?

– Болады, болады.

Кәмилә өзіне бір бөтелке вино, Бекболға он бөтелке сыра алған екен. Бағана үйден шыққан қызға ұқсамайды. Кәмиләнің жарқын сөйлеп отырғанына қуанғаннан гөрі, танданысы басым. Ал ол сөзін тауысып бітер емес.

– Осы такси болып жүргендерді түсінбеймін! Келіскен бағаңның үстінен тағы пайда көргісі келіп тұратын не әдет? «Қайтарым жоқ», – деп. Джипіне мінсең де сол, қарапайымына мінсең де сол. Дәріханадағығы әпкеге рақмет, сөзге келмей майдалап бере салды.

– ...

– Бек! Мен ертең ауылға қайтамын. Шығарып саласың ғой, иә?

Бекбол «Бек» деген еркелетуін Кәмиләнің аузынан қайта естігеніне жаны бүрлеп кеткен еді.

– Иә. Шығарып саламын!

* * *

Сақырлаған бөтелкелерді тоңазытқышқа бейберекет салды да, Кәмиләнің жинап қойған сөмкелерін сыртқа алып шығып кетті. Екеуі де бір, айдаладағы мола да бір. Ләм деп тіл қатыспады. Автобус жүрерде ғана Кәмилә:

– Маған ештеңе айтқың келмей ме? – деген.

Бекбол айтқысы емес, сұрағысы келді. Бірақ батылы бармады. Тіпті оны ойлағысы келген жоқ. Аузына түскені:

– Жолың болсын! Ауылдағыларға сәлем де! – болды да, қол бұлап қала берді.

Көзі мөлтідеп автобуста біреуі кетті. Көзіндегі мөлдірлігі ызаға айналып вокзалда біреуі қалды.

* * *

Қидырып тастаған шашын сілкіп қайырамын деп Кәмиләға тағы күлкі болған Бекбол автобус қозғала салысымен арзандау пәтер іздеуге кірісті. Кәмилә да, өзі де енді стипендия алмайды. Ай соңында соған сенген дүниелер бар еді және алдағы айға да осы стипендияға жоспарлар бар-тын. Ағасы айтушы еді: «Қолыңа түспеген ақша – сенің ақшаң емес», – деп.

Пәтер жылдам табылды және қызығы, дәл өзі тұратын үйге қарама-қарсы үйдің төртінші қабатынан. Тарлау, әрине. Іші де керемет емес. Бірақ таза. Хабарласып еді, пәтер иесі орыс кемпір:

– Бір айдан кейін босайды, – деді қарлығыңқы дауыспен.

– Қазір келісіп қойсақ болмас па, апа?

– Болады. Бірақ маған балалары жоқ отбасылы адамдар керек.

– Жас отбасымыз! – деп еді, кемпір әзілқой екен:

– Онда тоғыз айдан кейін басқа пәтер іздейсіндер, – дейді. Алдын-ала пәтердің аз көлемде ақшасын төлеп келісімімен, өзі тұрып жатқан пәтер иесіне қара аспанды төндіріп хабарласты. Ертесіне үйді босатып, жігіттердің пәтеріне сегізінші жігіт болып көшіп барған. Артылған ақшаның барлығын орын-орынымен жұмсады. Енді қалғаны Кәмиләға естірту ғана.

* * *

Бекбол тоңазытқыштағы бөтелкелерді күнде біртіндеп босата берді. Қосымша жұмыстар шықса жылдам бітіруге тырысып, кейде түн баласы көз ілмейтін. Ақшасы арзымайды, бірақ. Сонда да істейді. Қолы қышығаннан емес, Кәмиләнің ісін ойлағысы келмегеннен. Сенейін десе, Кәмиләнің арын қимайды, сенбейін десе, ішілген вино, сыра, бұл шекпейтін Winston, екеуге арналған төсек. Кей түндері өз-өзін жұлып жеп қоя жаздайды. Арай ше?

Неге бұл өзгенің ғана күйесін көреді? Оны да ойлағысы келмейді. Кейде «бірінші бастады» деп бақай есепке де кететіні бар. Бірақ ол маңызды ма? Қалай болғанда да ластанған дүние ластанды емес пе?

Осылай иіні салбырап болып жүргенде Арайдан хабарлама түсті: «Менікі кешігіп жатқан сияқты. Кездесейікші».

Осы хабарламаны алған кезде Бекбол өз-өзін тастай салды. Оған дүние біткен мәнсіздікке айналды. Құр сүлдерін ғана сүйретіп Арайдың пәтерінің алдына қалай барғанын сезген жоқ. Ал Арай есікті жымсыя күліп ашты да сарнай жөнелді:

– Бекбол, алдырмаймын деп шештім. Енді менің ішім білінбей тұрғанда ертерек үйленуіміз керек. Өйтпесе, екі жақтан да ұят болады.

– Екі жақтан да? Менен ұят емес пе?

– Сенен несіне ұялам? Қыздық ар-ұятымсыз келгеніме ме?

– Ол да мүмкін.

– Бала бірінші аяқ артқандікі емес.

– Соңғысынікі де емес шығар.

– Айдың 5-10 аралығында келетін. Міне бүгін 15-не ауып барады. Қасқалдақтың қанындай болсын келсеші...

Бекболдың ары қарай тыңдауға шамасы келмеді:

– Жарайды. 18-і күні бірге дәрігерге барып қаралайық.

– Олар алғашқы 4 аптада толық анықтай алмайды.

– Олар анықтай алмайтын дүниені сен астыңа қарап анықтап отырсың ба? – деп Бекбол қалшылдап кетті. – Оның үстіне төрт апта емес, бір жарым ай өтті емес пе?

– Өәә, иә, иә. 18-і күні барайық. Барайық. Бүгін қонып кететін шығарсың. Өнел үйде жоқ. Бір аптаға іссапарға кеткен.

– Жоқ. Үйге барамын. – Бекбол үйден шығып бара жатып: – 18-і күні таңертең дайын отыр, – деп есікті тарс жапты.

* * *

18-і күні таңертең Арай Бекболға қарлығыңқы дауыспен хабарласып, ауруханаға бара алмайтынын ескерткен. Ал ертесі күні Кәмиләдан хабарлама алды. «20 ақпан. Бірінші вокзал. Сағат таңғы 8:00. 9-вагон. 1-орын».

Бүгін 19-нан 20-сына ауысып барады. Бекбол сандалып

көшеде жүр. Жәй жүрген жоқ. Кәмиләнің өзін күтсе, Арайдың «қонағын» күтіп жүр. Бірақ сол екіншісінің келу-келмеуі неғайбыл. Бар істеген күнәсін мойнымен көтеруге бар. Бірақ қайсысын көтерген жеңіл? Үш жылдан кейін көріп, жалғыз рет жанына түнеп, жатырына жан бітірген арғы жағы бұлыңғыр Арайдың ба? Жоқ әлде, жеті жыл жүріп, кеше ғана сеніміне селкеу түсірген Кәмиләның ба?

Таңғы сағат бес жарымдардың кезінде ойы екіге жарылды.

Қолын бұлғап көлік тоқтатты да, ұйқысырап отырған жүргізушіге қарап:

– Шамалған станциясы. Бес мың, – дегенде жүргізуші келісе кетті.

– Таң атпай ол жақта не жоғалттың?

– Жұмыс қой.

– Нан табу оңай емес. Мен өмір бойы автобус айдағанмын...

Ары қарай естіген жоқ. Құлағына құлаққабын киіп, музыканың дауысын барынша шығарды. Әйел грек тілінде ән шырқайды. «Пойыз таңғы сағат сегізде келеді». Өннің қайырмасында қайталанатын сөз осы. Сағат 6:30-да Шамалған станциясына жеткен Бекбол релстің ортасына түсіп алып Алматыға қарай жүре берді. Құлағындағы музыкадан басқа ешбір үн естілмейді. 7:16-да Бекболдың құлағындағы ән тынды. Бірақ дәл осы пойыздың 9 вагонының 1-орынындағы қыз құлағында бұл ән Алматыға жеткенше қайталаанады.

* * *

Таңғы сағат бес жарымдардың кезінде ойы екіге жарылды.

Қолын бұлғап көлік тоқтатты да ұйқысырап отырған жүргізушіге қарап:

– Байтұрсынов пен Құрманғазы көшелерінің қиылысы. Бес жүз, – деді.

Үйінің сыртынан қарап еді, терезесінде жарық жоқ екен. Бетін сипаған сайын алақанын тырнаған сақалын алуға дүкеннен ұстара сатып алып, орынына қайтып келгенде төртінші қабаттың терезесінің жарқырап тұрғанын байқады.

Ортаңғы саусағын бүгінкіреп ақырын қаққан есіктің артынан таныс дауыс естілді:

– Кім бұл?
– Мен, Бекбол.
– Зәремді алдың ғой, – деп Арай үрейлене есікті ашты:
– Қайдан жүрсің?
– Сағынған шығармын...
– «Үф» деші қане.
– Шайынды дайындасаңшы, – деп нығырлай сөйлегенінен Бекболдың сап-сау екенін анық байқаған Арай асханаға жүгіріп кетті.

Бекбол ұзақ жуынды. «Көсе» деген аттан ада қылғаннан артық атағы жоқ сирек сақалын тазалап алып, самай шашына дейін ұстарасын оңды-солды сала берді. Бетін тазалап жуып, қоқыс шелегіне еңкеймей педалін басқан сөтте ұстараны тастай саламын деп ойлаған. Бірақ қоқыс шелегінің аузы ашылғанда не қуанарын, не қайғырарын білмей қалды. Ваннадан теңсетіле шыққан ол асхана есігінің жақтауына сүйеніп тұрып:

– Үйге кім келген? – деп сұрады.
– Кім келгені несі? Өнел іссапардан ертең келеді. Немене қызғана бастадың ба?
– Қызғанып емес, қызыл көрген бұқадай боп тұрғаным бар.
– Бұқадай?.. – қуақылана тағы күліп жақындай бергенде Бекбол Арайдың алқымынан ала түсті:
– Алдағың келсе артыңды тазалап жүріп алдағайсың. Түсіндің бе? – деп итеріп жіберген.
– Бекбол! Кеше ғана келді. Түсінесің бе? Білмеймін қалай болғанын. Шын айтам...

Бекбол сағатына қарады. 7:45. Енді үлгеріп жете алмасын да, үлбіреген жанын жұбата алмасын да сезді. Сезді де сол есіктің жақтауына арқасын тірей отыра кетті.

* * *

– Құрметті жас жұбайлар, мына жерге қол қойыңыздар! Сонымен, Бекбол Рысқұлбек және Кәмилә Нұртай. Сіздерді заңды некелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын! Бақытты болыңыздар! Неке куәліктерін тапсыру рәсімі 25 наурызда өтеді.

– Рақмет сіздерге! Рақмет! – деп Бекбол мен Кәмилә кезек-кезек алғыстарын жаудырып неке сарайынан шығып бара жатты.

Бекбол қалтасынан шылымын алып жатып:

– Жүре бермей, заңды некеге тұрып алғанымыз да дұрыс болды.

– Иә. Той кезінде сабылып кетеміз! Бір іс болса да тындырып қойдық, – деп сұр пиджагінің ішкі қал-таларын ақтарып тұрған Кәмиләның:

– О, мынаны қара, – деген қуанышты үні естілді.

– Бұл не?

– Есінде ме, алдында емтихан кезінде қызыл пиджагімді киіп, сұр пиджактың қалтасында шпоргалкаларым қалып кетіп еді ғой.

– Иә.

– Тү-у. Сол емтихан күні осы сұрды киюім керек еді. Жалғыз сол сабағым ғана төрт болып, жоғары стипендияға іліге алмай қалып ем. Шпоргалкам болғанда... – деп Кәмилә стипендия үстінен қосылатын оншақты мыңды ойлап кетті.

* * *

Кәмиләні ақпанның 20-ы күні таңертеңгі пойыздан күтіп алуға кетіп бара жатып өзінің дәл осы жерде жылағанын есіне алып, езу тартты. Қызғаныш деген қиын ғой.

Бекбол Кәмиләні үйге әкеліп тастады да, жыдам жұмысқа кетіп, кештеу оралған. Кешкі асты екеуі ұзақ ішті. Түн ортасы ауа сыбырласып қана сөйлесіп жатып Кәмилә:

– Бек, – деп бастады.

– Ау?

– Алдында емтиханнан шыққан күні, сен көшеде жылап тұрдың ғой.

– Есімде жоқ...

– Тү-у!.. Негізі сенің тапсырып шыққаның дұрыс болды. Тек... Мен өзімді қорғансыз сезіндім. Анау ректораттағы дәуқарының күлкісі батып кетті. Сенен басқа сүйенетін адамымның болмағанына, өзіме жыным келді.

– Сол үшін ұрыстық па?

– Білмеймін. Қуанышымды да, қайғымды да көтеретін сенсің ғой. Басқа кімім бар? Мүмкін, менің барлық жағыма сен жетпейтін шығарсың. Қай жағыма шығыса бересің? Онсызда сені кейде көп мазалап қоямын. Мүмкін, содан ашуға берілермін. Қалай болғанда да сен менің тағдырым секілдісің.

– Тағдыр деген жәй ғана өмір емес пе? – деп Бекбол темекісін алып балконға беттеді.

Кәмилә өзі жоқта Бекбол көшіп алған пәтерде бірінші рет жастыққа басы тиді. Жігітінің қойнына кіріп алған. Бекбол қыздың шаштарын саусақтарымен тарағыштап, ауық-ауық иіскеп қояды.

– Үй шынымен жақсы екен. Таза. Жайлы.

– Табыла кетті, әйтеуір.

– Дәл қарсыдағы балкон біз тұрған үйдің балконы ғой, ө?

– Иә.

– Кім тұрып жатыр екен қазір?

– Білмеймін. Сатамыз дегендей қылды ғой пәтер иесі.

– А-а-а.

– Үйдегілермен сөйлестім. «Ертерек той қамына кірісе берейік» дейді.

– Біздікілер де, – деді Кәмилә жігіт құшағынан босанып жатып. – Жеті жылда не өзгермеді. Мен кеттім. Сен келдің. Сен кеттің, мен күттім. Адамдарды бір-біріне сонша матап тастаған тағдыр деген осы ма сонда?!

– Тағдыр – таңдау ғой. Алдымызда мың-миллион жолдар бар. Тіпті, біздің санамызда күнделікті қанша таңдау туындайды – сызылған сонша жолымыз бар секілді. Олардың бір-бірімен қиылысуы қажет емес. Квант секілді. Бір сәтте бірнеше жерде бола алады.

– Түсінікті тілге аударасың ба?

– Мысалы, менің Құдай жазған жастайымнан спортқа бейім тағдырым болуы мүмкін. Бірақ мен оны таңдаған жоқпын. Мүмкін, Құдай жазған тағдырымның кейбір тармақтарында мен мүлде басқа адам шығармын. Тіпті, менің қасымда сен емес, басқа қыз шығар.

– Сонда Тәңір бізді бір-біріміз үшін ғана жаратпаған ба?

– Арғы жаққа тереңдеу мен үшін ауырлау болады, Ками! Кванттық физика мен адам тағдыры турасында жеткен жетістіктерім әзірше осы ғана, – деп Бекбол терезе алдындағы шылымын алып балконға шыққанда қарама-қарсы бұрын өзі тұрған үйдің балконынан да өзінің шығып келе жатқанын аңдап, тосылып қалған. Бірақ қайта анықтап қараған кезде балконда жайылып тұрған киімдерден басқа ештеңе таппады. Санасы тұманданып, дежавю туралы ойлап тұр.

АҚТАҢДАҚТЫ ҚАРА ҚЫЗ

- Алты қызыл, бір тал ақ роза ораңызшы.
- Үйден ұзап шықпағаныңызға жеті жыл болды ма?
- Жақындай алмай жүргеніме...
- ...
- Қағазбен орасаңыз...
- Сізден 3500.

Пиджагінің сол жақ ішкі қалтасын қолапайсыздау қарманып, мыртық саусақтарымен ақшасын санай бастады. Артығын қайтармайтындай етіп беруге бес жүздік іздеп еді, қай қалтасының қуысына түсіп кеткенін, таба алмады. Дүниеде қайтарым ақшасын күткеннен артық жек көрері жоқ. «Қалдыра салса қайтеді екен?» – деп табалап тұрғандай. Қалдыратын жерінде қолын созып көрген емен, тек бүгін қалтасы жұқа. Гүл сатушы ізденіп біткенше ертерек шығуға ыңғайланып гүлін қолына ұстап алғанын қайтейін, ақшаны алу үшін сол қолының да бос емес екені есіне түскенде іштегі от бетке шапшыды. Букетті ұстаған қолының саусақтарын шошайтып, ақшаны қыстырып алды да шығып кетті. Дүңгіршек ішінен қарқылдаған қыздың күлкісі естілген. Арқасын тұзды суға салынған жас шыбықпен осып жіберген мына күлкі не деген жиіркенішті еді. Дүние біткеннің барлығы бүгінде тапал бойлы, бұты қысқа өзінің түптің-түбі таз болатынын біліп қойып, мазақ етіп тұрғандай. Кеңсірігі қаңбақ ұшқан даладай кеуіп тұрса да шылым тартқысы келді. Тек, мына дүңгіршектен алыс, көрінбес жерде.

Сол қолындағы қорап пен оң қолындағы орамын орындыққа қойып, темекісін тұтатқанда күн де шылымның шоғындай қызарып, көкжиекке бауырын сипатып, иіген желіндей балбырап бара жатты. Картон қораптың ішінде шкатула мен сурет альбомы бар. Сырты қара, ешбір суреті де, жазуы да жоқ альбом оған ұнауы керек. Қызылды-жасылды ойнақшыған түстер оның көңіліне қуаныш сыйлаған емес. Альбом үш негізгі бөліктен тұратын екеуінің жеті жылдық өмірі. Ауыл. Алматы. Астана.

Алғашқы бетінен бастап суреттер сөйлей жөнеледі.

Бір топ оқушы топырлап сыныпқа кіріп келгенде

көзінің қарауылына іліккені сол еді. Мойылдай қара кекілі қасын жасырып, көздерінің үстінен төніп тұр. Тіпті, кірпіктері қағылған сайын кекілдің майда ұштарымен жең жаағастырып қайтатын секілді. Дөңгелек жүзді қараторы қыздың беті өртке оранғандай қып-қызыл. Қобалжып тұрғаны болар. Әйтсе де, қараторының қызыл шырай алғаны қызық екен. Мүсіні шокаладтан құйылған қыздың үстінде ақ көйлек. Тізеге жетпей тоқтаған қара юбканың жиегі балтыр сұлулығының астын сызып тұрғандай. Қара түстің жарық жұту қабілеті өтірік-ау. Аяқкиімінің басы бірігіп, аралары әнтек ашылған қос балтыр терезеден түскен жарықпен шағылысып тұрған секілді. Иегі оң жақ иығына құлай салуға икемделіп тұратын томпақ қара қыз дәл мұның отырған партасының артындағы партаға жайғасты. Кейін байқаған. Оң жақ мойнында ақтандағы бар екен.

Бұл топырлаған қыз-жігіт көрші ауылдың тоғыз сыныптық мектебінен келген оқушылар болатын. Алматыға дейін екі жыл бар.

Қаладағы суреттерде Қара қыздың маңдайы ашылған, алғашқы суреттерден-ақ бойжеткен қыз қадалып қарайды. Бірақ көзінде бәрібір еркелік басым. Жұқалтаң бояу байқалады. Өрбір курс сайынғы шаш үлгісі әртүрлі. Қысқарған, ұзарған, буылған, түйілген. Тек, бұл суреттерде Қара қыздың саусақтары жасырынып қала береді. Ақтандақ күйзеліске көп түскен сайын көбейе түседі екен. Студенттік жылдардағы жігіттің жындылығының табы да.

Көз алдына Қара қыздың келін болып, ата-ана, туған-туыстарына шөй құйып отырғаны елестеді. Сыпсың ауыз, сумандаған абысындар оның саусақтарына сұқтанбай қоймайды...

Басын шайқап, көз алдына келе беретін осы бір елесті қууға тырысты. Шылымы өз өзін шегіп болған екен. Қайта біреуін тұтатты.

Осы бір қорқынышты елестерден арылу үшін кейде ұзақ түн Қара қыздың ақтандақтарын түгендеумен болады. Барынша жанарына сіңдіріп, әрбірін әртүрлі нәрселерге ұқсатады. Өрбір рет ренжісіп, қайта табысқан сайын жаңа біреуі пайда болып қалмады ма деп ұрланып қарайды. Бірақ араларында қанша кикілжің, реніш болса да: «Қара қыз күйзеледі-ау» деп қараған емес. Ол: «Жаның

ауырмайды!» – дейді. Бұл бар ойын айтуға қауқарсыз.

Бүгін көшеден 1 қыркүйек күнінің ауаны сезілген жоқ. Қатардағы күнтізбеден жұлып тастай салатын күндердің бірі дерсің. Бірақ, бұл үшін, түптеп келгенде Қара қыз үшін жәй күн емес. Өмірлеріндегі, әсіресе, жақсы көретін адамымен өткен әрбір күндеріне ескерткіш қоюға даяр тұратын қыздардың қашаннан әдеті емес пе?! Қолына сыйлығы мен оралған гүлін ұстап орнынан көтеріле бере, кілт тоқтады. Қараңғылықпен астасып қарақошқыл тартқан роза гүлдерінің арасындағы жалғыз ақ гүл қар басқан даладай жанарын қарып өткен-ді.

«Ауыстыру керек. Бәрін қып-қызыл етіп сыйлау керек». Ойына келгені осы болды. Тек әлгіндегі дүңгіршектен емес. Алтаудың ортасындағы жалғызды суырып алып, ағаштың түбіне еппен қадады да, басқа дүңгіршектен қызыл розаның бір талын сатып алып, қайта оратты.

Қолында жеті тал гүл болғанымен, үш жылдан кейінгі сыйлап тұрған гүлі осы екен. Жаңа ғашық болғандай қобалжып келеді. Таныс иіс шыққан сияқты. Жақындап қалған қыз қасынан өтіп кеткенше қайта-қайта қомағайлана демалумен болды да: «Аффлекшн!» – деді. Қара қыздың сыныпқа алып келген ең алғашқы иісі осы болатын. Ол тұра қалып сыртына байқатпай өзін иіскеді. «Жұрттың иісін біз сеземіз. Олар біздікін сезсе...». Біреу аңдып тұрғандай қуыстанып, қайта аяңдады.

Осы ауданға көшіп келгеніне көп болған жоқ. Бір-біріне қарама-қарсы орналасқан үйдің батыс жағындағысында тұрады. Екеуі де ескі үй. Бір кездері әппақ болған. Қазір біраз жерінің ағы түсіп, жалаңаш бетон қабырғалары арсыып көрінеді. Қара қыз екеуі асханаларында шәй ішіп отырғанда:

- Мына үй маған ұқсайды екен, – деп еді.
- Неге?
- Сыртқы келбетін айтам.
- Ә-ә.

Бірақ ұқсастық ұзаққа созылған жоқ. Енді бұл үй де онымен ұқсаудан іргесін аулақ салғандай, сыртын боятып жатыр. Ақ түске бояса мейлі ғой. Қызылды-жасылды бірдеңе. Осы көшіп келген аз уақыт ішінде жанының жақын бөлшегіне айналып келе жатыр еді. Балконға шығып шылым тартқан сайын ағы түсіп, бетон арсыған жерлерінің таптарын Қара қыздың ақтандақтарына ұқсата-

тын. Енді ол да жоқ! Аулаға кіре бере байқады, қарсыдағы үй боялып бітіпті. Ақ түсті бояуын аққала салуға сақтаған баладай үйдің сыртын күлгін түспен баттастыра салыпты. Кеудесі қобыздың көнегіндей ісініп кеткенде, қобыз көрмеген біреу ысып-ысып жібергендей көмейінен көріксіз дыбыс шықты. Ішегінен дөп басам деп қызыл кеңірдегінен тас қып ұстап қылқындырып барады. Қобыз еңсесіне мініп ап, осы бір қарғыс атқыр күйді ойнағысы келген пәленің саусағы қайнаған қорғасынға матырылсын.

Өзі тапал жігіттің кеңірдегінен алған ойлары иығын бұлақ басынан қайтқан қыздың иін ағашындай иілтті. Иін ағаштың екі басында су емес, қорғасын дерсің. Батысты тырнап қанға бояған жалғыз саусақты жезтырнақ іңірдің тырнағының табы көрінді аспанда. Бұл кербездің он төртке толуына он күн бар. Қара қыздың оң мойнындағы ақтандақ түңгі судың бетіне түскен сол айдың он төрті секілді. Ал он төрт айдың дер шағы. Оның ең сезімтал тұсы да сол. Неге осы жігіт пен қыз бір-біріне қарсы келгенде еріндер бір-бірімен мойынның оң иыққа құлауы арқылы қауышады екен? Осылай көп қыздың оң жақ мойны өлең жазылмаған ақынның қойын дәптерінің ақ парағындай болып қала береді.

Гүл ұстаған жігіт үйге кіргенде үстел үстінде шырағдан тұрған. Үстел жанында жігіттің осы сәтке дейінгі ауыр ойларын көзіндегі күлкісімен тас-талқан етіп Қара қыз бұған қарай қозғалды. Алғашында ол өзінің осы уақытқа дейінгі ойлаған ойларының көшінен қалып, ескі жұртта жер бауырлап жатқандай абдырап қалды. Шаршағанына қарамай бойы жеңілдеп сала берген.

– Ал, мейрам құтты болсын!

– Құтты болсын! Құтты болсын!

– Жеті жыл шыдаған мен де – ер.

– Сонда мына гүл маған ба, өзіңе ме? – деді гүлді сала-тын вазаға су толтырып жатып.

– Сенімен өткен әрбір жылымның қазасына.

– Онда маған он төрт гүл керек екен де!

Гүлді суға салып келіп, әдетінше жігіттің мойнына ора-ла кетті.

– Әдемі болып кетіпін бе?

– Қап-қарасың ғой.

– Сері ағымен жүріп, қарасына тоқтамас па?

– Байланбас па деңіз.

– Сірә, сені байлап ұстарсың. Тар тұсауынды кеңіткен сайын жақын жайылып жүрген өзің емес пе?

– Е-е-е, өзгенің өрісінде түн қатып отпаған жылқының жаясы қалың болады.

– Өңгімені сауырыңа жиған жаяға тартпай, жусансыз жайлауды жерсіне алмаймын десеңші одан да.

– Жат жерге жалымды төсетпес қайыс болса бір сәрі, қыл арқан құрықты қайтем мойындағы?

– Ол не құрық?

– Мына құрықты айтам да, – деп жігіт мойнындағы қыздың білегімен өзін барынша қылқындыра түсті.

– Тамағыңды әкел.

Екеуі де ас ішіп қарық қылмады. Қыз әр сыйлықты аударып төңкеріп сұраумен, жігіт түсіндірумен болды. Екеуі диванға қатар отырып альбомды ашып ескі суреттерін ақтарғанда жігіттің көзі альбомның әр бетін ашып отырған қыздың саусақтарында еді. Қазір Қара қыз қолдарын жасырмайды.

Әулеттің жеңгелерін ойлады. Бірақ бұрынғыдай қорқыныш болған жоқ. Жарыққа ұзақ қарап, көзінді жұмғанда көз алдында ескі кадрдағы суреттердей қалып кететін бейне секілді ақтаңдақтар теңбіл атқан жоқ.

– Қарсыдағы үйді көрдің бе?

– Иә. Талғамсыз қыздың шашының түсіндей қылыпты ғой.

– Ол енді саған ұқсамайды.

– Аспанда ай бар емес пе.

– Оның да бетін адам таптады...

– Бірақ жүзіндегі қара теңбілдер сол қалпы. Сұлулығы сонда.

– Жезөкшеге арналған жыр да әлемдік поэзияның жауһары болып қалғаны секілді.

– Әдебиетте жезөкшелер болмайды-ау.

– Неге?

– Пушкин Аннаны жезөкше ретінде сүйген жоқ қой немесе біз неге Томпышты қорғағымыз келеді?

– Мүмкін.

Балконға шығарылған көрпе-төсек мұздап қапты. Екеуі екі көрпеге оранып, жылытып алғанша біраз жатты. Көрпеден мойындары ғана қылтияды.

– Сен мен туралы жазасың ба?

– Жазам!

– Қалай?

– Қоштасу мен сағыну жайлы сөздерден шаршаған шығармыз...

– Өмірлерінде болған, тіпті болмаса болатын оқиғаларға өнер тұрғысынан қарайтын қатігездіктерінді қашан қоясындар?

– Мысалы?

– Мысалы, мен өлсем сен қайғырасың ба?

– Сен де сұрадың...

– Жарайды. Бірақ қанша қан жұтып тұрсаң да, сенің жазушы деген екінші жартың миыңның бір қыртысында сол қиналғаныңды бейсаналы түрде қағазға түсіріп жатады ғой.

– Өбден мүмкін.

– Сүйген қызбен қоштасып тұрып та онымен қоштасуды емес, сол қоштасудан кейінгі жазылар дүниені ойлап тұрады.

– Мүмкін, қалам ұстағандардың көбі бақытсыз келетіні сондықтан шығар.

– Шын беріліп қуанып, шын беріліп қоштаса алмайды олар. Эгоизм!

– Бұл аурудан сен ада секілдісің?

– Білмеймін. Менің бұл қауіпті аурумен жалғыз ауырғым келмегеннен болар саған жамап жатқаным.

Ашық тұрған балконның есігінен жеңіл самал еседі. Бөлмеде дымқыл тыныштық бар. Жігіт қыздың қобыраған қалың шашын тарап қайырып, маңдайынан иіскеді. Төмен жылжыған ернінің сызықтары қыз ернінің сызықтарымен перпендикуляр қиылыса жеңіл сүйді де, орнынан тұрып кетті. Сіріңкенің шағылған дыбысынан соң, балконнан түтін көтерілген. Қарсы беттегі үйге қарағысы келмей, балкон жиегіне арқасын тіреп тұрып:

– Әйгерім? – деді.

– Ау?

– Екеуіміздің бүгінгі әңгімеміз театрдағы диалогқа ұқсап кетті, байқайсың ба?

– Тым пәлсапашыл боп кеттік-ау. Ұйықтайық.

– Иә. Жақсы ұйықта!

– Сен де!

Жігіттің балконнан кірген соң да біразға дейін көзі жылтырап жатты. Қай жағымен жатса да тастың үстінде жатқандай дөңбекши берді. Жазсам ба деп бір оқталған.

Бірақ, бүгін түнде қатырмасын білді. Негізінен, еріншектігі осы мәмілеге сендірген еді. Кірпіктері ілініп бара жатты.

Ауылда жүр екен. Тойдан кейін сырттағы үстелдерді жиыстырып жатыр. Бір үстелде туыстары жиналып алған. Өйгерім шәй құйып отыр. «Е-е, тәтті шәй екен», – дейді. Бәрі көңілді. Тек Өйгерім мүлдем басқа. Анықтап қанша қарайды. Өзі. Бірақ, бір нәрсе жетіспейтін секілді. Апай-топай, түс қойыртпақтанып Қара қызды құшақтап тұр екен. Оң жақ мойнынан иіскеп тұрып, оның бойынан жеңіл тоқ соққандай болып өтер дірілді сезе алмады. Көзін ашып еді, оң мойнындағы он төртінші айдың судағы бейнесіндей ақтаңдақты таба алмады. Қолдарына жармасып еді, онда да жым-жылас. Өзінің құшақтап тұрғаны басқа қыз секілденіп, сілкініп барып оянып кетті. Жалма-жан Өйгерімнің көрпесін жұлып ап, көзіне таныстың бәрін түгендей бастаған. Орнында екен. Бауырына тарта құшақтап, ұзақ иіскеді.

– Не болды?

– Сенен топырақтың иісі шығады.

– Қандай топырақ?

– Өзіміздің ауылдың топырағы да.

– ...

– Өйгерім?

– Ау?

– Көшейікші.

– Неге?

– Қарсы үйдің кеспірі қашты!

– Біз бағанадан бері не айттық?

– ...

– Айтпақшы, терезеден үнемі қарсы үйге қараймыз, біздің үйді боямап па?

– Білмеймін.

Қара қыз ұйқыдан ояна салып сөйлегеніне ұялып, аузын көлегейлеп теріс айналды. Бәрібір оның аузынан шыққан жұпар ауаға тарап кеткен болатын. Сол жұпардың сынықтарын мұрнымен іздеп жүріп қомағайлана тыныстап жігіт жатты.

МАНТУ

Дүниеде қолына инесін ұстап тұрған ақ халатты дәрігерден асқан қорқынышты адам болар ма?! Әрине, бар шығар. Бұл тек Ернардың ойы ғой. Шприц пен ине көрсе жан-дәрмені қалмай, тіпті, өзге біреуге салып жатса да жүзін бұрып әкететін. Бұл қорқыныштың қай қорқыныш екені өзіне де түсініксіз. Ине дегенді көп те салдырған емес. Есінде қалғаны екеу ғана. Бірінші және екінші сыныптарда мектепке келіп арнайы салған. Биыл сол көктемгі уақыт жақындап қалды. Іштей қатты үрейленіп жүр. Сабаққа келмей-ақ қояйын десе, дәрігерлердің дәл қай күні сап ете қалатыны белгісіз. Екі жылда да мектептегі мантидан қашып кетіп, бүкіл мұғалімдер құалап ұстап, құлын даусын шырқыратып салдырған еді.

Сыныптағы Әселдің алдында әрқашан өзін өр, биік, асқақ ұстайтын Ернар ақ халатты келіншекті көргенде ұстамынан айрылып қалатын. Өншейінде, көшеде жүріп, мал бағып жүріп сыртынан Әселдің қарап тұрғанын елестетіп, өзін биік ұстауға тырысатын және сондай болып жүргенін Әселдің шынымен көргенін қалаушы еді. Ең жек көретін жұмысы қора тазалап жатып та ересектерше қимылдап, қораның қоршауынан Әселдің сығалап қарап тұрғанын, мұның үлкендерше маңдайының терін сүртетінін, күректі екі қолға қатар түкіріп барып қолына алатынын көргенін қалайды. Қорадан шыққан қорданы көше жаққа төгетін. Сол әрбір рет көшеге шыққан сайын демалған болып дарбазаның алдында тәшкісін төңкеріп қойып ұзақ-ұзақ отырушы еді. Үміт қой. Әселдің өзіне қарап тұрғанын ине салған кезде ғана ойынан күштеп шығарады. Жоқ. Күштеп шығармайды, өзімен-өзі зым-зия жоғалып кетеді. Сол ине ұстаған дәрігердің кесірінен Әсел біраз уақыт мұның үстінен күліп жүретін. Тіпті, сыныпта жігіттермен ерегесіп қалғанда да біраз уақыт төменшіктеп қала береді.

Үшінші сыныпта да дәл сол жағдай қайталанды. Бұл жолы тіпті сорақы болған еді. Мектептегі мұғалімдер есік алдын күзетіп жүр. Барлығы Ернарға қарап күле береді.

Екі жылғы көрсеткен қызығы таусылып бітер емес. Есік алдындағы кезек аяқтала бергенде Ернар шегіншектеп барып, қаша жөнелді.

- Кетті, кетті!
- Ұстандар!
- Есіктен шығармаңдар!

Далаға ұмтылудан қайран жоқ. Ашық тұрған сыныптардың біріне ентігіп кірді де, есіктің екі жақтауына аяғын тіреп, тұтқасынан шірене тартып тұрды. Үлкен мұғалімдердің салмағы қойсын ба, бір-ақ рет жұлқығанда тұтқадан қолы тайып кетіп, сылқ етіп еденге құлаған. Жалма-жан атып тұрып, парталарды айналып қашып жүр. Сынып жетекшісі Гүлмира апай, дене шынықтырудан беретін Жақсылық ағай екі жақтан тықсырып, бұрышқа тақап келеді. Ернар партаның үстіне шығып алып, есікке ұмтыла бергенде Гүлмира апай ұстаймын деп оңбай құлады. Көзілдірігінің құл-паршасы шыққан. Тағы да сол екі мұғалім екі жағынан тартып тұрып, өзер дегенде салдырды. Сонымен, бұл жылғы қызық нәтижесінде бір орындық, Гүлмира апайдың көзілдірігі мен ең сорақысы, қолы сынды. Құдайдың қалауымен, кең пішілген кісі еді, сынықшылар білек сүйегін өзер тауып салыпты деген хабар жүрді ауылда.

Дегенмен, қайғылы, тіпті ұятты басталған бұл оқиға он шақты күннен кейін өзгеше өріс алды. Тіпті, Ернардың қуанышына да айналды десек болады. Баяғы құбыжық дәрігерлер салынған мантиды тексеру үшін тағы келді. Қолдарында ине емес, сызғыш қана. Ине кірген жер мен айналасының ісуін өлшеп, екі жарым сантиметрден асқанын журналдарына жазып алып жатты. Ернардыкі екі сантиметр 8 миллиметр шығып, тізімге енді. Өселдің білегіндегі ине егілген жер де қалың тонның түймесіндей ісініп кеткен екен, үш сантиметр бір-ақ шықты. «Ертең автобуспен үйлеріңнен алып кетеді», – деп мантиуы ісінгендер тізімінің ішінде Өселмен бірге аталғанына қуанышы қойнына сыймай Ернар үйге қайтқан еді. Бірақ сол жерде-ақ онда ине салмайтынын анықтап сұрап алған. Тек саусақ ұшынан қан алады екен. Сосын, қасында айтуға ұялар тағы бір-екі нәрсе бар.

Үйге келіп, апасымен түскі шәй ішіп отырып үлкендерше: «Ертең аудан орталығына барып қайтуым керек боп тұр», – деп қолындағы кесені шиіріп жіберді.

- Ойбай, денің сау ма? Не үшін?
- Мантуың іскен дейді.
- Ой, сорлығар-ай! Түспе дедім суға, түспе дедім.

Құдай-ай! Жол қаржыны қайдан тауып берем енді саған?

Ернардың жоспарларында мұндай жағдай қарастырылмаған еді. Не істерін білмей қипақтап қалды. Телефон тұтқасына жармасып, апасы әркімнен ақша сұрады. Табылды. Көшенің басында тұратын Қымқаш апаның пенсиясынан тыққан 200 теңгесі бар екен. Соны алып беретін болды. Жол ақысы 50 теңге. Бару-қайту 100 теңге болады. Ернардың әлі қолына тиіп үлгермеген 100 теңге қазірден-ақ ішін қыз-қыз қайнатты. Дүниені сатып алардай ісіп-кеуіп, не алатынын ойлап жатып ұйықтап кеткен. Таңертең апасы оятып шөйін берді де, Қымқаш апаның үйіне барып ақшаны алып, жолда автобусты күтіп тұратынын айтып, шығып кетті. Бірінші рет жалғыз жолға шығып бара жатқан Ернар дарбаза алдына келіп тоқтаған автобуска қопандап кіріп, шаршаңқы жүзбен Әседің қасына сылақ етіп отыра кетті.

Ішкі ұялысын жасырып, ернінің ұшымен ғана күбір етіп амандасты. Өзін не деген кербес ұстайды? Бұл қыз деген бөле өз бетінің жылытыры барын жасынан-ақ сезеді екен ғой. Автобусты басына көшіріп ұлдармен төбелесіп жүрген өзге қыздарға қасын көтере бір қарап отыра берген. Бір қызығы сол ұлдармен ашық-жарқын ойнап, арыққа бірге шомылып жүрген қыздарға ешбір жігіттің көзі түспейтін. Оларға ешкім хат жазбады. Қипақтап, ананы-мынаны сылтауратып, үйі жақын болса да сабақтан бірге қайтпайтын. Өзін асқақ ұстайтын Әселге қызығатын барлығы. Ал сыныпта Ерекеңнен асып тұрған ешкім жоқ. Үйлері көрші ұлдардың өзі Әселмен үйіне дейін бірге баруға бата алмайтын. Өйткені, Ернардың аларған көзі бар және жұдырығы да өзгеге қарағанда екі елі жуандау.

Бірақ бүгінгі күн басқа. Ерекеңнің дәрігерлер келгендегі қызығы естен, ұяты бетінен кете қоймаған. Көшенің ортасынан отырған Нұрғанат Әседің жанында Ернардың отырғанын көрді де байқамағансып қолымен Ернарды түртіп кетті. Ерекең іштей масаттанып, иығын қомдай бергенде қолындағы әл-Фарабидің суреті бар қызыл қағазды жалпыдатып апасы автобусты тоқтатып тұр екен. Бұл есінен шығып кетіпті. Құдай ұрды деген осы

да. Жүргізуші есікті аша салысымен апасы еңтігіп:

– Әй, шопыр бала! Айдармысың? Ә, айналайын! Мынаны ал. 100 теңгесін қайтарып бер, – деді де, Ернарға бұрылып: Ағаңнан 100 теңге аласың. Жүз теңгеге 10 пирожки келеді. Не 5 балмұздақ келеді. Түсіндің бе? Ана жаққа барған соң елп-елп етіп әр жаққа жүгіре берме. Тыныш жүр. Автобустан алыс кетпе. Айдаржан, ініңе қарап жүр, – деп бүкіл сыныптастары алдында ұзын-сонар ережелер айтып, соңында автобустың жүргізушісіне тапсырып барып кері шегінді. Есік жабылып, автобус қозғалған сәтте арқасынан 24 найзаның қадалып тұрғанын сезген. Ішіндегі екеуі тіпті қатты батып барады. Ал тағы екеуі мазақ етіп, қадалған найзалардың сабын түртіп қимылдатып, одан сайын жанын шырқыратып жүр. Қатты қадалған екеуі Өселдің екі көзі. Мазақ еткені дәу де болса Нұрғанаттікі болса керек. Амалы таусылып, кері бұрылғанда Нұрғанаттың Өселдің қасына ауысып алғанын көрді. Осы бір иттің баласын дәл осылай қашан жеккөрді екен?! Иттің емес, саудагердің баласы. Үйіне қонақ келіп, апасы қантқа жұмсағанда: «Сенің апаңның қарызы көп», – деп кеудеге итергенде де мұнша қорлығы өтпеп еді-ау.

Артқы орындықтардың біріне барып отырды да, алдағы екеудің желкелерінің шұқырына тесіле қараумен болды. Өсел де мұның әдейі жынына тигісі келгендей Нұрғанаттың әңгімесін құптап, басын изеп, арасында езу тартып жымылып та қояды. «Өттең! Нашар оқитын оқушы болғанымда ғой», – деп өкінді Ернар. Өйткені, жақсы оқитын оқушының жанына нашар оқитын оқушыны отырғызатын еді сыныпта. Екеуінің әңгімесінің жараса кеткені де сол – бірге отырады. Бірақ кеуденің іскені – іскен, жүректің жанғаны – жанған. Жаздық ашық аяқкиім киіп шыққан еді, бір заматта башбайына су тамғанын сезді. Жұдырығы жүз теңгелік тиынды қысқан күйі қалып, алақаны терлеп кеткен екен. Содан су емес, тер тамшылап тұр. Алақанын шалбарының балағына үйкеп, тиынын қалтасына салды. Алдағы екеуіне қарап еді, ит саудагердің баласы қалтасынан 2000 теңгелік шығарып мақтанып отыр екен. 100 балмұздақ...

Тағы ине салмайтындары рас болып шықты. Қолдарына ұстап келген пакеттерін дәрігерлер біртіндеп аты жөндерін жазып жүріп жинап алды. Саусақ басынан

қан алдыруға кезек күтіп тұрып, Өселге:

– Балмұздақ жейсің бе? – дегенін байқамай да қалған еді, анау да сап етіп:

– Жоқ. Өзіңе төрт-ақ балмұздақ қалады ғой онда, – деп жанындағы жұртты ду еткізді. Күлкінің ду ете қалатыны болады. Беттің де ду ете қалатын кездері бар. Жұрттікі біріншісі, Ернардыкі екінші күй. Күлкі басыла бере тілі ащы Майра:

– Бізге Нұрғанат әпереді. 100 балмұздақ жалғыз өзіне көп болар, – деп мұның апасының тиынды балмұздақпен өлшегенін тағы да бетіне басып бір өтті. Ернар аһ ұра ішінен:

– Апа-ау! Базардың нарқын өзім де білетін едім ғой, – деп теріс бұрылған.

Қалтасындағы қарғыс атқыр тиын қара санын қанша қарып бара жатса да осы бір тиынды жаратпауға бел байлады. Жұрт құсап дүкенге жүгірмей, шарасыз қалыпқа түскенде өзін үлкендерше, биік ұстай қалатын әдетіне басып, миығынан мырс етті.

Бағытын ауылға бұрып, аудандық аурухана алдынан қозғаларда автобұсқа барлығының ұрты томпаңдап кірген. Ернар ғана ұртынан бөлінген сөлді кері жұтып міз бақпай отырды. Барлық қыз Нұрғанатты қолқалап келеді. Өсел де дауысын көтермелеп:

– Нұрғанат жігіт қой. Қалтасында 100 балмұздақ келетін ақшасы бар, – деп қостап қояды.

– Қазір, маманның зат алатын дүкеніне тоқтайық, – деп Нұрғанат көсіліп отыр.

Орталықтағы үлкен дүкеннің алдына автобус келіп тоқтады да, маңғаз басып Нұрғанат түсіп кетті. Өзгелердің барлығы балмұздақ көтеріп келе жатқан оны көру үшін терезеге телміргенде, Ернар ғана үлкендерше орындыққа мығымдала түсіп ұйықтап жатқан кейіп танытқан. «Қазір маған да алып келетін болса, жемеймін», – дейді ойында. Бірақ Нұрғанат дүкеннен басы салбырап бос шықты. Үнсіз орнына келіп жайғаса бергенде, дүкенші де артынан автобус табалдырығына келіп тұрып:

– Мамаңа айтып бар. Алдыңғы алып кеткен заттың қарызын әкелмей ештеме бермеймін. Жаңағы сенің ақшанды сол қарызына жатыстырдым.

– Ауылдағы қарызды пенсия келген соң жинап берем деді ғой...

– Онда пенсия түскенде келсін. Қала ауылдың пенсиясымен санаспайды. Өзім де затқа барайын деп отырмын. Сөйтіп сәлем айт мамаңа.

Ұйықтағансып жатқан Ернар тілі ащы Майраның отырған тұсына қарай құлағын қаттырақ түрді. Бірақ Майраның өзі сияқты сап-сары шыңылтыр дауысы шыққан жоқ. Ешкім де Нұрғанатты келеке қылып, мазаққа айналдырмады. 100 балмұздақ келетін ақшасын да айтпады.

Барлығы үнсіз ғана Нұрғанаттың шешесінің қолындағы қарыз дәптерді ойлаған еді.

Ал ауылда дүкен біреу-ақ.

ҚАЗАН ТҮЙНЕКТЕР

(АҚЫН)

2012 жыл. Жатақхана.

Ақын боламын деп ойламаған. Арманы ақындық емес, «әкімдікке» көбірек ауатын. Бірақ сөз құрастырары, құрастырған сөзін ерекше оқу мәнері бар. Сол үшін филология факультетінде ерте танылды. Өзге ақындардай қағаз бетінен емес, сахнадан танылған. Нашар өлеңін жақсы оқып жүріп тіпті бірді-екілі мүшәйрадан орын алды. Ол жеңістен рахат сезінген емес бірақ. Өз-өзіне тұшынбаушы еді. Сахнада қолын сермеп өлең оқуын, кештерді жүргізуін – мансап жолындағы баспалдақтай көретін. Жалпы алғанда Айтжанның бойында танымалдыққа деген орасан зор ынтызарлық бар еді.

Мұнымен қатар ақын түскен ақындар аз болды. Жыл сайын лек-легімен түсетін қаламгерлердің саябырсығанына 2 жылдан асып кеткен. Соңғы лек Айтжан бірінші курсқа түскенде төртіншіде оқитын. Бұлар оқуға түсіп, жатақханадағы өмірлері басталған шақта үшке бөлінді. Бірінші топтағыларды «қиялилар» деп атайтын. Ақындар мен жазушылар, әншілер мен сазгерлер бар еді бұл топта. Отырыстары сырамен, әңгімелері қошқыл түгіндермен жүріп жатады. Екінші топтағыларды діндарлар деп таниды. Олар жиналып алып уағыз тындап, топтасып намаз оқып жататын. Үшінші топ – әзілкештердің тобы болды. Айтжан бұл үш топты да ұнатпайтын. Бірақ танымал болуға мүмкіндігі жоғары үшінші топпен көбірек жүруге тырысушы еді. Алматыдағы алғашқы жылы осылай өте берді. Бірақ жарытып ештеңе тындырмады. Бар бітіргені – сабағынан қалмаған.

Жыл соңына қарай жатақханадағы «қиялилардың» тобының гу-гу отырыстары көбеген. Құдайдың құтты күні жатақхананың артқы жағындағы терезе түбіне ауызы ақ көбік атып келіп тұрар еді. Оларды екінші қабатқа тартып шығарып алу бірінші курстардың мойнында.

Бір бөлмеде тұратын жігіт жұлқып оятты. Тағы сол қиялилар келіп тұр. Қолдарында сақырлаған бірдеңелері

бар. Отырыс жатақханада жалғасатын сыңайлы. Ішінде таныс еместері де бар. Олардың шаш қойыстарына қарап, ішінен бәрін «қиялиларға» теліді. Ұзын-ырғасы он бес қаралы адамды көтеріп жатақханаға тартып шығарып алды. Ең соңғы шыққан «қияли» бұған қарады да:

– Ей, эстрадник, – деп күліп жіберді.

– А? – деп бұл оның не айтқанын алғашында аңдамай, қайталап айтқанында түпкі мәнін түсінбей аңтарылып тұрып қалған. Мұны әжуалап тұрған «қияли» жүзіндегі жымиысын жиып алды да:

– Жүр! Қонаққа ақындар келіп жатыр. Мен саған көрсетейін ақынның қандай боларын, – деп бөлмесіне ерте кетті. Бөлме іші осы уақытта-ақ тұманданып тұр екен. Бұл елеусіздеу бір бұрышқа отыра салды да, дабырлап сөйлеп айтқандарға қарағыштап біраз отырды. Бірінен соң бірі өлең оқып жатыр. Өлден уақытта іші пысайын деген. Өзін ертіп келген «қиялиға» қарап еді, мұнымен ісі жоқ, таныс емес бір «қиялимен» беріле сөйлесіп отыр. Орнынан тұрып, есікке беттеген сәтінде ол да мұны көре қалды:

– Эстрадник?! Қайда барасың?

– Мен, жәй... Су ішейін деп...

– Осы дастарханнан-ақ іше бар, – деп иегімен үстелді нұсқады да жанындағы үлкен «қиялиға» бұрылып: – Аға, ақын азайып кетті. Биыл тіптен аз. Ішіндегі жазады-ау деген жігіт алдыңызда тұр, – деп мұны нұсқаған.

Қапелімде аңтарылып қалған Айтжан жылдам ес жиыды. Үлкен «қиялиға» қарап еді, бұған тесіле қарап отыр екен:

– Оқысын... Көрейік... – деп иегін таянып отыра кетті.

Айтжан қалтасындағы телефонына жармасты. Қай өлеңін оқиды? Мұның жазатынының бәрі арнау мен мүшайралық өлеңдер емес пе? Ол өз өлеңдері үшін тұңғыш осы тұста ұялған еді. Бес жүз адам қадалып отырған сахнада емес, дәл осы, мына үлкен «қиялидың» алдында беті дуылады. Телефонынан көзіне түскенін оқи ала жөнелді. Бірақ сахнада тұрғандай дауысы жарқын шықпады. Қайта-қайта тамағы кеуіп, өзі жазғанынан өзі жаңыла берген. Қара терге түсіп, өлеңін оқып бітісімен ешкімнің көзіне тіктеп қарай алмай, жер шұқып тұрып қалды:

– Жақсы. Баланың көзінде ұшқын, өлең үшін ұялу бар. Мына баладан мықты ақын шығады, – деп үлкен «қияли» орнынан тұрып, мұның қолын алып, бауырына тарта құшақтады.

2019 жыл. Жазушылар одағы. 18 қараша.

Айтжан баяғы үлкен «қиялидың» сөзінен кейін де ақын боламын деп аса ойлана қоймаған. Тек кітапқа ерекше аңсары ауғанын сезетін. Бұрынғыдай қолын сермеп өлең оқып, өрекіп сөйлеуді де қаламайтын болды. Өзіне жаңалық ашқандай... сол күннен кейін жатақханадағы қиялидың бәрі мұны ертіп жүретін, барған жерінде ақын деп таныстыратын болған. Өсіресе баяғы ақындар ортасына алғаш ертіп барған Әділ ерекше жақсы көруші еді. Бұл оны «аға» деді. Ол мұны «інім» деп мейірленді. Бірінші құрсты бітірген жылы жазда болса керек, Айтжан тұңғыш рет ешбір мүшәйрасыз, ешкімнің мерейтойынсыз-ақ жазуға отырды. Мұндай азап кешем деп ойлап па еді...

...Міне тағы қара терге түсіп отыр. Өзі жұмыс істейтін Жазушылар одағының үшінші қабатындағы терезенің алдына барып қайта-қайта шылым тартады.

Алғаш «өлең» жазған күнінен бері 6 жылдай уақыт өтсе де, асыра мақтау естімеді. Расына келгенде ол мақтауды жазған өлеңдерімен есту мүмкін емес. Өзіне талабы күшейіп, жазғандарын қорашсына беретін.

Айтжан жақсы өлең жазу үшін не істемеді дейсіз?! Оқыған қаласын тастап, өзге қалаға жұмысқа кетті. Ауылдағы жеңгесі үш рет босанып, бала тұрақтамағанда жер ауыстырып еді. Бұл да өлеңді нәрестеге балап, жер ауыстырып көрген. Жазды. Жазғаны баяғыдай.

Қайтып келіп, Жазушылар одағына жұмысқа кірді. Қаншама «дүрдің» табаны тиген, иісі қалған жер ғой. Бірақ міне, төрт айдан асып барады. Тұтас өлең түгілі, тұтам жол жаза алмады. Күнде жұмыстан кейін осы бір ескі ғимараттың сықырлауық еденін басып, мүлгіген тыныштықтың мазасын алып жүргені сол. Бүгінде одақтың «Әдебиетшілер үйінің» есігіне арқасын сүйеп отырғаны осы. Сағат түнгі он екіден асып кеткен. Қараңғы түнекте телефонынан Сүгір күйлерінің қобыздағы орындауын тыңдап отыр. Күй ыңыранып, ышқынған сайын, өзінің қуыс кеуделігін сезіне түскендей...

Өлден уақытта өзі отырған есікке қарсы қабырға ішінен кітап беттерінің сыбдырындай дыбыстар естіле бастады. Алғашында елемеді. Уақыт өте келе күшейе берді. Екінші қабатқа баспалдақпен біреу көтеріліп келе жатқан секілді. Өне, ескі еденді сықырлатып бұған жақындап келеді. Күзетші шығар деп ойлаған. Бұрылып қарап еді, ешкім

жоқ. Бірақ еденнің сықырлауы тоқтар емес, өзіне қарай жақындап келеді. Дерексіз дүние жүріп келеді. Бұ не? Ғимараттың да мазағы ма? Жоқ өзі күнде мазасын алатын тыныштық енді мұның өзіне тыныштық бермеуге айналды ма? Орнынан лезде көтерілді де қобыз үні сарнап тұрған телефонын қарсы қабырға бар күшімен лақтырып жіберді. Ол телефоны қолынан шығып бара жатып-ақ онымен қош айтысып үлгерген. Қазір талқаны шығады. Оны сатып алған несиенің әлі төленіп бетпегені мен банктегі менеджер қыз лып етіп елес берді де, жоқ болды. Бірақ бәрі кеш. Телефон қабырғаға жақындап қалған. Айтжан көз ілеспес жылдамдықпен өткен осы оқиғаның барлығын баяулатылған кадрда көріп отырғандай. Тарс етіп телефон қабырғаға соғылысымен бұл бұрылып баспалдаққа беттей берді де кілт тоқтады. Мұның арқасынан бір суық қол сипап өткендей болды да, «Қосбасар» күйінің қобыз орындауы күңірене тербеліп кетті. Дәл өзінің артындағы еденнің сықырлағанын, біреудің өзінен алыстай бастағанын анық сезді. Сезді де тізесінің дірілдегенін, буыны кетіп, жүрелей отыра кеткенін аңдады. Есін жиған кезінде ол қобыз үнінің әлі де сарнап тұрғанын естіп әрі-сәрі күй кешті. Бойындағы барын жиып тыңдап еді, манағы сыбыр естілген қабырға артынан шығып жатыр екен. Жер сипап қараңғыда телефонын іздеген. Таппады. Ол тұманданған санасында телефонының мына қабырғаны тесіп өтіп, арғы жағында жатқанын анық білді. Қабырғаны бар күшімен теуіп қалып еді, аяғы қабырғаның арғы бетінен бірақ шықты. Сол ішке кіріп шыққан аяғы арқылы ауыр салқындық сезді де, ол салқын бүкіл денесін алып барады. Бірақ қабырға тебісін тоқтатпады. Гипстен жасалған қабырғаны адам сиятындай етіп сындырды да, түнек ішімен қобыз дауысына қарай жүре берді. Бұл шақта «Аққу» орындалып жатты. Қобыз қайта-қайта қаңқылдай берді. Кімнің орындағаны белгісіз, бірақ дүниені алып барады. Жер сипап жүріп телефонын тапты да, күйдің екінші құлағы басталмай тұрып өшіріп үлгерді. Жүрегі атқақтап, жарығын қосқан. Беймәлім бөлме ішін қарай бастады. Бірінші болып көзіне қаздай тізілген төрт пюпитр түсті. Анықтап қарап еді, әрқайсысының жанында бір-бір орындық бар екен. Біреуіне сүйеніп қобыз тұр. Оның екі бүйірі Модияни салған картинадай балбырап, ағып бара жатқан секілді. Айтжан санасын бірден сергітіп

алды да, қайта қарады. Түгі де жоқ. Қарапайым қобыз. Еденде шашылған кітаптар. Бәрі ноталар жинағы. Бұл бөлменің музыканттарға арналған грим бөлмесі екенін енді аңдады. Өйткені еденде бет бояуға арналған дүниелер де шашылып жатыр. Яғни бұл бөлмеде музыканттар сахнаға шығар алдын жасанып, әрі репетиция жүргізетін болған. «Ал егер бұл грим бөлмесі болса, бөлмеде айна болуы керек қой» деп ойлағаны сол еді, манағы суық қол мұның арқасын қайта сипап өткендей болды. Едендегі кітаптарды тағы сыбдырлатып өзінен алыстай берді. Оның бойы қалтыраған қалпында телефон жарығымен қосылып кері бұрылып еді, қарсы алдынан өзіне етене таныс ақынның сұлбасы ағараңдап жарқ етті де ғайып болды. Ол ақынды жұрт жоғалған дейтін. Не өзі, не мүрдесі табылмаған... Қорыққанынан қолындағы телефоны түсіп кеткен екен, жер сипап жүріп қайта тауып алды. Анықтап байқады, қарсы бетте айна тұр. Күлкісі келді. Күлкісі емес. Өз-өзін қинап, өз қорқақтығына өзі күлкісі келді. Бірақ өтірік езу тартқаннан ары аса алмаған. Шаң мен өрмекші торы басқан айнаға жақындап келіп, әжуалап тұрған бейне көрді. Өлден уақытта айнадағы өз бейнесі бұған қарап қымсынбай дарақылана күле берген. Қанша қорықса да танып тұр. Өзінің өзіне жағымсыз күлкісі бұл. Қорқынышын ашуы басып, үлкен айнаны жерге алып бір-ақ ұрды. Бірақ күлкі басылған жоқ. Ол жерде жатқан айна сынықтарының бәрінен өзін көрді. Барлығы мұның үстінен хормен күліп тұрғандай. Ол үстел үстінде жатқан бірнеше кітапты құшақтаған қалпы сыртқа ұмтылды. Жүгіріп бара жатып та сезді. Сол баяғы суық қол мұның алқымын сипап келе жатты. Демі жиілей берді, жиілей берді...

2019 жыл. Жазушылар одағы. 20 қараша.

Журналист: Кешіріңіз, Жазушылар одағының ғимаратынан бұрын белгісіз болып келген бөлменің табылғаны рас па?

Қызметкер: Рас. Қазір ол жерде тексеріс жүргізіп жатырмыз.

Журналист: Нендей заттар табылды?

Қызметкер: Көбіне ноталық кітаптар. Бұл ескіліктегі музыканттардың грим бөлмесі болған екен. Әрі репетицияны олар концерт алдын осы бөлмеде жасағанға

ұқсайды. Бірақ бұл бөлменің қашан, қалай жабылғаны белгісіз.

Журналист: Басқа дүние табылмады ма?

Қызметкер: Осыдан 20 жылдай бұрын жоғалып кеткен ақынның күнделігі мен өлең жазылған қойын дәптері табылды. Қазір бұл қолжазбаларды біздің комиссия тексеріп жатыр.

Журналист: Бөлме қалай табылды?

Қызметкер: Біздің бір қызметкеріміз, жас ақын...

2019 жыл. 20 қараша. Аурухана.

– Жағдайыңыз жақсы. Тек қатты қорқып қалғансыз. Біраз уақыт тынықсаңыз жетіп жатыр. Бәрі қалпына келеді. Ауыр дүниелер ойламаңыз. Ұйқыңыз келмесе де, ұйықтататын дәрі салдырып ұйықтағаныңыз жөн.

– Рақмет, дәрігер. Айтжан палатада жалғыз қалды. Қас қарайып қалған шақ еді. Ол достары әкеп берген жеке заттарының ішін ақтарып отырып, қойындәптерін көрді. Парақтап шықты да, кешкі серуенді сылтауратып сыртқа шығып кеткен. Қаланы қақ жарып ағатын өзенді бойлай серуендеп жүріп, адам қарасы аздау тұсқа келгенде дәптер беттерін мыжғылай бастады. Өртеп жіберді. Күнделік жанып жатты. Жүрегім қоса өргенер деп ойлап еді. Өз өлеңіне деген ондай құрмет таба алған жоқ бойынан. Палатасына сілесі қатып шаршап келді. Сұлық жатыр. Арқасын біреу сипап отырғандай. Танып тұр. Дәл сол суық қолдар бұл. Бірақ бүгін ол алақан ерекше ыстық болатын...

ИТТИҢ ЖАСЫ

Көктемнің күні еді. Тауық қораның жанынан жапсарластыра салынған үйшігінің алдында кеуіп кеткен қу сүйекті қызғанғандай екі аяғының арасына ала түсіп Байғасқа жатыр. Жанынан өткен тауықтарға ырылдай қарап, қу сүйекті қармана түседі. Дымға жарамсыз оны несіне қызғанады десеңші?..

Түнгі көшенің тірлігі кеш бітіп, жұлдыздар жарықтан жасқана бастаған шақта жастығыма жантайған едім. Қанша ұйықтағанымды білмеймін, әйтеуір, атамның айқайы мен жамылғымды жұлқа тартқанынан жан ұшыра атып тұрдым. Көзімді уқалай күштеп ашып, қабырғадағы секунд санап соққан сары сағатқа сығырайған көзіммен сығалай қарадым. Екі сағат ұйқы. Амал қайсы, атамның табалдырықты торуылап жүретін ашуына алынғым келмеді.

Жуынып келсем бәрі шәй үстінде екен. Бір шетіне отыра кеттім. Түнде үйге түн аспаны түріле келіп, таңда айқаймен оятылған адамды кім жақтырсын, ешкім тіл қатпады. Өзімнің қателігімді біліп мен де үнсізбін.

– Түнде қайда болдың?

– Айдостың үйінде.

– Екі туып егізіңнің сыңары ма еді? – деп атам жақтан болашақ боранның басталарын білдіріп алғашқы ұшқындар ұша бастағанда, апам сөзге араласты:

– Қыстан қалған күлді шығарып таста. Кепсе шаң боп ұшып, мазаны алар. Шайыңды ішіп ал! – деп атамның алапатының алдын алып үлгерді. Шайымды ішер-ішпестен далаға шығып кең тыныстадым.

Арбаны есекке жегіп, қыстай үйден шығарылып, төбе болып үйілген «күл төбенің» жанына тұрмын. Қолым мен аяғым өзімдікі еместей. Ұйқының піспегені денемді қорғасындай құрыстырып қимылдатар емес. Қалғып, мүлгіп бір арба күлді шығарып келгеннен кейін бойым жазылып, түскі асқа шақырған жеңгемнің дауысына дейін біраз бөлігін еңсеріп тастадым.

Таңғы астағыдай емес түскі ас кезінде адам қатарына қосылып қалыппын.

Түстен кейін бар күлді шығарып біттім. Енді тек майда-шүйде жұмыстар қалды. Тек күтпеген кедергіге кез болдым. Тезектің нан жабатыны мен монша жағатынын бөлек жинап жатыр едім. Апам шақырды.

– Мына тоңазтқышты бастырмаға апарып қояйық, – деді. Үйге жаңа тоңазтқыш келгеннен бері абыройы түсіп, ығыса-ығыса сыртқа шығып қалған ескі тоңазтқышты не істейді екен деп бір сәт ойланып тұрмын. Істен шыққанына көп өтсе де, ағам үйленіп жеңешемнің артынан жаңа тоңазтқыш келгенше біздің үйдің үлкен мүлкіндей кеудесін керіп тұрар еді. Ал қазір дымға жарамай иттің үйшігінің жанынан орын тепкен. Кеше ғана құлаған кеңестің көзіндей болып тұрған бұл экспанат та сол кеңестей қаусағалы тұр. Апам екеуміз екі жағынан көтеріп бастырмаға апара жатқанымызда кір жайып жүрген жеңешем шыр ете қалды.

– Оны қайтесіздер, мама?

– Бастырмаға апарамыз. Оны-мұны салып қойғанға дұрыс қой...

Апамдыкі сылтау ғана. Бастырмада зат салатын осыдан өзге дүние құрып қалып па, әйтпесе?!

– Мама тастай салайықшы. Бағана арбаға салып неге шығарып тастамадың? – деп маған қиылды жеңгем.

– Е, неге шығарады екен? Артымнан келген дүнием. Алғашқы дүнием! Менің көзім кетпей көзін жоймақпысың? Шығармаймын!

Апамның көзі жылт етті де, өзін жиып адды. Ол кісінің қартайғанын жүзіне қарап емес, артынан келген осы дүниесіне қарап аңғаруға болар.

Алғаш үйленген жылдары айналдырған екі бөлмелі үйде шошайып отырған екеуі және аз-маз ғана дүние-мүлкі болатын. Сол дүниенің ішінде өзіне ең ыстығы, ауылдың бәріне таңсық, үйге кіргенде бірден көзге түсетін осы тоңазтқышы еді. Осы тоңазтқышы арқылы-ақ ауылдағы біраз әйелдер ішінде абыройы асқақ тартып тұрды. Өктем сөйледі. Бүгінгі жағдайы мынау.

Дүние болып жарытпас, естелігі бар бірақ. Артынан келген дүниеден қалғаны осы. Басқаның бәрі быт-шыт. Дүние кезек деген осы да.

Апам жеңгеме ренжи қарап тұрды. Кікілжің шыға ма деп едім. Апам да, жеңгем де үйдің берекесін қашырмады.

Апамның қалаған орнына қойып беріп, сәл ұзап қарап

тұрмын. Қазір есігі ашылып, менен екі жас үлкен көршінің қызы шығып келердей. Баяғыдай...Бала күнгідей...

* * *

Бірге ойнап, бірде оның, бірде біздің үйге қонып қалып жүре берер едік. Біздің үйде жасырынбақ ойнап жатыр едік. Мен – іздедім, ол – тығылды. Үй ішіндегі тығылатын тасалар таныс болып қалса да, жалықпаймыз. Көзімді жұмып тұрып, межелі санға дейін санадым да, үйреншікті жерлерді жағалай жүріп өттім. Таппадым. Шифонердің іші, пештің арты, столдың асты... Жер жұтқандай зым-зия. Ойын заңында далаға шығу жоқ. Сонда да далаға шығып кетпеді ме деп, даланы да бір шолып келіп, табалдырықтан аттай берсем, тоңазтқыш есігі ашылып, сандыққа жасырып ұстайтын қызғаншақ диюдың қызындай көрші қызы қылмындай шығып келе жатқаны бар ма?! Осынша уақыт бойы жасырынбақ ойнап жүріп, бос тұрған тоңазтқыш ішіне жасырыну ойыма да келмегеніне, аядай үйдің ішінен көршінің қызын таба алмағаным ашуланғаным сонша, оған айқайлағанымды сезбей қалдым. Ол елең қылар емес. Өзін таба алмай қалғанына сонша мәз. Сәлден кейін ашуым басылып, басқа амал болмай, бұртиюға көштім. Сөйлегеніне, ойнайық деген сөзіне өзімше мән бермеген болып, ренжіген реңіммен теріс қарап отыра бердім. Қасымдағы қара қыз сол сәт үнсіз қалып, еңкейе беріп еріндерін бетіме тигізді де, бұраңдай басып есікке беттеді. Оның сүйгені қанша нәзік болғанымен, орнымнан тұра алмастай шегелеп кетті. Бөлмеде жалғыз отырмын.

Сол күннен бастап әншейінде есігін теуіп кіретін көршінің үйіне баруға ұялатынды шығардым. Апам жұмсаса есігінің сыртынан айқайлаймын. Екі үй де менің бұл ісіме қатты мән бермеген. «Балалардың сөзі жараспай қалған да!», – деген де қойған. Бірақ біз дәл сол кезде бала ма едік? Көршінің қызын қайдам, бірақ менің балалыққа тән пәк ойыным мен ойларым сол күннен бері жалғаспады. Сол қызбен ойнауға үйден оқталып-ақ шығамын. Екі үй арасындағы есікке жете бергенде кеуденмен белгісіз бір күш итеріп тұрады. Амалсыз кері қайтам. Осылай үйдің есігі мен арадағы есіктің ортасында сандалып үш күн жүрдім.

Бүгін төртінші күн. Салдабасы шыққан ойыншығымды салдыратып аулада жүргенмін. Көршінің үйінің ошағынан тезектің түтіні көтеріліп жатыр екен. Анда-санда ашқылтым иісі келеді мұрынға. Шамасы нан көміп жатыр-ау. Сәлден кейін екі үй арасындағы есік ашылды да, қолында жаңа піскен ыстық бір үзім наны бар көршінің қызы көрінді. Байқамағансып, ойыншығымды шұқылап отыра бердім теріс қарап. Арқам мұздап бара жатты. Көршінің қызы сонша сылбыр ма еді, жақын-ақ жерден жаныма жетуі мұң болды. Ол келгенше менің кеудемдегі теңіз кемерінен әденеше рет тасып төгілген. Өйтеуір жетті-ау қасыма. Қолындағы нанды маған ұсынып тұрып, көзіне түскен шаштарын қолымен құлағының артына қайырып тастап, сол қолымен күн сәулесінен көздерін көлегейлеп, күлімсіреп тұрды да:

– Жүр, ойнайық! – деген.

Қарсыласқан да, келіскен де жоқпын. Үнсіз артынан ере бердім. Сырттай қарағанда бәрі бұрынғыша сияқты. Бірақ тіптен олай емес. Ойынымыздың мазмұны өзгермегенімен менің басымдағы ой басқа. Мүмкін, оның да басында менікіндей шығар. Өз ойымның шетін шығарып бірге суға шомылайық деп едім, әншейінде менен бұрын суға сүңги кететін ол, мұрнын тыржитып, келіспеген сыңай танытты. Біз осылай алғаш рет бір-бірімізден ұялдық. Ол өзінің қыз екенін, мен өзімнің жігіт екенімді түсініп, тұңғыш рет бірге суға түсуден бас тарттық. Мені алғаш рет оның күлгін түсті көйлегі нендей байлықты жасырып тұрғаны қызықтырды. Бұрын талай рет бірге суға шомылсақ та көзіме түспеген, кеудесінің томпайғанын тұңғыш аңғардым. Және сол томпақ өзіне ерекше жарасатынын сезіндім. Бұл нәрселерді бізге ешкім түсіндірген жоқ. Біз өзіміз түйсіндік. Өрине, біз мұнан кейін ойнамадық емес, ойнадық. Бірақ ойын да, ойналатын орын да өзгерген...

* * *

Қысқасы бұл тоңазтқыш өздері кейіннен көшіп кеткен, менің алғашқы махаббатым болмаса да, алғаш қыз деп таныған көршінің кенже қызынан қалған естелік пен менің балалық пәк ойларымның ең соңғы, ал апаның отбасылық өмірінің ең бастапқы баспадағы.

Ене – ескілік болғанда, жеңге – жаңалықтың жар-

шысы. Жаңа нәрсе тұрғызу үшін, ескіні қирату қажет. Бұл тоңазтқыш төңірегінде ене мен келіннің келіспеушілігі емес еді. Екеуін де кінәлай алмаймын. Апам тоңазтқышын қызғыштай қорып, арашалап алып қалды. Келіні түскелі бері қазан-ошақтың қасына көп бара бермейтін. Бүгін өзі ошаққа от жағып, су ысытып, тоңазтқышын жуып-шайып жатты. Бастырмаға қарама-қарсы қойылған тапшан үстінде, жаңа ғана қойларды жайғап келген атам аяқ астынан пысықтығы ұстап қалған кемпіріне көзін сығырайта күлімсіреп, қарады да отырды. Есіне не түсті екен?..

Өз жұмысымен әуестеніп кеткені сонша, апам кешкі асқа кешігіп келді. «Біссімләсін» айтып, жеңгем құйған шайға қолын соза беріп:

– Сен де ене боларсың. Иттің жасына сен де жетерсің, – деді де ренжіген сыңаймен теріс қарап алып, шайын ұрттай берді. Қарашығы бір нүктеге қадалып қалғандай. Есіне не түсті екен?

Ауыл тыныш тапты. Автобус айдайтын Сақаң да, белгісіз бір әннің әуеніне салып ыңылдап ағаш жонып отыратын Қоқаң да жоқ. Тек баяғы байғасқа ғана өз үйшігінің жанында сол баяғы сүйекті қармана түсіп ауық-ауық үріп қояды.

Дымға жарамсыз оны несіне қызғанады десеңші?..

ҮШІНШІ КҮЗ...

Биыл, мұртты мысықты адастырып, жолы түзу, жөні ирелең Алматының аспаны астындағы ағаш жапырақтарының үшінші рет сарғаюына куәмін. Биыл үшінші жыл жылжыды, жердегі жамау-жамау сары жапырақтардың астын аршып көріп, жасыл шалғынның сарғаймағанына қарап ауылды сағынатыныма. Жанарыма жат көріністің жаныма бататынына. Себебі, мен туған жерде «жасыл желек» деген сөз болмаған. Ол жақта көктемдегі шөптің өсуінен, күнге күйі жылдам. Сары далада бірлі-жарым ағаштар ғана күз келгенше жапырақтарын жасыл сақтайды. Бейне бір күзге тартар тартуындай... Ал мұнда көбі жасыл қалпында. Сол жасыл қалпында қыршынынан қиылғандай қар жамылар. Тура бір ақын тағдырындай...

Биыл үшінші жыл, жастыққа жантайып, қара шайды қанғанынша құйдыра беретін қара шалдың қасына жатып, байқамай түкіргішін төгіп алғандағы «өй, өкең» деп басталар боқтаулар тізбегін естімегеніме. Оның мейірім мен тер аңқыған жүндес кеудесінен иіскеп, тікірейген сақалына бетімді үйкелемегеніме де үш жыл толыпты...

Қозы баққанда серік болып қасыңда ұшып жүрер қарлығашты көрмегеніме тағы да сол уақыт.

Атамның да айтары сол. Ауылға да үш жыл болыпты қарлығаштың келмегеніне. Қария атадан да, анадан да жалғыз еді. Өзі тұрған ескі үйді бұздырмай, сондағы бала шағынан қалған қарлығаштың үш ұясын қызғыштай қоритын. Сол ұяларды, сол ұяларға ұшып келер көктем құстарын бала шағынан қалған естеліктей көреді-ау. Жылда сұраймын. Жылда сол мұңлы жауап. Биыл да бардым.

Қаратаудың қара шалы бала шағындағы үйін «жаңартуға» құмар баласы мен келініне бермеді. Шөп жинайтын қораға айналдырды. Өзінен өзге ешкім кірмейді онда. Күнұзақ уақ малға беретін шөбін турап, туған отанының гербіндегідей орақты аппаратын тарсылдатып жатады. Автобустан түсіп, қақпаны ашып үйге кіре тың тындаймын. Егер осы дыбыстар шығып жатса бірден

сонда жүгіремін. Бара сұраймын:

– Қарлығаштар келді ме, ата?

Атам үнсіз ұяға қарайды. Мен атама мұңая қараймын.

Сонда ойлаймын-ау. Күздер де өтер, бізде өтерміз. Кеудені керіп қала берері сағыныш, содан соң мұң сыйлар естеліктер ғана екен ғой.

АТА ТУРАЛЫ ӘНГІМЕ

(Естеліктер)

Мені қалай тудыңыз?

«Аузымнан «аһ» дегенде түсіп қалдың», – деген сөзді барша атасының балалары естіген шығар. Мен де естідім. Бірақ менің атамның аузынан бұл сөз өте сенімді шығатын. Расында атадан туғаным үшін қуанатынмын. Сол үшін де қайта-қайта сұрай берем. Жықаң да жалықпай айта береді. Шынына келгенде, «аһ» дегенде ауыздан түсіп қалу деген сөз сенетін сөз емес қой. Сол үшін болар, атам әңгімесін арыдан бастайтын.

– Ата-ау, мені қалай тудыңыз?

– Ағабек ағаң үйленіп жатқан.

– Сәуле жеңгеме ме?

– Иә. Той тарқаса да көңілдегі қуаныш тарқамай, Шубай көкең екеуіміз көл жағасына кеттік. Аман көкеңнің үйінде той тағы таңға дейін жалғасқан. Қайтар жолда мазасыздана бастадым. Үйге келгенімде жүрегім көтеріліп, шылапшынға ішімдегіні ақтарып жатсам, бірдеңе жыбырлағандай болады. Алып қарасам, сен екенсің. Жуындырып алып, қойныма алып ұйықтап кеттім.

Бұл атамның көңілді кезінде айтар әңгімесі еді. Ал көңілсіз шағында үнемі табалдырықты торуылап жүретін «жынын» шақырып ала қоятын да:

– Өй, әкеңнің! Сені Алапар көшеден тауып ап келгем. Үйшігіңде жылап жатыр екенсің. Көріп қалдым, – деп қысқа қайыратын.

Осылай бірде ащы су аралас дүниеден, бірде иттің үйшігінен шығып жүріп ес білдік. Ес білген соң мен де сұрамайтын болдым, атам да айтпайтын болды.

Қазір Жықаң ащы суды қойған. Мүлдем. Бірақ немересін бауырына салып ер жеткізген қарияның шөбересіне де таласы бардай көрінеді. Тек шөбересін қалай «туады» екен? Шөбересі де мен секілді мылжың болып, қайта-қайта атадан қалай туғанын сұрай берсе ше?

Бүкіл биік әдебиет, өнер атаулыны ысырып қойып, кейде атамның сол кездегі сөзін ойлаймын және ол

қарапайым сөз болмайды. Бәлкім, сол сөзді естіп ап, Маркестің «Жүз жылдық жалғыздығының» күлін көкке ұшыратын шығарма жазуға болатын шығар.

Алып кетпесем өледі екенсің...

Біздің Жықаң мектепте 30 жылдай әдебиет пәнінің мұғалімі болыпты. Қаталдау болғанға ұқсайды. Кейіннен оқушыларының көбінен мен таяқ жеп жүрдім. Көшеде не басқа жерде көріп қалған үлкен кісілер:

– Әй, бала сенің енің таныс. Кімнің баласысың? – дейтін әдеті ғой.

Шіреніп тұрып:

– Жылқыбайдың, – деймін.

– Қызакөлдегі ме?

– Иә.

– Әдебиетші?

– Иә.

– Дауай, теріс қарап бұрышқа тұр, не молдасыңды құрып отырып кітап оқы, – деп дүрсе қоятын.

Сөйтсем атам талай баланы бұрышқа тұрғызып, тақтаға шыққан баланы молдасын құрғызып кітап оқытады екен.

Тәуелсіздік алған жылдары мұғалімдерді 25 жылдық жұмыс өтілімен зейнетке шығару туралы заң болыпты. Анық-қанығы маған бұлыңғыр. Сонымен, біздің қария жап-жас болып зейнетке шыққан. Үлкен ұлын үйлендіріп, дүркіретіп тойын өткізген. Басы жас адам қашанғы жатсын, іші пыса бастаған ғой. 90 жылдардың орта шені бұл. Халықтың тұрмысы төмен шақ. Мен туатын 94 жылы атам тұңғыш егін салыпты. Диқан бабадан қалған кетпенді іліпті иығына. Тоғаннан төмен, ауыл зиратынан жоғары, Қадірсіздің диірмені тұрған каналды бойлай өскен қалың қамыстың ортасында жалғыз түп жыңғыл бар. Сол жыңғыл түбіне үй тігіп, егінін салып жатқанда мен туыппын. Тұңғыш немере – Төлбасы.

Одан кейінгі бір аптадай уақыт атамның есінде жоқ.

Сол жылдың күзінде Жықаңның үлкен ұлы Аңсаған деген азамат еншісін алып, Шымкентке көшкен. Жап-жас басымен зейнеттегі адам үйге сыймай, үлкен ұлының шаңырағына қайта-қайта барады. Баласы мен келінін қайтсін, немересіне барады ғой, баяғы. Өрбір барғанында мені ап кетуге себеп таппай жүрсе керек.

* * *

Кемпірімен ұрысып, қыстың көзі қырауда тағы қалаға жолға шықты. Қолын байлап тұрған жұмысы, бұл қарамаса аштан қалар мыңғырған малы да жоқ. Немересін сағынады. Бұл келгенде түскі астың уақыты өтіп кеткен. Келіні шәй қойып, ебелектеп жүр. Осы келісінде байқады. Немересі сүттен бөлек, ас ішетін болыпты. Емізгенді қанағат тұтпайтын алты айлық баласын «ашқарақтау екен» деп бір ойлады. Осы ой қарияның тоңып барған бойын жылытып сала берген-ді. «Өзі ас ішеді. Асқа үйренген бала анасын артық іздей қоймас» деп бір түйді.

Қартаймаса да, қарияға тән қылық шығарған Жықаңның ұйқысы сергек. Немересі қыңқ етсе оянады. Түнде сыртқа бір шығатын әдеті тағы бар. Бір бөлмелі үйде тұратын баласы мен келінінен ыңғайсызданса да, амалы қайсы? Осындай бір тұрысында бесіктің бос тұрғанын көзі шалған. Жалма-жан жарық жағып, ұлы мен келінін оятып алды.

– Бала қайда?

– Бесікте еді ғой, – деді келіні ұйқысырап.

Қапелімде үйдегі үшеуі де не істерлерін білмей қалды. Аядай бөлме ішін шолып шығып, келіні бесікті көтерген. Жалаңаш денесі жарыққа шағылысып ұйықтап жатыр екен. Келіні жұмыстан шаршап, емізіп отырып ұйықтап кетсе керек.

Таңғы шай үстінде Жықаң сөзін қысқа қайырды:

– Екеуің де жұмыс-жұмыс деп баламды өлтіріп қоятын жайларың бар екен. Қарап отырар уақыттарың да шамалы. Ауылға алып кетейін.

Балалығы арыла қоймаған келіні қуанып кетті. Қария да олардың ойлары өзгеріп кетердей жыладам қамданып, ауылға тартып отырды.

* * *

– Сені солай тонымның ішіне салып алып кеттім.

– Сары тоныңыздың ба?

– Иә, сары тонымның.

– Сонда мені кім емізді? – деп апама қараймын.

– Атаң емізді. Мен саған қараған емеспін. Жұмыста болдым. Атаң емізді, атаң бесікке бөледі, өзі тербетті. Мен араласқан емеспін, – дейтін.

Мен аңтарылып қайта атама қараймын:

– Иә, өзім емізгем. Сен менің жекеменшігімсің.

Мен атамның қойнына баяғы сәби күнімдегідей тарбандап тығыла түсем. Қарнына қарап жатам. Өйткені, атамның тым-тырыс жатқан кезде демалып жатқанын тек қарнына қарап білуге болатын еді.

Көк мылжың

Жықаңның ерте зейнетке шыққан шағы Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары еді. Бүкіл елдегі халықтың сол кезеңдегі қиналысы біздің ауылды да айналып өтпепті. Атамның басында жұмыс жоқ. Зейнетақысы арзымайды. Осы қиындық Рысқұлбектің жалғызын диқаншылыққа салып, қолына кетпен ұстатқанын айтып өттім.

Ат мініп, қиқулап жылқы бағып өскен адам болсам, атамның басындағы осы тұсты «қиындық қолына кетпен ұстатып, тақымына есек басып, жер тырматты» деп тереңдетер едім. Бірақ, ат мінбедім, қиқулап жылқы қумадым және есек пен егіншіліктен жаманшылық көрмедім.

Жықаңның әкесі Рысқұлбек жылқышы болған. Атбегілігі мен барымташылығы тағы бар. Жалғыз ұлының есімін бырымдап, жылқылы болсын деп қойса керек. Бірақ, Жықаң жылқылы болмады. Мен ес білгелі үйде жалғыз қылқұйрықты болған. Оны да үлкен ұлын жұмысқа тұрғызам деп сатты.

Жалпы атам екеуміздің арамызда жылқы туралы кеңінен әңгіме бола қоймайтын. Бала күнімді ойласам өзімді есек үстінде, атамның артына мінгесіп келе жатқан кейпімде елестетемін.

Есекті тексіз, арам деп ат мініп өскендер айтар. Жылқының тектілігі мен тазалығына таласым жоқ. Бірақ біздің ауылдың ыстығы мен аңызағында атқа арба жегіп көріңізші...

Жылқыны төмендетіп отырғам жоқ. Есекті жамандыққа қиғым келмейді.

Сонымен, топырағына су тиіп, кепкенде тас болып қатып, қарс-қарс айрылатын біздің ауылдың топырағына егін салу – Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары басталды.

Жиырма шақты үй бас құрап, бірі картоп, бірі пияз, бірі сәбіз егетін. Сол жиырма үйдің адамдары жаз бойы егін басында боламыз. Бір күні пияздың арам шөбі, екінші күні картоптың шабысы... кейіннен оның қоңызы тағы

шықты. Күзде осы жиырма үй бүкіл егінді жинап, бөлісіп аламыз.

Жықаңның еншісіне қауын-дарбыз егу бұйырған. Оның қасында таңертеңнен қара кешке дейін сөйлеп жүретін мен бармын.

Екеуміз егіндікке қарай келе жатамыз.

– Ата-ау, – деймін.

– О-оу?

– Анау не? – деп торғайды нұсқаймын.

– Торғай.

– Ол не істер жатыр?

– Ұшып бара жатыр?

– Не үшін ұшады ол?

– Балапандарына жем іздеп жүрген шығар.

– Балапандары қайда?

– Ұясында болады да.

– Ұясы қайда сонда?

– Торғай көбіне шеңгел мен ағаш басына ұя салады.

Осы маңайдағы шеңгелдің бе, ағаштың ба біреуінің басында болар.

– Балапандары жемді өздері іздемей ме?

– Олар ұша алмайды ғой әлі.

– Ұша алмайды?

– Иә!

– Неге?

– Өй, әкеңнің, көк мылжың! Кімге тартып осынша мылжың болдың екен, ә?!

Баласы үнсіз қалады мұндайда. Атамның ашуы тарқағанша күте тұру керек. Біреу жолығып қалса екен деп тілеймін ішімнен. Өйткені, біреу жолығып қалса атамның ойы басқа жаққа ауып, менің ашуландырғанымды ұмытады. Сосын қайта әңгіме бастауға болатын. Атамның артында отырып, бөлінен құшақтап келе жатамын. Демін ішіне терең алғанын қарнынан аңғарып келемін. Терең демнің соңы әңгімеге ұласады көбіне. Маған ұзақ көрінетін үнсіздік негізі ары кеткенде 3-4 минутқа ғана созылады. Сосын әлгі мылжың қайта бастайды. Бірақ ол біледі. Торғай туралы әңгіме айтуға болмайды. Басқа тақырып табу керек.

– Ата-ау – деймін тағы.

Жықаңның ашуы басылғаны, не басылмағаны осы тұста білінеді. Егер «Не?» десе үнсіз қалу керек. Бірақ,

атам меселімді қайтарғысы келмей ме, көбіне:

– О-оу, – дейтін.

Осы сәттегі қуанышты айтып жеткізу мүмкін емес. Ұзақ-сонар «не үшін» мен «негелер» қайта басталады.

Жықаң да баласының бұл сұрақтарына қашанғы жауап бере берсін, әкеден тағы бір боқтайды.

Ұзын сөздің қысқасы, егін басына жеткенше «көк мылжың» деген сөзді оншақты рет естимін. Әке құлағы да сонша рет шулайды. Бұл атам екеумізге ғана тән әңгіме айту стилі еді.

Шумақтарын білмеймін, бірақ қайырмасы осы.

Жықаңның құдайы

Тоқсаныншы жылдары туған ұрпақтың аталары нағыз кеңестік кезеңде дүниеге келсе де, кеңестік кезеңге дейінгі аталардың қолында тәрбиеленгендер. Сондықтан болар, олардың пәтігі мықтырақ еді.

Мен де сол соғыстан кейін туып, соғысқа дейінгі өмірдің дәмін татқан әкесінің жалғыз болған қарияның қолында өстім. Шыны керек, 1940 жылдан бері туған ұрпақ қазақ тарихындағы өте қызық толқын.

Олар дін ұстаған аталарын көріп, тәңірге сенсе де амал етуге қабілетсіздеу. Өлі күнге айтар әңгімелерінің басы «бір жәшік ақтан» деп басталады. Бірақ, құдайға сенеді.

Басқа жақты қайдам, әйтеуір 2000 жылдары біздің ауылдың осы толқын «ел ағалары» намазға бет бұрды. Баяғы аталарынан көргенін істеп, бүгінгі «Бисмилляхи Рахмани Рахим»-ді, «біссімідә рахман рахым» деп, «Аллахты» «Алла», сөз арасында «Алда» деп жайнамаз үстінде тұратын.

Сонымен осы кезеңінде намазға бет бұрған толқынның біздің ауылда қызығы көп еді. Олар намаздың уақытын өткізіп алып, немерелерін: «Алда, әкеңнің...» деп боқтап жүретін. Намаз оқып жатқан кезде алдынан жүріп өтсең немесе алдына отыра қалсаң намазын тоқтатып қойып ұрысып та алатын. Намазы қаза бола қалса «Әй, құдеке кешіре гөр» деп қойып жүре беретін. Ең қызығы, бұл кісілер арасында ұрттап та қоятын еді. Сосын балашағасының, немерелерінің бетіне қарап тіктеп сөйлей алмай, ұялып 2-3 күн жүреді де, 4-5 күннен кейін «құдекесінен» кешірімін сұрап алып қайта жайнамазын іздей бастайды.

Мені қатты таңғалдыратыны атамның, атамның қатарластарының құдаймен еркін сөйлесуі ғой.

Бүгін қанша діндарлардың уағызын тыңдап жүрміз. Олар тозақ жайлы, құдайдың қаһары жайлы айта келіп, оның шексіз мейірімділігін де Құраннан үзінділер, хадистер келтіріп түсіндіріп береді. Бірақ мен «атамның құдайындай» мейірімді құдай көргем жоқ. Және атамның «діні» бойынша тозақ деген жоқ секілді. Ол кісі құдайдың тек мейірі мен кереметі жайында әңгіме айтатын. Кейде отырып-отырып «құдекесімен» әзілдесіп те алатын еді.

Сондай әңгімелердің бірнешеуін айта кеткім келеді.

* * *

Құрбан айт кезі. Атам екеуміз таңертеңнен құрбан шалудың қамымен жүрміз. Қойдың аяғын байлап, құбылаға қаратып, атам құранын оқып бетін сипады да бауыздап жіберді. Еркектер қауымы тірлігін бітіргеннен кейін іске апам араласып, ішек-қарнын тазалай бастады. Біз атам екеуміз шеткері әңгімелесіп отырмыз. Әңгіме ауаны құрбандық пен оның тарихы, сауабы жайында болып жатқан. Жықаң әңгімесін айта келіп, жанарынан сәл-пәл жымыиыс білдіріп алды да:

– Құдайдың разылығы үшін құрбан шалдық. Әй, соған қарағанда құдекеңнің де парақорлығы бар-ау, – деп қалды.

Мен күліп жатырмын. Апам екі бетін қатар шымшып: «Құдай-ай, қайтейін», – деп шыр-пыр болып жүр.

* * *

Университетті бітіріп, курстас жігіттерді ауылға ертіп бардым. Ал олардың көбі, тіпті бәрі намаз оқитын. Ауылдан қайтар кезде атам да Алматыға ілесіп шықты. Жиендерді көріп кеткісі келген. Біздің ауылдың Алматыға қатынайтың автобусы көп тоқтайды. Әр ауылдың тұсынан адам алады. Жүргізушілері әр асханаға тоқтап ас ішеді. Осылай әр тоқтаған сайын менің «намаз оқитын» достарым дәрет жаңартуға қаздай тізіліп кетіп бара жатады.

Үшінші рет тоқтағанда болса керек, атам орындыққа отырып алып, темекісін тұтата бастаған. Достарым құман ұстап алып дәретке кетіп барады. Жықаң оларға қарап отырды да, маған бұрылып:

– Әй, бала! Мына діндарларың түшкірсе де дәрет жаңарта ма, – деп қойып қалды. Не деп жауап берерімді білмедім. Тек күлуге ғана шамам келген.

* * *

Жықаң ақсақалдық жасқа келді. Намазы түгел. Біраз уақыт бұрын артынан кемпірін ертті. Бірақ әзілін тоқтатпады. Үш-төрт ай бойы кемпірінің құбылаға қарағанына күліп жүрген. Бірде көңілді сәтінің үстінен түстім. Телефон тұтқасынан «Өлө» деген мейірімді үн шықты.

– Ассалаумағалейкүм, ата!

– Уағалейкумассалам, бала!

– Қалдарыңыз қалай?

– Тіріміз, балам!

– Апам қалай?

– Ө-ө-ө, апаңның маңдайы жарық.

– Маңдайы жарығы несі?

– Е-е, балам, күніне бес рет құбылаға қарап, маңдайын жерге ұра берсе апаңның емес менің маңдайым жарқырайды дейсің бе?

Мен еріксіз күліп жібердім. Арғы жағынан апамның жақтырмаған дауыстары шығып жатыр. Өзімді тыйып, қайта сөз бастадым.

– Сіздің құбыламен байланысыңыз үзіліп қалды ма?

– Жоға-а. Тек сенің атаң маңдайын жәй-жәй ұрады ғой...

* * *

Атамның сөзін күпірлік көретіндер баршылық. Бірақ мен олай ойламаймын. Өйткені Жықаңның санасындағы құдайдың мейірімі шексіз. Атам «өз құдайын» жақсы көреді. Онымен сөйлеседі, әзілдеседі. Тәңірді тәңірлік деңгейде ешкім сүйе алмайды ғой. Сондықтан ең болмады дегенде, оны адамша сүю керек шығар. Бұл менің ойым. Жылқыбайдың дініндегі жігіттің ойы ғана. Иә, мен атамның дініндемін. Меніңше, егер әркім өз атасының дінінде болса бүгінгідей діни мәселелер болмас еді. Өйткені аталардың діні кең, құдайы мейірімді.

ҚОШ БОЛ, КОММУНИЗМ!

Аспанда апамның түткен жүніндей будақ-будақ бұлт болғанымен, басы бірігіп күнді қымтай алмады. Көз байлана кіреберіске төселген алашадай сетінеп, аспан тіпті кесе түбіндегі қақты күлмен жуғандай тазарған. Жаз сайын ауылдағы көзіме таныс естеліктің бәрін біртіндеп құлатып келе жатқан жеңгенің соңғы жарлығы бойынша ескі сарай бұзылуға тиісті еді. Атам екеуміз сол сарайдағы ескі заттарды шығарамыз деп, міне, кешті де батырдық. Түске дейін-ақ бітетін шаруа болатын. Бірақ әр шығарған заттың айналасындағы атаның естеліктері таусылар емес. Өсіресе, бір кездері су құюға арнап жасаған астауының бүгін шөп салуға да жарамай қалғанына қарап, заманның өткінші екенін айтып көп отырды. Ал сол астау түбінен табылған кішігірім портрет әңгіме ауанын тіптен кеңітті. «Правда» газетіне шұқшиған бұл кісінің есімі – Ленин екен. Өзі жақсы адам болғанға ұқсайды. Коммунизм, социализм, партия. Арғы жағы 6 алты жасар баланың санасына сыйған жоқ. Тек, сол күні кешкі шай кезінде келген ауылдағы аудан орталығына айдайтын көкенің: «Өкем коммунист болған ғой», - деп кішігірім суретті алып кеткені есімде. Ертең ол сурет селкілдек сары автобусында ілініп тұратынын көзіме елестеттім. Жақсы адамның суретін беріп жібергені үшін атама қатты ренжіп, ұйықтап кетіппін.

Дарбаза алдына келіп, өгіздей өкіріп, қайнаған шөйтектің қақпағындай селкілдеп тұрған сары автобусқа апам асығып барады. Кеше пенсия берген болатын. Бүгін бүкіл ауыл аудан орталығына көшіп бара жатқан сияқты. Бөлке нанға ұқсас осы бір сары автобустың дауысы өзінен әлдеқайда озып жүретін. Ауыл балалары үшін автобустың ауылдан кеткені емес, келе жатқаны қызық. Әр үйден кеткен бір делегат кешке сөмке-сөмке азық-түлігін көтеріп түсіп келе жатады. Оның ішінде балаларға деген базарлық та жоқ емес. Қуанатынымыз да, күтетініміз де сол.

Сары автобус батып бара жатқан күннің шапағынан тіптен қызара бөріп, кешке қарай ауылға кіріп келе жатады. Сол күні де дәл солай болады деп ойладық. Балалар көше

бойына жиналып, апаларымыз бен шелеріміздің артынып-тартынып көліктен түсіп келе жатқанын елестеттік. Бірақ батқан күнмен таласа ауылға автобус кірген жоқ. Ескі салдабаны бұзылғанға жорып, жүргізушісі Сақаңның мәшинені мықты жөндейтінін айтысып, балалар үйді-үйдіге тарағанбыз. Қараңғылықпен қоса қаралы хабар жетті. Артынан қолында дымы жоқ апам кірді үйге. Сары автобус аудан орталығынан қайтар жолда өртеніп кетіпті. Темірдің өртенгенін кім көрген?! Өрт шыққаннан сыртқа ұмтылып, бар ауылдың алған азығы отқа оранған. Аман келгендеріне шүкірлік айтысып, апам мен атамның арасында алдағы айдың жайы не болары сөз болып кетті. Екеуінің ортасында жатырмын. Өжем көктеген түйе жүн көрпені қымтанып, бөлмедегі үнсіз тыныштықта тынысым тарылып бара жатқандай. Қорғасын үнсіздікті апам бұзды.

– Ұданаға айтармыз. Түсінер.

– Ауылдың адамы ғой.

– Соңғы барғанымда сазарып тұр еді.

– Сазарады да. Жайшылықта барын содан алып, пенсия түссе ауданға баратын ауылды қайдан жақтырсын?!

– Тиын артылдырамыз деп... Ухх...

– Ұйықта болды!

Көзім жылт-жылт етіп мен жатырмын. Көңілсіз. Базарлықсыз. Ауылдың бар баласы базарлықсыз бүгін. Сары автобусқа лағнет айттым.

Ал Жұмакүл, оны білемін ғой...

* * *

Талтүс. Терезелеріне газет жапсырылып немесе қалың перделермен жабылған бөлме ішінде атаңның қорылы ғана естіледі. Көзің жыпылықтап, сен ояу жатсың. Өйткені қалтаңда 10 теңге бар. Таңертең атаң насыбай алып кел деп берген 50 теңгеден артылғаны осы.

Сол 10 теңге сенің бүкіл жақсы өміріңнің бастауындай көрінеді.

«Таааак» дейсің іштей. Бүгін 10 теңге. Ертең атам тағы насыбайға жұмсаса, тағы 10 теңге. Өй, бірақ ертең жұмсай қоймас. Бүгінгісі тауысылсын. Апам жұмсап қалуы мүмкін. Үйде ақ жіп таусылды деп отыр еді кеше. Өй бірақ апам қарызға жаздыра сал дейді ғой. «Апам жаза салсын деген...» деп мүләйімсіп тұрғаның сосын Жұмакүл

апайдың алдында. Алатын нәрсеңді алып болып, соңынан қарызға жазыңызшы деген қандай ауыр сөз еді. Ол кісі де апамның пенсиясы түспей қалатындай, аса жақтырмаған түрмен әбден тозығы жеткен дәптерін үстелінің үстіне шығарады. Ашады. Шығарғанда да, ашқанда да сен дүкенші апайды дүниедегі ең құдіретті адамдай көріп тұрасың. Өйткені ол шынымен сондай түрмен ашар еді. Парақталып, апаңның аты жазылған бетке жеткенше айналаңнан шұқылар жер таппай кетесің. Өлден уақта: «Жаздым» деген жалғыз ауыз сөз естіледі. Алды-артыңа қарамай қаша жөнелесің. Кейде: «Бере алмаймын. Апаңның қарызы көбейіп кетіпті» деп те қайтарып жіберетін кездері болады. Дүкеншіден ондайды әбден күтуге болады. Ол өйткені құдіретті адам ғой.

Сондай шақта күйінгеннен бай болып-ақ кеткің келеді. Сол өзімнің бай болу операциямды қазір, ауыл тұтас ұйқыға кеткенде, қараңғыланған бөлмеде көзім жыпылықтап ойланып жатырмын. Сонымен, менің қолымда бары 10 теңге. Қазір түстен кейін әжемнің үйіне барамын да, әжемнен басқа немерелеріне білдірмей тиын сұраймын. Ол кісі кемі 20 теңге беруі керек. Сосын... Кеше ауылдағы Темір ағалар мас жүрді. Олар көбіне жол бойындағы ескі аялдамада ішетін еді. Бөтелкелері сонда жатса керек. Ол кемі 2 шөлмек. Оны Сағындық ағаға өткізсем, тағы 10 теңге. Тек Темірдің ішіп алса төбелес шығаратыны бар еді. Бөтелкелерін төбелес кезінде сындырып тасмаса жарар... Сонымен, бары 40 теңге бодды. Үй маңында өткізе қоятын темір-терсек те қалмады, ә? Шіркін, темір жауар ма еді аспаннан. Жоқ. Ақыры армандаған екенмін, неге осы бірден ақша жауса деп ойлай салмасқа?.. Иә, иә. Ақша жауса. Тек біздің аулаға жауса. Біздің, сосын Айдостың. Досым ғой.

Осылай аспаннан ақша жаудырып, аспандап жүрген ойларың тым қатты күшпен алақаныңдағы 10 теңгеге келіп құлайды бір сәт. Ойыңдағы ақшалармен салыстырғанда бұл не тәйірі. Оның үстіне ертең атаң насыбайға жұмсамайды. Апаң жұмсаса қарызға жазыдырады. Әжеңнің тиыны бар ма, жоқ па оны да құдай біледі. Темір де кеше төбелескен болуы керек. Аялдамадағы бөтелкелердің сауы қалмады-ау. Байып кету туралы әрекеттерді де кейінге шегере тұру керек шығар...

Осы ойды ойлауым мұң екен, басымды жастықтан жұлып алдым. Атама тықырымды білдірмей сыртқы

есікке қарай жақындап келем. Осындай сәттерде үйдің едені де сенің ойыңды сезіп қойғандай, үлкендерге болыса кететіні несі екен ей? Сықыр-сықыр...

«Уф» деп үйден шығып, оттай ыстық топырақты күс-күс табаныңмен шаңдатып, ауылдағы жалғыз дүкенге қарай тартып отырасың. Қолыңдағы тиынға қайта-қайта қарайлай жүріп, барғанша кемі үш-төрт рет жоғалтып, қайта табасың. Талтүсте, ауылдың бәрі салқын, қараңғыланған бөлмесінде ұйықтап жатқан шақта, сен жалаңаяқ шаңдатып дүкеннің алдында тұрасың. Ол мұндай уақта ешқашан ашық болмайды. Амаж жоқ, Жұмакүл апайдың есігін тақылдатып тұрғаның. Не құдайдың азабы десеңші, күн астында өзің күйіп, еріндерің кезеріп, біреудің ұйқысын тағы бұзып... Дүкенші апай да біршама уақыттан соң ұйқысырап шығып келе жатады. Кілттер коллекциясының ішінен дүкендікін іздеп ұзақ тұрады да, есігін ашып қалыпты орнына барып тұра қалады. Сен әйнектен жасалған витриналарға жақындап, өзіңе қажетті дүниені іздегендей қарай бастайсың.

- Апай, анау пистолет қанша?

- 75 теңге.

- Ммм... Мынау ше?

- 50 теңге.

- Мынау тұрған шиколат қанша?

- 35 теңге.

- Балмұздақ бар ма?

- Бар. Бірақ мұздатқышты ашпай, сыртынан таңда.

- Стканчик қаншадан?

- 25 теңге.

- Мынауы ше?

- Әй, сен не аласың? Әрқайсысын сұрай бермей, бірін айтсаңшы, - дегенде сен қолыңды дүкенші апайға созып, біреу тартып алардай алақаның терлеп кеткенше қыса ұстаған 10 теңгені ұсынасың да:

- Сағыз беріңізіші, - дейсің. Алған екі сағыздың бірін дүкен ауласынан шықпай-ақ аузыңа салып, үйге қайтып келе жатасың. Өлден уақта ол сағыздың дәмі кете бастайды. Сонда ойлайсың.

«Неге ғана таңертең атама насыбай алуға келгенде осы сағызды ала салмадым екен?»

Өйткені сен таңертең бауды ойлаған болатынсың, бала!

«Бірақ сол кезде-ақ бұл тиынмен байып кетпесімді білдім ғой. Біле тұрып неге алмадым?»

Өйткені...

Ол «өйткенінің» жауабын дәл қазір 24 сағаттық дүкеннің алдында кезекте тұрған мен де білмеймін, бала! Үлкен адамға сұрақ қоя бергенді доғар енді. Үйде бар деп сенген сіріңкемнің жоқ болып шыққанына жыным қозып тұр...

* * *

Мен тал түсте дүкенге жүгіретін, сары автобус өртенген жаздан бері 17 жаз өтті. 17 жыл бойы сары автобус ауылға оралған жоқ. Ауылдың бір айлық азығын отқа өртеп, Жұмақұлдің айманасын асырып, кергіген үстіне кергітіп барып, жолдың бойында қаңқасы ғана жатты.

Осылай Кеңес өкіметін өгіз мініп қарсы алған ауылдан Кеңестің көзіндегі болған өгіз автобус мүлдем жоғалды. 3-4 жыл бұрын ауылға келген темір алушылар оның қаңқасын кескілеп, артып алып кеткеніне куәмін. Кірпігімнің дымқыл тартқаны да, оны іштей сағынатыным да рас. Бірақ бұл сағыныштың соңы біз болармыз. Ауылдағы бізден кейінгі іні-қарындас сары автобустың бықсыған көк түтініне қосып селкілдегенде еденінен көтерілер шанды жұтқан жоқ. Өрі, бұл автобусты ауылда ешкім сағынған да жоқ. Өйткені, жаңадан келеген шетелдік жүрісі жайлы автобус сары темір туралы ойлардың бәрін өшірген еді. Біздің көңілдегі сағыныш та ұзақ жүре қоймас. Өйткені, «бұл кезең – ұмыту кезеңі...»

Қош! Қош бол, Сары автобус! Қош бол, «Правда» газетіне шүқшиған «жақсы адам». Қош бол, КОММУНИЗМ!

АЛХИМИЯ

(Матрица)

Дін мен Тәңір екі ұғым.

Б.Смадияр

Күнұзақ компьютер экранына үңіліп, көзі қанталай сыртқа шыққан Досжан скамейкаға отыра кетті. Смартфонына қасқағым үңілді де, жанындағы батырмасымен оның да экранын түн түсіне бояп жіберген. Экраннан жиіркенді ме, жоқ оның бетінде бажырайып тұрған қабылдамаған қоңырауларды көргісі келмеді ме...

...Досжан қазір қай банктен қандай байланыс операторының нөмірмен хабарласатынын жақсы біледі. Мұның телефонына тыныштық бермейтін мың сан нөмірлер ішінен өзіне арнайы жұмыспен хабарласатын нөмірлерді тануы бірақ қиындық тудыратын. Оны да меңгере бастаған секілді. Байқаса, банк нөмірлері көбіне «ПИ» санының үтірден кейінгі цифрлары секілді өте ұйқассыз келеді екен. Ал қарапайым адамдар нөмір аларда оның оңай айтылуына, соңғы сандарының ұйқасына мән береді. Міне, ол осылай сандардан ұйқас іздеп отырады. Бірақ мұның өзі орыс рулеткасын ойнау секілді және бұл ойнайтын рулетканың ережесі тағы басқа.

Үш айдан аса уақыт созылып келе жатқан бұл тіршіліктің қашан тынарын білмейді. Тіпті қазір ойланғысы да жоқ. Арманы алдында беті қалыңдай түсті. Ал бір кездегі өзі белгілеген мақсатының бағытынан жаңылған. Бұл бір капсула ішіндегі адам секілді. Бәрі көз алдында. Көргісі жоқ. Естиді. Бірақ естуге құлықсыз. Сезеді. Бірақ сезінбейді.

Оң жақ езуіне қыстырған темекісін тұтатып, алғашқы тартымын әдеттегідей ішіне тартпай, ұртынан бұрқ еткізді. Студенттік кезде осы түтінді ғалымдықтың ажырамас элементі деп білетін. Қазір әдет қана. Бірақ ақылдылар да бар. Олар түтінді әдетке айналдырмай, есіне түскенде, не біреудің езуінен көріп қалса ғана қыз жымыған бозбаладай алабұрта жөнеледі.

– Ооо, Досеке, – деп құшағын жая ұмтылып Нұржан келе жатыр екен. Қасында Сәдуақас бар.

«Міне, бір ақылды келе жатыр» деп ойлап үлгергенінше олар мұның жанына жетіп үлгерді.

– Не болды? Жаңа көрдің бе? – деп Досжан тыжырына қалған.

– Көрдім ғой таңертең. Бірақ сіздің сіз екеніңізді жаңа сезіндім.

– Мұрының қышыған ғой.

– Жоға, сізге серік болайын деп... – деп Нұржан Досжанға итіндей берген еді:

– Өзінде жоқты менен сұрап серіктікке жарай қоярмысың? – деп бұл да шірене қалды.

– Досеке, неменеге майдаланып кеттің?

– Майдаланғам жоқ. Ақыры шегеді екенсің, сұраншақтанбай... – деген тұсынан Досжан өзін тежеп үлгерді.

– Сұраншақтанбай?.. Досеке, әркімнің өз шындығы бар. Ол өзіне ғана белгілі.

– Бұл жерге шындықтың қатысы жоқ.

– Шындық көп, ақиқаттың жалғыздығы туралы пәлсапа соқпақпысың?

– Мұндай майда-шүйдемен ақиқаттың да ауылын маңайлау ұят. Бұл логика ғана. Сенің ойлау жүйең мен менің ойлау жүйемнің қақтығысы.

– Сонда? – деп Нұржан әңгімеге өте ықыласты жандай Досжанға құлағын тоса қалды.

– Мысалы, мен таңертең ояна салып шылым тартуды, ал сен тартпауды ойлайсың.

– Иә, – деп Нұржан қостап тұрып: – Өйткені осы әдеттен арылғым келеді. Сатып алмайтыным да содан, – деп жалғады сөзін.

– Ө-ө. Жұрттан сұрауға ұялып, бір күні болмаса бір күні қойып кетермін деген ниет қой...

– Бәлкім...

– Ниет дұрыс. Бірақ жұрттан сұраудан ұялмайтыныңды қайтеміз? – деп Досжан осы жолы сөзінің нүктесін қоя аяқтаған еді.

– Жә, жігіттер, – деп осы тұста үнсіз тұрған Сәдуақас сөзге араласты. – «Бөшкеге» барайық.

– Ненің құрметіне? – деді Досжан шылымының күлін қағып тұрып.

– Қала әкімінің стипендиясын алған едім.

– «Алған едік» деп сөйле. Неменеге мүсіркеп тұрсың?

– Досжан, алдағы айда тағы беріледі екен. Сол тізімге қосыларсың, – деп Сәдуақас сөзін сенімсіз аяқтаған. Оның сенімсіз сөзінің соңына Нұржан қайта киікті:

– Иә, Досеке! Алдық. Бірақ сенің бастықпен араңдағы кикілжіңге біздің қатысымыз қанша? Өз несібіміз де. Бастықтар бастап, бүкіл стипендия иегерлері «Бөшкеде» жиналып жатырмыз. Сен де жүр. Басекеңнің қызған кезінде қандай жұмсақ екенін өзің білесің ғой. Үш жақтап айтып сені де тізімге енгізетін шығармыз. Жүр...

Нұржанның бетіне шығып тұрар жылпостығын сезсе де, Досжан бұл сөзге өзін күштеп иландырған еді. Бәлкім, шынымен тізімге еніп кетер... Бірақ көп ішуге болмайды деп ойлады. Сол ішкен кездегі қызбалығынан ғой, осы тізімге ілінбей қалғаны. Неге екені белгісіз, әйтеуір қызып қалса болды, бастығының бүкіл еңбектерін сынауға құмар-ақ. Оның ішінен плагиат та табады, тұтас көшірілген абзацтарды да жатқа соғады, тұжырымдардың жалған, бүгінгі дамыған ғылыми жаңалықтармен қабыспайтынын да тұтас әйгілейтін. Кейде қыза-қыза келіп «Кеңес өкіметінде жазылған еңбектердің барлығын өртеп жіберу керек» деп те қалушы еді.

Мұндай әдеті бұрын болмаған. Соңғы 2-3 айда пайда болған мінез бұл.

Үшеуі Бөшкеге келген кезде отырыс көңілді болатын. Бастықтары қолпаштай қарсы алып, өз жанынан орын ұсынды.

– Біздің болашақ ғылымның кілті осылардың қолында. Біз базардан қайттық. Бұлар енді бара жатыр. Ендігі міндетіміз сол базардың адал және заңды сауда жасалатын жерін осы жастарға көрсетіп беру, – деп бір тоқтады да, үшеуіне қарады. Бұл сөздердің Досжанға қарата айтылғанын бәрі сезді. Бірақ Досжан бастығы бұрылып қараған сәтте өз жүзіндегі оған деген жиіркенішті жинап үлгере алмаған-ды. Оны бастық та сезді және ары қарайғы сөзі сол сезімдерімен астасып кетті:

– Сол базардың адал да, анық тұстарын осы үшеуінің екеуі түсінді. Көрді. Біз мұны олардың қарапайым магистрлік диссертациясынан-ақ байқаймыз. Ал үшіншісі асқан қиқарлықпен базар артындағы қоқысты аралап жүргенін өзі де сезбейді. Ғылымның мөлдірінен татып көрмеген ғалым, қоқысты кәусар санайды...

Жұрт ду етіп күлді де, күлкі соңын бокалдардың

соғысымен көркемдеп жіберді. Досжан да бастығының сөзіне түрегеп тұрып қотарып ішті және осы бірінші бокал «көбіктіден» кейін-ақ көп ішпеу керектігін ұмытты. Расында әдейі ұмытты. Өлгіндегі сөзден кейін ол өзінің ескі әдетін тағы қайталағысы келген. Бірақ бүгін оны саналы түрде айтып салмақ. Тек оның бәрін мастығына жабу үшін біршама ішуге тура келеді.

Оңтайлы сәті келгенде Досжан сөз сұрап, орнынан тұрған. Өзіне аңтарыла қарап, тыныштала қалғандардың бәрін бір шолып өтті де:

– Құрметті әріптестер! – деп сөзін бастады. – Барлығыңызды Тәңірдің, һәм әкімнің жарылқағаны құтты болсын!

– Әкім мен тәңірдің не қатысы бар? – деп сөзін бөлген әріптесіне қарап:

– Әкім адам болса, ол – Тәңір ғой. ...Жарайды, бұл сөзге қадалып қалудың қажеті жоқ. Мәселе онда емес. Мәселе біздің бәсекеңнің құдайға сенетінінде.

– Онда тұрған не бар? Оның һақ екеніне дау жоқ, – деп қызып қалған бастығының басы кегжең ете қалды.

– Бәсеке, сіздің жазған, жазып жүрген еңбектеріңізге қарап отырып Тәңірді тану мүмкін емес. Қай Тәңірдің һақтығын айтып отырсыз?

– Әй, сен ақымақсың ба? Құдайды іздесең физикада нең бар? Діншілдігің ұстаса Құранды оқы. Ал физика – осы дүниенің ғылымы.

– Сонда жаратқанынан жаратушыны тану мүмкін емес пе? Сосын, ғылым ана дүние мен мына дүниеге бөлінуші ме еді? «Ғылым – әлемді, жаратылысты танудың жолы» деп басталар сөз сіздікі ғой? Сіздікі. Ал жаратылысты танып болсаңыз, оның сыртында, һәм ішінде жаратушы бар шығар. Бәлкім ол сіздің зерттеген материяның немесе атомның бір бұрышында жасырынып жатса ше...

– Оның қай бұрышына Тәңірді жасыруға болады? Атом 99,99999...% бос кеңістіктен тұрады.

– Дұрыс, – деп Досжан бастығының сөзін қостап қойды да: – Ал сіздер, бүкіл физиктер жабылып жүріп дүниені материалистік тұрғыдан қарайсыздар. Сонда сіздердің зерттеп жүргендеріңіз не материя?

– Жә, болды. Базар артынан жинаған қоқысыңды төгер жерің бұл емес, – деп бастығы сөзін кесіп тастағысы келіп еді, бұл тежегіші кеткен көліктей тоқтап үлгермеді.

– Дұрыс айтасыз. Қоқыс төгер жер бұл емес. Менің базар артынан жинаған қоқысым өзге адамдардың диссертациясына төгіледі және сіз сол мен төккен қоқыстарды мөлдір ғылым ретінде тамсана оқып, оларды...

Нұржан мен Сәдуақас қозғалаптап қалып, ерте ес жиған біріншісі орнынан жылдам көтеріліп:

– Досеке, болды. Сөзінді аяқтасаң, алып қоялық. Жұмысты жұмыста да талқылаймыз ғой. Ал Досекеңнің сөзі үшін көтеріп қойындар!– деп әңгімені мүлдем бұрып жіберді. Досжан да өзін тыңдар құлақ жоқ екенін түсінгендей сырасын көтеріп, таусылғанша ішті де, «тақ» еткізіп үстел үстіне қойған сәттен ары қарай есін жоғалтты. Бірақ дәл осы сәтте есін жоғалтқанын ол ертең, оянғанда бір-ақ біледі. Ал бүгінгі отырыстың осы сәтінен бастап үзіп-жұлынған кадрлар ғана қалады есінде.

* * *

– Туу, Досжан. Таң атпай саған кім хабарласады осы? – деп түрткілеген әйелінің дауысынан оянды да, еденде безілдеп жатқан телефонын мүлдем сөндіріп тастады.

Төсегінен сүйретіліп тұрып, ваннаға кіріп айнаға алдында ұзақ тұрды. Мәнсіз, мағынасыз қарады. Бар ашқан жаңалығы сол, айна бетінде мұның екі көшірмесі тұрған еді. Бірі айнаның күміс түсіне шағылған өзі де, екіншісі бетіндегі қарапайым әйнекке шағылысуы. Екі бейне арасында 3-4 миллиметрлік айырмашылық бар екен.

Аққан суға еңкейіңкіреп барып «біссімиллә» деп тіл қатты да, унитазға қарады. «Дәретханада құдайдың атын атауға, сөйлеуге болмайды. Ал дәретхана мен ваннаны бір жарым да бір жарым шаршыға сыйдырып қойған пәтерде тұратындар не істейді екен? Діндар достардан сұрау керек еді?» деп бір ойлады да, мұздай сумен бетін уқалауды жалғастыра берді.

Жуынып тұрып та, шыққаннан кейін де бойынан біртүрлі діріл сезілді өзіне. Бұл бір ішкі дірілдің сыртқа шығуы секілді, ішкі қорқыныштың сыртқы көрінісіндей. Бейне біреу есікті қағып тұрғандай. Қазір сол біреу келіп, мұның алқымынан ала түсердей, бүре түсердей бойы тоңазып, ештеңеге қолы бармады. Шөлдегенін

тұтас тәнімен сезінсе де, асханаға кіріп су ішуге батылы жетпеді. Кез келген дыбыстан секем алып жатып, телефонын қосуға тіптен дәті шыдамаған. Атау кересін ішіп, күнәларын санамалап жатқан адамдай қорқа берді. Көрпесіне оранып, әйелі оянғанша жатты. Не ұйықтай алмады, не оянып, тұрып кете алмады. Жүрегі атқақтап, жалғызсырай берген.

Ештеңе істемейтінін, жаңа дүние жасамайтынын іші сезсе де, кешегі күнінің бос өткеніне өкініп жатыр. Іші-бауырын мысықша бірнәрсе тырмалап, жеп барады. Жүрегіне ұялаған қорқыныш әр қағыс сайын тұтас денесіне тарап, қайта жүрекке келіп жаңа екпінмен соғылатын секілді. Жылағысы келді. Жылап та алғысы келді. Бірақ жас шықпады. Осылай есеңгіреп жатып ұйықтап кетіп, әлден уақытта келіншегінің шашынан сипағанынан шошып оянған. Айша да бұл селк еткенде ыршып түсті.

– Шәй ішеміз... – деді келіншегі не дерін білмей қалып.

– ...Түнде қаншада келдім?

– Үштердің кезінде бірге келдік қой.

– Сағат қанша?

– Он екі болып қалды.

– Түнде менің бастығымның үйіне бардық па?

– Иә, – деді Айша тосырқап.

– Әншейінде үйден шыққың келмейтін еді. Неменеге жүгіре шыққансың?

– Әншейінде «Менімен ешқайда бармайсың. Ортама ұнамай ма?» деп миымды жейтін едің ғой.

– Құдай-ай. Екеуіміз де әншейінде ойланбайтын ойларымызды ойлаған екенбіз. «Әншейінделердің» тоғысы... – деп Досжан ызалана күлді де: – Түнде артық бірдеңе деп қоймадым ба? – деп селсоқ сұрай салды. Іштей келіншегінің «жоқ» деп жылы жаба салуын қалап еді. Айша:

– Жоқ. Тек... – дей бергенде Досжаннан дегбір кетіп:

– Не тек? Айтсаңшы енді! – деп қалшылдап кетті. Айқайлап жібергенін байқаған жоқ.

– ...Өзің жазған мақалаларыңды, ғылыми ойларыңды айтумен болдың.

– Басқа?

– Басқа... Басқа... Мен... түнде таңғалдым, Досжан.

– Не үшін? – деді іші сезіп тұрса да.

– Бұрын ұнатпайтын ғалымдарың туралы: «Олардың ойында, жұмысында жаңалық жоқ. Милары борсып кеткен. Сондықтан сол сасық, әбден ескірген ойларын, өзінің он жыл бұрын жасаған жаңалықтарын қайталай береді. Жаңалығы жоқ адам өткенімен ғана мақтанады» деуші едің.

– Сонымен?..

– ...Түнде сол ғалымдардың кейпін кигендей болдың. Олар сенің ойларыңның бәрін біліп отыр. Тек ұялғанынан ғана тыңдап отырғандай, – деп Айша қоңырайып қалды.

– Иә, – деп Досжан жасанды күрсініп алды. Не деп ақталарын білмей, ақталам деп отырып, ақтарылып кеткен: – Мен ескірдім. Расында борсып кеттім, – деп астыңғы тістерімен үстіңгі ернін тістелеп отырды да, бірден шарт етіп: – ...Атаңа нәлет, айлық та түспей қойды, – деп әңгіме ауанын басқа арнаға бұрып жіберді.

– Айлық дейсің бе? Бізде бәрі бар ғой. Таңғы асың мынау. Түскі асыңды жұмысыңа алып кетесің. Кешкі асың тағы дайын, – деп Айша сөзін ары жалғамақ еді, Досжан бөліп тастады.

– Айша, қалалық адамның қалтасында ақша жүрмесе өзінен өзі түгіліп кетеді емес пе? Қажеті болмай-ақ қойсын, оңды-солды шашпай-ақ та ғой. Тек ол қалтаңда жүрсе болғаны. Қуыстанбай, жаның тыныш күн өткізер едің...

– Досжан, оны қойшы. Таң атпай саған кім хабарласады осы? Құдайдың құтты күні телефоның шырқырайды да жатады.

– Әй, жұмыстан шығар, – деп селсоқ жауап қатты да:– Шәйіңді дайындай бер, – деп жуынатын бөлмеге қайта кіріп кетті.

Шәй үстінде Досжанның тыныштала қалатын әдеті-тін. Қуырылған жұмыртқаны банкадағы тұздалған қиярмен араластыра жеп отырып Айшаға көзі түсіп еді, бұған тесіле қарап отыр екен.

– Не болды?

– Түнде мені көліктен көтеріп түсіріп, үйге алып келіңсің ғой, – деп көзін төмен салып наздана қалды.

– Рас па?

– Солай секілді. Өйткені мен Сәдуақастың көлігіне отыра сала сенің иығыңа басымды қойып ұйықтап кеткен едім. Таңертең төсегімде ояндым.

– Мүмкін емес. Сенің ұйқың сергек еді. Оның үстіне мен түндегідей жағдайымда сені көтере алар ма едім?

– Толып кеткем бе?

– Жоға. Сырықтайсың... – деп Досжан Айшаның томпақ бетінен шымшып алды да, орнынан тұрып кетті.

– Жұмысқа барайын. Анау жобаны бітіруіміз керек еді. Министрліктен есебін сұратып жатыр екен. Біздің ғалымдар қағаз, есеп деген дүниені бітірген кезінде ғана ғылыммен айналысуға құқы бар.

– Сендердің қағаздан құтылатын күндерің бар ма өзі? – деп Айша асханадан айқай салды.

– Шынын айтсам, жоқ. Қағазсыз күн жоқ. Сәйкесінше бізде ғылым да жоқ, ғалым да жоқ.

– Сенің бастығың ше? Кеше Нұржан мен Сәду аузына кіріп кетейін деп отыр еді ғой, – деп Айша тағы да айқайлай сөйледі. Бұл кезде Досжан асхана есігіне сүйеніп тұрған болатын:

– Айша, осы сен он бөлмелі үйде тұрамын деп ойлайсың ба? Жәй айтсаң да естимін ғой, – деген сөзінен кейін Айша мұрнын тыржитты да, сұраулы жүзбен қайта қарады: – Жалпы бізде ғылыммен жасы ұлғайған кезде ғана айналысады. Бәлкім сол уақытта махаббаты ашылады немесе ғылымға жол ашылады. Жол ашылады дегеніміз дұрыс шығар. Мысалы өмір бойы жоғары оқу орнында сабақ беріп, оқыған-тоқығандардың арасында жүрген адамның танысы көп болады. Сол таныстарының бірі көтерілген күні әлгі өмір бойы тек базалық деңгейде сабақ беріп келген мұғалім де бір күнде біздікіндей зерттеу мекемесіне бастық болып шыға келеді. Атақ алады. Ғылыми атағы да арта түседі. Бірақ өмір бойғы базалық деңгейді оқытып келген нәрсесі ескіргенін оның өзі сезбейді. Бәлкім ойын өзгерткісі келмейді. Басын ауыртқысы келмейді. Айта берсек «келмейтіні» көп, Айша.

– Жастар ше?

– Ал жастар сол ештеңені өзгерткісі келмейтіндермен алысамыз деп қуатын тауысып бітеді. Олар да дәл солай өмір сүру үшін мұғалім болады. Пәтер аламын деп шабылады. Сөйтіп жүріп жасы егде тартады. Күндердің күнінде оның да бір танысы бастық болады. Сосын баяғы бәрін өзгерткісі келетін ғалым да көтеріледі. Бірақ оның ойындағы жаңалығы бұл кезде тағы ескіріп қалады. Сонымен осы тұйық шеңбер жалғаса береді.

Досжан киініп алды да, сыртқы есіктің алдына келіп тұрып:

– Айша, есікті құлыптап алшы, – деп айқай салды.

– Қаншада келесің?

– Кешқұрым, – деп Досжан сағатына қарады.

– Кешігіп бара жатырсың. Оның үстіне министрліктің есебі тағы бар. Кешқұрым емес, «түнғұрым» келейін деп тұрсың ғой, – деп Айша еркелей басып кеп мұның мойнына асылды.

– Бәлкім... Ал, жақсы, – деп Досжан асыға басып төмен түсіп бара жатты. Подъездің сыртқы есігін серпе ашқанда көзі тұманданып кеткен еді. Қабырғаға сүйене тұрып есін жиғанда өз үйінің ауласы ебедейсіз жинала салған баланың ойыншық кубиктеріндей көрінген. Құлағы шуылдап, қабырғаға қайта сүйеніп, көзін уқалады. Алкоголь құрамындағы этанолдың жарық пен дыбысты қабылдауды күшейтетінін ол білетін. Бірақ бұрын мұндай нәрсені басынан кешіп көрмепті.

Баспадақпен төмен түсіп келе жатып ол кешегі «Бөшкедегі» оқиғаларды ойлап еді. Жұмысқа барғысы жоқ. Бірақ сонша сөзден кейін бастығының үйіне әйелімен қосып шақырғанына таңғалды. Ондай мәрттігін бұрын байқамаған екен. Ойына үзік-үзік оқиғалар келе бастады.

1-кадр.

Үстел басында Нұржан, Сәдуақас, бастығы үшеуі бірнәрсені қызу талқылап отыр.

Нұржан: Басеке, жүйе толық дайын емес.

Сәдуақас: Иә, басеке. Кемі 3 күн күте тұру керек.

Досжан: Не жүйе?

Нұржан: Жасап жатқан жобамыз ғой. Виртуалды қала. Соны басекең ертең келетін шетелдік қонақтарға көрсетейік дейді.

2-кадр.

Үшеуі сыртта шылым тартып тұр екен.

Нұржан: Досеке, қайтасың ба? Басекең өзім жеткізіп тастаймын дейді.

3-кадр.

Мәшине іші. Рутьде Сәдуақас.

Досжан: Қайда бара жатырмыз?

Сәдуақас: Басекең ары қарай жалғастырайық дейді. Сол кісінің үйіне бара жатырмыз. Жеңгеміз ет асып жатыр екен.

Досжан: Менің үйге қайтуым керек. Әйелім бар адаммын ғой.

Нұржан: Уайымдама. Қазір жолдан Айшаны да алып кетеміз. Жеңгеге серік болады. Араласады. Біліседі.

Ойына түскен оқиғаларды құрастыра келе ол өзінің аса артық кетпегеніне өзін сендіргісі келді. Жастық максимализм, мастық, стипендияға іліге алмауы... Кешегі қиғылықтарының бәріне осы ақталулар да жетіп жатыр. Бойын бұл ауырлықтан сілкіп алып, есіктің алдына шыға сала телефонын қосып тұрып қарыздарын ойлап үлгерген болатын. Қазір бұл бәлеге безілдеп кімнің хабарласқаны хабарлама болып келері анық. Тағы кешегі бойкүйездік басталады...

Екі банктің кредитінің төлем уақыты өтіп кетті. Міне, бір аптадай болды оған. Ал үш бірдей микрокредиттік ұйымнан алған қарызын төлмегеніне екі айдан асты. Күніне жүз хабарласады. Ісіңіз сотқа өтеді деп күніне тағы бірнеше хабарлама келеді. Жаңа ғана әйелінің көзінше бүкіл ойын сездірмей отыр еді. Бетпе-бет келуге тура келеді бәрі-бір.

Осыдан бес айдай бұрынғы ауылға барған кезі есіне түскен. Тағы бірнеше кадр көз алдынан айналып өтті.

* * *

1-кадр.

Қашанғы әдеті бойынша атасы еркелетіп күтіп алған еді. Баласын біраз мақтап алып, сөзді ел ішіндегі жаңалықтарға бұра берген. Бұрындары ауылдағы қайтыс болғандар туралы айта келіп, бата жасауға ертіп баратын. Бүгін атасы туғандар жайында сөз қозғады.

– Анау күні Балташтың келіні босанды. Атаңанәлет, оның баласы сенен кіші еді ғой. Анау Орынбасардың да баласы үйленіп алды. Сенің жүрісің мынау. Әй айналайын, қалаға кетер болсаң үйленіп, бір келінді әкеліп көрсетіп кетші. Тыныш отырайық.

– Атасы, болды енді, – деп апасы сөзге араласқан.

– Несі болды? Әкесінің жүрісі анау. Там салам, тас үйем деп. Тамының да, тасының да оның... Қалада қаңғып жүріп қыз жоқ десең, анау Сайлаудың-ақ қызын алып берейінші.

Жақында ғана оқу бітіріп келді.

– Қойыңызшы, ата. Үйленеміз ғой.

– Маған емес, әкеңе айт бұл сөзді.

2-кадр.

Әкесі мен шешесі ескі үйдің терезесінен салып жатқан үйіне қарап отырып:

– Жарайды. Биылғы құрылысты тоқтата тұрып, сені үйлендіріп алайық, – деген. – Бірақ балам, қалада дұрыстау жұмыс істеп не ақша табатын, не ауылға қайтып келетін амал қыл.

– Істеп жатырмын ғой...

Шешесі шыдамады:

– Жұмыс істегеніңе үш жылдан асты. Айлығың өзіңе жетпейді. Оқуыңды бітіре салып ауылға кел деп құдайдың зарын қылдық. «Жоқ. Мен ғылыммен айналысамын» дедің де, жоқ болдың.

– Табамын ақша, мама. Аздап жинағаным бар...

* * *

Анығында жиған дымы жоқ. Тапқан ақшасы – бүгінгі басындағы бөлесі. Не болғанда да тойының бір бұрышын көтеріп, өткізіп алды. Жұрт «баласы бөлен ақша әкеліпті. Өз тойын өзі атқарыпты» десіп жатты. Ал, тойдан кейін есінде естелік, көңілінде қобалжу, жанында әйелі, басында кредиті қалған.

Телефонын қоса салып, оң жақ қалтасына салған еді. Дыбыссыз режимде безек қаққан смартфонға қанша хабарлама келгенін қара санымен санап келеді. Ұйқыдан оянғандағы жүрегінде ұйыған қорқыныштың өзегі енді оң жақ аяғына ауысқандай... Бүкіл денесін дірідеткен сол қорқыныш толқындары енді қара санынан тарап жатты.

Телефонның безектеуі басылып, хабарламалар легі тоқтағандай болған. Сәлден кейін ол біреудің хабарласып жатқанын сезді. Қалтасынан суырып алып, нөмірге қарады. Ұйқасты сандар легіне ұқсайды. Түртіп қалып еді, арғы жақтан қыздың дауысы естілді.

– Досжан Асқанбеков сіз боласыз ба?

Оның жүрегі мұздап сала берген.

– Мен «Алтын» микрокредиттік ұйымынан хабарласып отырмын. Іздестіру бөлімінен. Төлемді кешіктіргеніңізге 75 күн болды. Не себеп?

- Себебі түсініксіз бе сізге?
- Әңгімеміз жазылып жатыр. Себебін айтыңыз.
- Төлеуге ақшам жоқ.
- Досжан мырза, кредитті алған сіз. Төлеуге міндеттісіз.

Болмаса ісіңізді сотқа жібереміз.

- Ісім сотқа жетсе де, жетпесе де төлейтінім бір сома ғой. Одан сіздер не ұтасыздар?

- Қарызды қайтарып алуымызға сенімді боламыз...

Досжан осы тұсқа келгенде телефон бетін басып тастады. Ары қарай сөйлесуге жүйкесі шыдамағандай. Тіпті телефонын жерге бір-ақ ұрудың сөл-ақ алдында қалған. Бойындағы бар жігерін жиып, үйінің жанындағы дүкенге бұрылды. «Бекс» деп ебедейсіз жазыла салған атын өзгерткен бе, «Дина» деген есім әдіптелген жаңа маңдайша орнатылыпты. Касса алдында үш-төрт адам тұр екен. Бәрінің шығып кетуін күтіп, тоңазытқыштағы сусындар арасынан өзіне керектісін іздегендей ұзақ қарады. Сыртынан «қызтеке», көзінше «Нүреке» дейтін толықша жігіт тұр екен кассада.

- Оо, Досжан. Келмей кеттің ғой. Қарызыңды төлейсің бе? – деп бір бума төлқұжатты қолына ұстаған қалпы күтіп алды мұны. Кібіртіктеп қалған Досжан:

- Болмай тұр, Нүреке. Бүгін бір кісінің қабылдауына кіретін едім. Төлқұжатым керек болып тұрғаны... – деп сөзін жыдам аяқтап үлгергісі келді.

- Бере алмаймын!

- Кешке төлеп кетем. Бүгін айлық күтіп отырмын. Орнына, міне, банк картамы немесе «Жас ғалымдар» одағына мүшелік қағазымды алып қал, – деп Досжан мүшелікке өткен кезінде төбесін көкке жеткізген көк құжатты толықша жігіттің алдына тастады. Ол ебедейсіз қолдарымен сырты қатты құжатты ашып тұрып:

- Мұның маған қажеті қанша? – деп алдына тастай салып, бажырая қарады. – Шетелдік төлқұжат не жүргізуші куәлігіңді тастап кет.

- Ондайым да болмай тұр, Нүреке. Осы үйде тұрамын ғой. Күнде көріп жүрсің... – деп сөзін жалғастырғысы келіп еді, дүкенге екі-үш адам дабырлап кіріп келді.

- ...Жарайды, Досжан, – деп толықша жігіт бір бума төлқұжаттарды ақтара бастады. – Бүгін міндетті түрде төлеп кет.

- Міндетті түрде, – деп Досжан төлқұжатының бетіне

де қарамастан, қалтасына салып дүкеннен шығып кетті.

Бүгін бойында ерекше ширақтық бардай. Осы уаққа дейін созылып, созып келген істерінің барлығын бітіргісі келді. Табысы жоқ, бірақ майда қарыздарының барлығын үлкен қарыз алып жауып тастаса... Шешімі – осы.

Жұрттың бетінен қақпай, пайызын жоғарылатып кредит беретін банкті бұл біледі. Бағыты сол. Кіре қалғанда алдынан күлімдеп қарсы алған көрікті қыз бірден төлқұжатын сұрады. Бұл да қалтасынан суырып бере салып, маңғаз қалпында оның қоятын риторикалық сұрақтарына шығармашылық тұрғыда дайындалып отырды. Қызметкер қыз әлден уақытта құжатын өзіне қайтып беріп:

– Бетіндегіні алып тастаңызшы, – деп жымың ете қалды.

Алақандай пластикке шұқшиған қалпы басын не көтерерін, не көтермесін білмей, екі беті дуылдап, орындыққа сіңіп кете жаздады. Құжат беті жабыстырылған майда жапсырмалардан көрінбей кеткен. Мұның әр қарызын дәптерге емес, төлқұжатының бетіне жапсыра бергенге ұқсайды. Арасында 520 деген сан жазылған қағаздар көп. Ол темекіден қағандар екенін сезіп отыр. Орнынан тұрып кетейін деп бір оқталды да, кіріптарлығы қинап қозғалыссыз қалды. Құжатын қайта алған менеджер компьютер пернетақтасын бірнеше рет тақыдатты да:

– Қарызды қандай мақсатта алып отырсыз? – деді.

– Қарыздарымды жабу үшін, – деп Досжан ашығын айтты.

– Ол қарыздарды не үшін алып едіңіз?

– Қарындасым, адам ақшасы жоқтықтан емес, дәл уақытында ақшасы болмай қалғаннан қарызданады, – деп манағы дайындаған шығармашылық жауаптарының бірін ғана айтып үлгерді. Ары жалғастырып: «Ақшасы болатынына сенімді адам ғана қарыз алады», – дегісі келіп еді, ұзын тырнақтарымен пернетақтаны тақылдатып отырған қыз бұған құжатын қайтарып жатып:

– Біздің банк сізге кредит бере алмайды, – деп қысқа қайырған. Манағы күтіп алған кезіндегі күлкі, күлімсіреу, жылы шырай бәрі-бәрі қыз бетінен лезде жоғалған.

Бұлай боларын өзі де сезген. Төлқұжатына жапсырылған қағаздарды көргенде-ақ шешіліп қойған дүние болатын.

Жиған жігері құм болып, тротуарға төселген плиталардың шетін баспауды ғана ойлап келеді. Әлемде хаос болса, ол Досжанның миында. Атомдық бос кеңістік – ол да Досжанның миы. Сол мидың нөл бүтін миллионнан бір бөлшегінде Досжан тротуарға төселген плиталардың біріккен жерін баспауды ойлап келеді. Қарманып ұстар мүмкіндік әдірем қалсын, ұшы да өз алдына, ұшығынан ұстатары жоқ.

«Бәрінің бетіне бір-ақ түкіріп, өле салсам ғой!».

Дәл осы ой оның миына тура тотияйын тамызып жібергендей әсер етті. Көліктің оталғанындай миы селкілдеп ала жөнелген. Оның әлгіндегі бос қауашағы өлім туралы оймен нұрланып, өмірдің мәнін тапқандай еді. Өз ойына өзі әуестеніп, біршама жүрді де, ой ыстығы басылған сәтте туған туыстарын ойлады. Бірақ ұзақ алданбады. Өйткені әулетіндегі, тіпті әкесінің де жалғыз ұлы бұл емес. Демек, әкесінің артымда ұрпақ қалмады деп қиналар түгі жоқ.

Әйелін ойлады. Оның да басы жас. Өлі көтеріп те үлгермеді. Қырық күн қайғысын жұтып, алты ай артын күтсе арғы жағы кең өмір.

Сонда мұны ұстап тұрған нендей күш? Жұмысы ма? Беті аулақ. Бәлкім, арманы шығар. Не арман? Нобель сыйлығы ма? Ол арман мына жүріспен орындалмайды және осылай ойсыз, ізденіссіз жүріп өзінің Нобель сыйлығын алған сәттегі сөзіне қазірден дайындалатыны қай жарығаны? Сонда не?

Оның санасы өлім нұрымен нұрланған үстіне нұрланып, қалай өлетінін ойлап кетті. Пальтосының алдын ашып, мойынорағышын бос тастаған жігіт өзін Өзірейілдей сезінген.

Әдеттегі аялдамасында тұрып: «Мына жолмен көліктер тым қатты жүреді. Жақындап қалғанының алдынан жүгіріп шықсаң, ол сенен қаша алмайды», – деген ойға батып тұрды да: «Жоқ. Жақсы жүргізуші қашанда тежегішті басып немесе рульді бұрып үлгереді. Нәтижесінде өлімші хәлге түсерсің. Бірақ өлім мүмкіндігі тым аз», – деп өзінің қаны шашырар тұсты іздеп, басы ауған жаққа жүре берді. Жұмысқа бару үшін автобусқа отырамын деген ойы санасынан мүлде шығып кеткен. Тіпті жұмысқа бара жатқан жоқ секілді. Екі көшенің қиылысындағы көпір үстіне келіп төменге қарады. «Мұнда

мүмкіндік жоғары. Биіктік он шақты метр. Оған зуылдап келе жатқан көлікті қосыңыз» – деп ол өз ойына тамсанып тұрды да, бұл жолды көріксіз деп таныған.

Бір сәтте ол өзінің ойын жүзеге асырар жерді тапқандай асыға басып, қаланың жоғарғы жағындағы дамбаға беттеді. Оның тау жақ бетінен табиғи өзен ағып келетін де, қалаға қарай жасанды канал жалғасатын. Дамбаның бергі жағы бетон және қазір күздің кезінде суы тым таяз. Ол өзінің құлаған жерінде аққан қанның таяз суға қалай жайылатынын ойлап кетті. Дамбаның үстіне шыққан кезде де осы ойынан арыла алмаған болатын. Ол төменге қарап тұрып бетон бетімен жайыла аққан судан да, оның сарылдаған дауысынан да өзіне ғана арналған «ажалға» деген шақыртуды көріп, естіп тұрғандай. Бірақ бұл іске бүгінгі ауа райы кедергі келтіріп тұрған секілді. Ол тым жаймашуақ болатын.

Досжан бүкіл шаруасының шешімін тапқандай кеңсеге қуанышты кірді. Кірді де, өзімен қатарлас әріптес қызының белінен құшақтай алған. Мұндайды күтпеген Дина белін бұлғаң еткізіп шығып кетуге тырысты да, оған бұрылып:

– Әй, саған не болған? – дегеннен ары аса алмады.

– Сағындым да, – деп қаттырақ құшақтай түсті.

– Әйелің көріп қоймасын.

– Қорықпа. Ол мұнда жоқ. ...Кел, шашыңнан иіскейін.

– Туу, тағы темекі тартып келгенсің бе? – деп Дина тыжырына қалды.

– Тартса не бопты?

– Қарашы, өне, тістерің де сарғайып кеткен. Қойсаңшы...

– Бұл тіс бала жасымнан сары, – деп әңгімесін бастай бергенде кеңсеге Сәдуақас кіріп келіп, бұған амандасқан болып, Динаны құшағынан шығарып жіберген.

– Бас қалай? – деп Сәдуақас асқақтай сөйледі.

– Тіпті сергекпін. Өзінде ше?

– Шамалап. Бүгін бастыққа кіріп, есеп беретінімізді ұмытпа.

– Ұмытпаймын.

– ...Сосын кешегі әңгімелеріңді білетін шығарсың. Басекен саған тағы ренжулі, – деген Сәдуақастың сөз астарынан «әкім стипендиясын армандамай-ақ қой» деген емеурінді аңғару қиын емес еді. Досжанды күлкі қысып тұрды да:

– Оның маңызы қанша. Ішкен адам... – деп иығын қиқаң еткізе салды.

– Маған сонысы ұнайды. Масайып, темекісін езуіне қыстырып алып, ешкімді менсінбей шалқайып отыратының бар ғой, Досжан. Сені сол үшін жақсы көретін секілдімін, – деп Дина сезімін игере алмай қалғанда:

– Оның әйелі бар екенін ұмытпа, Динка, – деп Сәдуақас ары айтқызғысы келмеді.

– Иә, Дина. Арамызда Сәдудей бойдақ азамат жүр. Ертең айрылып қалуың мүмкін, – деп Досжан Сәдуақасты ұялта түскісі келген. Бірақ Дина бүкіл сөздің нүктесін бірақ қойды.

– Маған сенің типажындағы жігіттер ұнайды!

Бұл сөзге іштей масаттанып, сыртына әзілмен ғана тіл қатқан Досжан:

– Тааак!.. Онда Сәду жылдам бойынды бірде жетпіске шөктіріп, салмағынды 80-ге жеткізіп ал және дәл мендегідей қарынды ұмытпа, – деп бұрылып төр жақтағы орнына отыра кетті. Қызғалақтаған (қызарақтаған?) Сәдуақас суық терін сүртіп, кеңседен шығып барады.

Бүгінгі келген шешімі өзіне тым қатты ұнаған болса керек, үш аптада бітірмеген есебін үш-ақ сағатта бітіріп, бастығының алдына алып барды. Хатшы қыздың бөлмесіне кірді де: «Өзінде ме?» – деп жауап күтпестен тұтқаға жармасқан. Хатшы қыз жанұшыра жүгіріп келіп, есікті тірей қалды.

– Ешкім мазаламасын деп еді.

– Жобаның есебін алып келіп тұрмын. Қол қойдырамын да шығамын.

– Айттым ғой. Мазаламаңыз.

– Бастығыңыз ғарыштың шетін іздеп отыр ма?

Хатшы қыз иығын әнтек көтерді де, орынына қарай жылжыған еді. Ол Досжанды бас салып кіріп кетеді деп өсте ойламаған. Бірақ бәрі оның ойламағанындай болды. Есікті жұлқа ашып Досжан ішке кірді де:

– Аға, есепке қол қойдырмақшы едім, – деп үстеліне жақындай бергенде бастығы экраннан көзін алмаған қалпы:

– Бір айналып келші, – деп бұған назар да аудармады.

Досжан кері бұрылып есікті шала жауып, бастықтың естіп тұрғанын анық біле тұрып сөз бастады.

– Осы біздің бастықтарды түсінбеймін. Қызметкер

өз шаруасы үшін, өз ақшасы үшін жүгіріп жүргендей керкиеді (кергиді?) келіп. Қол қою сонша ұзақ уақыт ала ма? – деп хатшы қыздың үстеліне жақындады да, алдына папканы тастай салды. – Басекеңіздің қолы босағанда қол қойдыра салыңызшы, – деп кеңседен шығып кетті.

Ол бүгінгідей қала күзінің сұлулығын ешқашан аңдамаған екен. Адамның үшінші көзін соқыр ететін, табиғатпен тілдесуден алыстататын ғалымдар айтып жүргендей бетон қабырғалар мен химиялық тағамдар емес секілді. Оның үшінші көзін, тіпті екі көзін де соқыр ету – күйбең тіршіліктің ғана қолынан келердей.

Өмірінің соңғы сәттерінде бүкіл дүниені жанарына сіңіріп алғысы келді ме, айналасына, айналасындағы түкке тұрғысыз кішкентай дүниелерге де таңданыспен қарап келеді. Жұмысқа кеш келіп, ерте кетіп барады. Келіншегіне қайтып келе жатқанын ескертіп қойды. Бірақ Дина қайта-қайта қоңырау шалып жатыр. Бастығының қолы босаса керек.

Телефонының бетінен қызметтес қыздың атын оқыған сайын, әйелі Айшаны ойлайды. Ол қазір мұны күтіп алады. Мойнына асылып еркелейді. Сосын үйде отырып қалай іші пысқанын әңгіме етеді. Тамағын саып жүріп оны қанша минутта дайындағанын, шәйінің қанша уақытта қайнағанын, мұның баспаздақпен көтеріліп келе жатқандағы аяқ дыбыстарын естіп, есікке қанша секунд бұрын барып алғанының бәрін-бәрін айтып береді және әйелінің бұл әңгімесінің барлығын бұрынғыдай емес, бүгін ол шын ниетімен тыңдайды.

Иә, барлығы ойындағыдай болды. Езуін жимай, бұл сөздерді бүгін бірінші рет естіп отырғандай тыңдады. Күнделікті жасайтын асын асыра мақтады. Үйленгелі бірінші рет серуендеп келуге өзі шақырды. Айлығы түскен екен. Киноға апарды. Жақсы көретін балмұздағын алып берді. Ал түнде оның қысқа шашын тарағыштап ұзақ жатты... Таңертең ұйықтап жатқан келіншегін ұзақ иіскеді. Жүрегі сыздайтын секілді. Өзінің өлімі туралы ойлаған сайын миы азаттық күйін кешіп, жүрегі сығымдала түсетіндей. Келіншегінің маңдайынан сүйді де, оятып алмайын деп еппен тұрып бара жатқан сәтінде Айша қолынан ұстай алған.

– Кейде қасымнан кетсең, қайтып оралмайтындай болып көрінесің, – деп ұйқылы-ояу тіл қатты.

– Қайда кетем?.. Келем ғой. Жұмыс көп. Ұйықтай бер, – деп тұрып кетті.

Ол үйден шыға кешегі жүріп өткен «өлім» жолына қайта түскен еді. Санасы өлім турасында кешегідей алаулап тұрған жоқ. Дегенмен бойынан бекігендік байқалады. Тек жүрегі қинап тұр. «Ақыры кетем ғой. Кеткеннен кейін-ақ тауып алар» деп телефонын мүлдем сөндіріп тастаған.

Көшеде адам аз. Тіптен өте аз десе де болады. Әдеттегі аялдмасына келіп арқасын сүйеп отыра кеткен. Қадамды қашан жасау керек? Ол айналасына қарап, кешегідей бекінген ойын кешеуілдетуге себеп іздей бастаған... Ауа-райынан кінәрат іздегісі келді. Бірақ күн кешегідей жайма-шуақ емес еді.

Дамбаға қарай еріксіз қозғала берді де, көлік дөңгелектерінің асфальтпен шиқылдай жанасқанына жалт бұрылды. (Көлік) Т (т)оқтап үлгерме алған жоқ. Рульді де бұрып үлгермеді. Алдынан шыққан пальтолы жігітті қаққан қалпы, көлік үстінен асыра аунатып барып бірақ-ақ тоқтаған. Аялдамадағылар «өлді, өлді» деуге ғана шамасы келді. Бұл оны да айтып үлгермеді. Жанталасып жігіттің жанына жүгіріп барып, жүзіне үңілді де, шегіншектей берді. Жол жиегіне жетіп, шалқасынан құлағанға дейін ол өзінің шегініп бара жатқанын сезген жоқ-ты. Басқа сөзге тілі келмей қалғандай «Мүмкін емес! Мүмкін емес!» дей берді. Бірақ шынында мүмкін емес болатын. Ол өз тағдырының тарам-тарам екенін білсе де, дәл бұлай қиылысарына көзі жетпеген. Артына қарағыштай берді. Өйткені алдындағы көрініс тіптен қорқынышты болатын. Өне, тура кешегі өзі секіргісі келген көпір үстінде тағы бір пальтолы жігіт тұр. Ол көпір жиегіне шығып тұрды да, ағылып жатқан көліктерге қарай құлашын жая ауып кетті. Барып қарауға дәті шыдамады. Тек соңғы нүкте дамбаға қарай барын салып жүгіре жөнелген.

Ол ентігіп жеткен сәтте темекісін езуіне қыстырып алып, дамбаның жиегіндегі темірге шалқалай сүйеніп, тауға қарап тұрған өзін көрді. Көрді де, тағы қайталады: «Мүмкін емес!»

– Мүмкін, Досеке! Кел бермен. Шалқалап тұрып шылым тарғалық. Саған дүниеге солай шірене қараған ұнаушы еді ғой. Өрине, бұл әдет сенің бойыңда осыдан 4-5 ай бұрын болатын. Ал қазір ол «тектілігіңді» ішкен кезде ғана қайта табасың...

– Бұл біреудің мазағы ма? Әлде, галлюцинация ма? – деп дамбаға ентігіп жеткен Досжан селтиіп әлі тұр.

– Жоқ. Бұл сенің, һәм біздің жасаған «тағдыр» теориясының әзірше кішірейтілген нұсқасы ғана. «Тағдыр – тарам-тарам жолдар. Таңдағанымызбен жүреміз. Квант секілді. Қанша таңдау болса – тағдырыңның сонша тармағы бар» деген теорияны жасаған екеуіміз емес пе едік? Екеуіміз ойларымыз арқылы қаншама рет өмірімізді түйіндеуге тырыстық. Тіпті кеше ғана өлу үшін үш түрлі таңдау жасадық. Көлік астына түскіміз келді. Көпірден секіремін дедік. Соңыра дамбадан секіруді көріктірек санадық. Сол үш түрлі түйінделген жерде үш түрлі өзіңмен кездестің. Оның несіне таңғалып тұрсың? – деп шылымын тұтатқан Екінші Досжан алғашқы тартымды ішіне тартпай сыртқа бұрқ еткізді.

Ентігіп жеткен Досжан «Екіншінің» жанына келіп, ол да дамба жиегіне еңкейе сүйенді. Бірақ тауға емес, қалаға қарап тұрған. Тауға қарап шіренген өзіне тағы да бұрылып:

– Бірақ бұл мүмкін емес қой, – деп тағы күбірледі.

– Кванттық әлемді түсінетіндер бар да, оған шынымен сенетіндер бар. Екеуіміз сол сенетіндердің қатарынан едік. Ал кванттық әлемде бәрі мүмкін.

– Иә. Кванттық әлемге жарық жылдамдығы да шектеу бола алмайды. Ал біздің ғалымдар сол баяғы Эйнштейн айтып кеткен ертегіге сенеді, – деп ентігін басуға тырысты.

– Ал біз ертегіге сенбедік, – деп Екінші Досжан әңгімеге май құя түскен.

– Әрине, олардың ертегісінің де шындығы бар еді. Бірақ атүсті шындық бұл, – деп Досжан Екінші өзіне тағы да таңырқай қарады. Анықтап қараған осы жолы.

– Қалай ойлайсың, солардың шындығын қабылдаған болсақ, өлім туралы ойламас едік қой. Екеуіміздің дәл осы жерде қиылысуымыз да болмас еді, – деп тауға қарап тұрған Екінші Досжан езуіне қыстырулы шылымын бас бармағы мен сұқ саусағына қыса ұстап алды да, ортаңғы саусағымен күлін қағып-қағып тастады.

– Бәлкім... Сұр пиджак пен қызыл пиджактың таңдауы секілді дүние ғой, – деп жүгіріп келген Досжан қалтасынан шылымын шығарды.

– Дегенмен, бір-бірімізбен бетпе-бет келіп тұрмыз... Мойындайықшы. Мына дүниенің бейматериялық

екеніне әлі күнге толық көзіміз жетпейді емес пе? Біз адамның қоршаған ортасын тек бес сезім мүшесі арқылы қабылдайтынын сөз еттік. Адамдардың көруі, сезуі, естуі, дәм сезуі және иіс сезуі – барлығы миға ақпаратты электронды түрде жеткізетінін алға тарттық. Яғни адам айналасын емес, сол айналасының электронды көшірмесін көретінін айттық. Қортындылай келе, әлем – адам миының ішіндегі голограмма деген тұжырым жасаған едік, – деп Екінші Досжан бұған көз қиығын тастады.

– Иә, – деп қалаға қарап тұрған Досжан тауға телмірген «өзінің» сөзін жалғады. – Бәрі дұрыс. Оған дәлел ретінде, адам миын адамнан бөліп алып, оны компьютерге жалғап, екілік код арқылы ақпарат жіберер болсақ, ол ми тәнсіз-ақөзін қалыпты адам ретінде сезіне алатынын айттық. Адам түсінде шөлдегенін, шаршағанын сезеді. Қорқады. Тіпті біреуден қашып жүруі мүмкін. Бәлкім, біреуді қуып жүрер. Ол түсінде әрқашан қозғалыста. Және оянғанша түсін реалды өмір санайды. Бірақ оянған кезінде ғана ешкімді қумағанын, ешкімнен қашпағанын біледі. Яғни бүкіл нәрсені сезетін адамның миы ғана. Жақында Америкада тумысынан зағиптарға арналған көзіддірік жасалды. Ол көзіддірікке камералар орнатылған. Ал камералар тиісінше мидің көру процесін электронға айналдыратын тамырларына жалғанады. Тумысынан зағип жандардың көзі осылай ашылууда. Енді ойлашы, егер сол көзіддіріктегі камераны тек қара және ақ түстермен түсіруге баптап қойсақ, зағип адам өмірді қара мен ақ түстің реңтерінен ғана тұрады деп ойлайды емес пе?

– Бірақ мұнымен әлемнің бейматериялық екенін дәлелдеу мүмкін емес деп ойлаймын. Әлем біздің миымыздағы голограмма десек – мидың өзінің материядан тұратынын қайда қоярмыз? – деп тауға қарап тұрған Екінші Досжан қалаға қарай бұрылып алды да: – Расы солай емес пе? – деп Екінші Досжан сынай қараған.

– Рас. Миды біз бас қауашағымызды ашып, қолымызбен ұстап, көзімізбен көре аламыз. Бірақ ол да электронды берілетін сигнал ғана, – деп Досжан қысқа түйіндеді.

– Сонда біз кімбіз? Неден жаратылдық?

– Егер қысқа қайырар болсақ, біздегі бары жан мен рух қана. Өзге ештеңе жоқ.

– Ал бізге мына әлемді ғажайып етіп көрсетіп, өз тәнімізді, айналаны сезінуге беріліп жатқан сигнал –

Тәңірден демексің ғой, – деп Екінші Досжан тағы да сынағысы келген адамша көз қырын ғана тастады бұған.

– Өлбетте. Адамдар өлмейді. Тек адам рухы Тәңір матрицасының бір фазасынан екінші фазасына ауысады. Бұл дүниеде көрген ғажайыптардан асқан ғажайып күтіп тұр ол жақта. Біз оны «о дүние» дейміз. Жұмақ дейміз, тозақ дейміз. Бірақ оны ешкім толық сипаттап бере алмайды. Өйткені ол жақта мүлде басқа өлшем. Біздің санамызға сіңген төрт өлшемді әлемді ұмытасың. Санамызға бес өлшемді, алты, тіпті мың өлшемді көре алатын, сезіне алатын мүмкіндік берілмек.

– Сен сонда Тәңір мұғжизаларын дүниенің матрица екенімен түсіндірмекпісің?

– Иә, құдай кереметтерінің барлығының ғылыми негізі бар. Бірақ оны бүгінгі дәстүрлі ғылыммен түсіндіру мүмкін емес. Ал матрицада өмір сүреміз десек, жауабы оңай... Біз қазір сол тәңір ғажайыптарының ең төменгі сатысындамыз.

– Осы теорияға шын сенесің бе?

– Иә. Өйткені матрицада өмір сүруге болатынына екеуміз-ақ дәлелміз. Біз дәл қазір тәңірлік матрица ішінен жасаған жасанды компьютерлік матрицадамыз...

– Жасанды? – деп Екінші Досжан аңтарыла қалды.

– Иә. Жасанды және өте сапасыз матрицада.

– Сонда жасанды матрицадағы біз кіміз?

– Мен – Тәңірмін!

– Мен де ме?.. – Екінші Досжанның көзіндегі сыншылығы кетіп, жалпақтауға ұқсай бастады.

– Жоқ, сен қолдан жасалған менің көшірмем ғанасың. Тағдырымның тұйықталған нүктесі де емессің. Сен, мына қоршаған әлем, қала, адамдар барлығы – біздің зерттеу ұйымының қолдан жасаған матрицасы ғана. Оны мен білемін. Сондықтан, Тәңірлік кейпім бар.

– Болжамыңа бас изедім. Дәлелің қайсы? – деп Екінші Досжан қармана бастады.

– Топып жатыр. Біріншіден, біздің зерттеу ұйымының «виртуалды қала» жобасы ешкімге қажет емес екенін басында-ақ айтқанмын. Бірақ олар, бастықсымағымыз бастап, Сәду, Нұржан, Дина бәрі жабылып ақшасын айтып қызықтырды. Бірақ біз сұратқан ақша тым көп еді. Ол ақшаның бес пайызға жетпес бөлігі ғана жобаға жұмсалып, қалғанының барлығы лаборатория мен

суперкуатты компьютерлерге жұмсалғанын бүгін біліп отырмын. Біздің бәсекең мен ойлағандай ақымақ емес болып шықты, – деп Досжан өзіне жарасымсыз күліп алды да: – Бәсекең менің, бәлкі екеуміздің магистрлік жұмысымызды жата-жастана оқып, осы жобаны іске асырып отыр. Лабораторияны қайда салып, қанша маман жұмыс істеп жатқаны маған белгісіз. Бірақ қанша маман болмасын, бүгінгі суперкуатты компьютерлерінің бұл матрицаны көтеруге қуаты жетпейді. Сондықтан кейбір сәттерде менің көзіме кубиктер елестеп, мына қала әр қараған сайын қайта тұрғызылып жатқандай көрінеді. Мұндай әдіс компьютерлік ойындардың салмағын жеңілдету үшін қолданылатыны белгілі.

Екіншіден. Сен менің өзім емес, көшірмем ғанасың дедім ғой. Ал жаратушың – Дина. Өйткені тістерің аппақ. Дина маған іштей ынтық болса да, тістерімнің сарылығын ұнатпаушы еді. Ол осылай экспериментальды матрицаға Досжанның дәлме-дәл көшірмесін емес, өзі қалайтын Досжанды енгізген.

Үшіншіден. Біздің үйдің жанындағы дүкен атының «Дина» болып өзгертілуі мүмкін емес деп ойлаймын. Өйткені қожайыны ауысқан жоқ, дүкеншілер де өз орнында. Мұны Сәду-мәжнүн Дина үшін ғана жасап отыр. Оның Динаны ұнататынын білесің ғой.

Төртіншіден. Қала көшелерінде адам аз. Өйткені компьютердің операциялық жүйесіне артық күш түсірмеу керек. Ал, менің «тағдыры тұйықталған» тағдырласым. Мұнан артық саған қандай дәлел керек?

Осы ойлардың барлығын саралай келгенде мен қазір келіншегіммен лабораторияда жатырмын. Баяғы «Бөшкедегі» отырыстан кейін біздің бастық мені әйеліммен қосып үйіне неге шақыра қалды деп едім. Әрине, өкінішті. Өйткені олардың бізді матрицадан қашан ажыратары белгісіз. Дегенмен өкінішімнен гөрі қуанышым басым.

Досжанның сәтсіз көшірмесі аңтарылып тұрды да:

– Жалпы осы дәлелдеуіңнің құны көк тиын. Тәңірдің матрицасында өмір сүріп жатыр екенбіз деп ешкім бақытты болып кете қоймас.

– Дұрыс айтасың. Десек те, біз оған қарай қадам жасадық. Жүздесер күнге де жақындай түстік.

– Тәңірмен жүздесер күн – ақырзаман...

– Ол да мүмкін. Тек оны ақырзаман емес, Тәңірдің

біз өмір сүріп жатқан төменгі матрицасын күйретуі деп қарау керек шығар. Біз келесі фазаға өтеміз. Бүгінгі тіл, бүгінгі ғылым, бүгінгі фантастика суреттеп бере алмас келесі матрицаға.

* * *

Кеңсе. Бастықтың алдында Дина, Сәдуақас және Нұржан отыр. Басекең тамағын кернеп алып сөз бастаған:

– Сонымен, эксперимент диттегеніне жеткен жоқ.

– Бәрі дұрыс келе жатыр еді, басеке, – деп жұтынып алған Сәдуақас сөзін әрі сабақтады: – Тек тым асығыстық жасадық. Жүйе дайын емес еді.

– Жә, оны қойшы. Досжан өзінің «тағдырлас» көшірмесімен дамбадан секіруі тиіс еді. Өз-өзіне қол жұмсауы керек болатын.

– Иә, басеке. Біз алғашқы сәттен бастап-ақ оның санасына өз-өзіне қол жұмсау туралы және басқа да сигналдарды үзбей жіберіп отырдық. Сол сигналдардың барлығын орындап келді де, соңғы сәтте оның миы сигналды қабылдамай қойды. Неге екені өзімізге де түсініксіз. Компьютер қателесті дейін десек, сигналдар архивінде бәрі айна қатесіз көрініп тұр. Бейне бір матрицадағы Досжан мен компьютер арасында тылсым күш тұрған секілді, – деп Сәдуақас тағы да кібіртктеп түсіндіріп бақты.

– Адам миы мен компьютер арасындағы тылсым күш? Ол не тағы? – деп бастық ойлана қалды да, қазақы қария көрген көкірегі күкіртше лап етіп: «Астапралда! Астапралда!» – деп маңдайындағы терін сүртті.

– «Не» емес, «кім?» шығар. Иә, кім?..

ҚАЗІР ТОРҒАЙ ҰШАДЫ

(Соңғы трамвай)

(Утопиялық әңгіме)

2015 жыл. 30 қазан. Ақжар ықшам ауданы.

– Валя, киімдерімді дайындап қойшы.

– Дайын тұр емес пе? – деп етженді әйел галстугін тағып жатқан мұның жанына ентігіп келіп қалды.

– Ескісін дайында. Ескі болғанда да Горбачев бергенін... Шифонерде тұр, – деп ері айнадағы сұлбасына сыздана көз тастады. Ұнамайды. Өзіне-өзі ұнаған емес. Валя кемпірдің шифонерді ашып: «Өртеп жіберу керек еді», – деп күңк еткеніне, бұл мырс етті. Кемпірінің, әйел тектінің сатқындығы бейамал.

Күн салқындап қалса да, қыстың сызы біліне қоймаған. Есіктің алдына шығып, таңғы ауамен тыныстап тұр. Қалтасынан шылым шығарып, таң ауасын қимай іркіліп қалды. Темекі тартуға оқталғанын сезіп қойғандай кәрі өкпесі күркіге басқан. Таңғы шылымның алдында осылай жөтеліп, қап-қара қақырық тастайтын. Қызыл өкімет құлағанда «әдеттен» алып қалғаны осы екеуі. Үшіншісі де бар. Бірақ оны өзі әдетке санамайды. Мүліктен қалғаны осы үй мен қаладағы пәтері. Сосын, сары Москвич.

Үйренген жөтелі болса да, бүгінгісі тым қатты соқты. Жөтелген сайын лоқсып, көзі жасаурап кеткен. Сыртқы есіктен басын шығарып, тыжырынған Валя:

– Құдай-ай, өкпең түсіп қалса болар еді, – деп жекіп алды.

Естімей жүрген сөз емес. Жекілмей жүргені де шамалы... Тек бүгін көкжелкесі құрысып тұр. Егер кілтін салып, жартылай бұрғаннан 412-ші Москвич «түр» етпегенде Валяның анасы көрінде үш-төрт аунап тұрар еді. Екінші рет шағуға сылтау таппаған кемпір де есіктен қылтиған басын тартып алды. Бүгін оталмай қалса деп еді... Қайбір жылдан бері ішгей дайындап, ауызын бос байлаған біраз сөз бар. Қайбір жыл деген ұлының иномарка мінгізген жылы. Қырсық шал қырық сылтау айтып, міндебі. Бұл қырық сылтау тауып көндіргісі келді. Көнбеді. Темірді қойып, тірінің арасы суып үлгеретін

уақытта, мұның Москвичіне деген адалдығының ояна қалғанын. Салдабасы шыққыр сары темір... Сол күнге дейін көңілі түссе оталып, көңілі түспесе көк түтінін бір бұрқ еткізіп жым болатан қырсық шалғыр сары темірдің оталмай қалған күні болмады. Жиған сөзімді жайғызбай, тілімді байлап қойған құдай-ау, бұ қырсықтың саған қай қылығы жақты деп Валя шалымен іштей ұрысып құдайдың да құлағын шулатқанын аңғармай қалды.

Москвичтің иесі кемпірінің көрін шашар жан таппай, өз өзін шағып жатқанын анық білді. Темекісін тұтатуға енді бір оқталып, бүгінгі арбасуда жеткен жеңісінің тәтті сөтін таңдайына басып тағы біраз тұрды.

Үлкен жолдың бойындағы үйінің тұсында автобус күтіп тұрған адам қарасы көп екен. Сигналымен аластап, алдын тазартып алып, автобус паркіне қарай сары москвич кетіп бара жатты.

– Иә, Владимир Андреевич, қош келдіңіз! – деп автобус паркінің директоры мұны жылы қарсы алған-ды. Ірі денелі, қолы қарулы жігіт ағасының сөзін бұл түсінсе де, түсінбеген сыңай танытып, еңкейіңкіреп құлағын тосты. Директор айтқан сөзін жалма-жан орысша қайталады.

– Қош делік...

– Не боп қалды? – деп бұл жолы директор түсінсе де, түсінбеген сыңай танытып, оң жақ құлағын тосты. Оның сол жақ құлағының ауыр екенін Владимир Андреевич жақсы білетін. Тіпті мұны директор құлағының жыртығынан да, сол жақ бетіндегі тыртықтан да аңғару қиын емес.

– Парктеріңізге осымен бесінші рет келіп отырмын. Қала әкімдігі менің үйімнен алысырақ жерден аялдама салып бергеніне 3 айдан асты. Ал жолаушылар әлі менің қақпамның алдында тұр.

– Сабыр етіңіз! Өсте-өсте үйреніп кетер.

– Сабырым жетпейді. Жаңадан салынған аялдама мен «жабайы» аялдаманың арасы жүз-ақ қадам. Сол жерге дейін жаяу келе салу қиын ба?

– Сізге ше? Үйіңізден шығып, қақпаңыздың алдынан автобусқа отыра салмай, жүз қадам басып, аялдамадан отырған сізге оңай ма?

– Оңай емес. Бірақ бүйте берсек аттап бассаң аялдама болмай ма? – деп Владимир Андреевич ойын жалғастырмақ болып еді, директор бөліп жіберді:

– Жақсы! Жүргізушілерге ескертемін!

– Иә, олар жолаушыларға түсіндірсін, – деп Владимир Андреевич орынан тұрып бара жатты да: – Жоқ, болмайды. Осынша уақыт бойы ауызша ескертіп келдім. Арыз жазамын!

– Мінекейіңіз! – деп директор алдында жатқан көп қағаздың бірін «арызданушының» алдына тастады. Владимир Андреевич қағазға үңілді де директордың өзіне қайтарып беріп:

– Маған орысшасын беріңіз! – деп нығырлады.

– Владимир Андреевич, бізде қазір өтініш, арыздың барлығы қазақ тілінде жазылады.

– Онда үлгісіз таза қағаз беріңіз, – деді сұрланып.

A4 қағаздың беті ала жазуға төгіліп толып, арызданушының аты-жөні өзгер сыйды. Директор арыздан оның толық аты-жөнін бірінші рет көрді. «Владимир Андреевич Сюзюков».

Есіктен шығып бара жатқан арызданушы да директордың есігіндегі жазудан оның толық есімін тұңғыш оқыды. «Сүйіндіков Айдар Елдарұлы».

Осы автобус паркіне бес рет келіп, бесінші рет бір ғана оймен шығып келе жатыр. «Қайдан көрді?». Анық есінде. Бұрын, қанша жыл бұрын екені белгісіз, оны бір жерден көргені рас. Есіне түсіре алар емес. Өзін тағы трамвай жүргізушісі ретінде жұбатты. Күніне мұның вагонына қанша адам мініп түседі емес пе? Солардың біреуі шығар деп жаба салды. Бесінші рет...

Бесінші рет... тағы жеңіліп шығып келе жатыр. Баяғыда орысша сөйлеп, арыз айтып келген адамның бүкіл өтініші орындалатын еді. Қазір мұның тілін түсінетін адам да азайып кеткендей...

Үйінің қапасынан кіріп келе жатып, далада жайылып тұрған ескі формасын көріп, алабөтен күй кешті. Көмейіне лимон қышқылы тамып кеткендей көзі жасаурап барып, қайта жиып алған. Трамвай трамвай рычагын ұстағалы бері мұндай әдемі форма кимеген... Иә, киген жоқ. Жауынгердің парадтық формасы дерсің.

Владимир Андреевич үйіне кіріп, теледидарды қосты да, диванға қисайды. Ертелі-кеш тек қазақша сарнайтын отандық телеарналардан аттап, жиырмасыншыға көтеріліп келеді. Сол тұстан жоғары шетелдік арналар басталатын. Он үшіншіге келгенде кенет тоқтап қалды.

Экранда үйір-үйір жылқы шаңдатып барады екен. Олардың үстінен қыран ұшып өтті. Міне, қыранның өзі емес жерге түскен көлеңкесі ғана келеді. Сол көлеңке алып аюдың үстіне төніп келіп, найзағайдай жарқ етіп, аюды ала құлады. Алғашында өз көзіне өзі сенбеген. Қыран, бүркіт туралы біршама білетіні бар еді. Бірақ оның аю алғанын тұңғыш көрді. Одан ары қазақы тазының аң алғанын көріп, тұрқы келіскен аттардың дүбірін тыңдап ұзақ жатты. Тұлпардың дүбірі оның жүрек соғысымен үндесетіндей. Дүк-дүк, дүк-дүк. Бұл дыбысты ол бұрыннан білетіндей... Бұл дыбыс оның құлағына сіңіп өскендей... Бұл ритм оның жүрегімен бірге соғатын секілді... Иә, иә... Трамвайдың жүрісі ғой бұл. Дүк-дүк. Дүк-дүк. Аттың кісінегеніндей трамвайдың да қоңырауын соғасың. Қайта-қайта. Дүк-дүк. Дүк-дүк... Шылдыр-шылдыр... Шылдыр-шылдыр...

Тұлпардың шабысы мен трамвайының жүрісін үндестіріп қанша уақыт жатқаны есінде жоқ, тек Валя кемпір:

– Асқа кел, Вова, – дегенде шошып оянды. Теледидар жаңалыққа ауысқан екен. Алғашында диктордың оқу мәнерінен орыс тілінде жаңалық тыңдап отырғандай болған. Сәлден кейін қазақша хабар екенін аңдады. Өңгіме трамвайлар жөнінде. Соңғы екі айда болған екі бірдей үлкен апаттың себеп-салдарын анықтап жатыр. Бірі жол кінәлі деді, бірі трамвай жүргізушісін кінәлады...

Бірден өшіріп тастады. Осы жаңалықтан кейін-ақ көңілі бұзыла беріп жегені желім болды.

2015 жыл. 31 қазан. Трамвай депосы.

Владимир Андреевич таңертең ерте тұрып, Валяның қуырған жұмыртқасынан ауыз тиді. Ескі формасын киіп ап, жеңіс күніндегі аргердей аялдамада тұр. Ол жұмысына көлігін мінбеуші еді. Тек релспен жүріп үйренген трамвай жүргізушісіне қалада көлік айдау ыңғайсыз. Оның үстіне 1979 жылдан бері айдаған трамвайларының бірінің де педаль болмады. Қолмен басқаратын. Ал көлік айдағанда үш педаль арасында екі аяғы адасып қала беретін.

Жұмысқа баратын автобусы баяғыша бірінші мұның қақпасының алдына жиналған адамдарды мінгізіп, содан кейін ғана аялдамаға тоқтаған. Ол жерден бұл жалғыз отырды. Көңіл күйін бұзғысы келмей, үнсіз орындықтардың

біріне жайғасты. Автобус жүргізушілерімен күнде керілдесетін. Бірақ бүгін емес. Онсыз да езіліп отыр.

Депоға кіре берісте мұны Сұлтан Әбдірахманұлы күтіп алды. Бір кездегі кондуктор, кейіннен жүргізуші өріптес, қазір депо директоры. Жұрттың барлығы оны тек фамилиясымен атайтын. Зейінов.

Владимир Андреевич Зейіновтің өзіне неге сонша жалпақтайтынын түсінбейтін. Осының ғана трамвайына жаңа бөлшектер алып береді. Осыған ғана айлық сыйақы тағайындауға құмар. Алғашында қысылып, кейін бойы үйреніп кетті. Тіпті үйреніскені сонша біреу қырын қарай қалса ашуланып шыға келетін. Бәлкім ол жұмысын да сол үшін жақсы көретін шығар. Бұл қалада өзін жайлы, өзгелерден асқақ сезінетін басқа ешбір жер қалған жоқты.

Зейінов бұған күлімсірей амандасты да:

– Ғадетіңізден жаңылмайсыз-ау.

– Бәлкім соңғы рет шығар, – деп Владимир Андреевич көңілдегі шын күдігін білдірді.

– Олай деменіз. Трамвайды уақытша ғана тоқтатады. Релстерге жөндеу жүргіземіз.

– Сенейік... 1937 жылдан бері тоқтамаған трамвай еді.

– Иә, 37 жылдан бері... – деп Зейінов біршама ойланып тұрды да: – Өзі бұл далаға, бұл қалаға 37 жылы екі бірдей зауал келді ғой, – деп барып тоқтады.

Владимир Андреевич бұл сөзді естімегенсіп, сары түсті трамвайына қарай беттеді. Көліктің асты-үстің қараған болып, бригадир әйелді күтті. Қазір келіп, кімнен кейін кімнің жүретінін анықтап беруі керек. Мәселенің шешімі оңай болды. Бүгін линияға екі-ақ трамвай шығады. №4-ші және №6-шы. Екеуі де екі айналым жасап, түске таман депоға оралу керек.

Бірақ Владимир Андреевич тағы екі айналым қосып жаздырды. Бүгін тоқтатылатын трамвайдың енді қашан жолға шығары белгісіз еді. Алғашқы үш айналымын күндіз жүріп өтті де, төртінші айналымды кешкілікке қалдырған. Депоға қайтып оралып, трамвайын айналшықтап біраз жүрді. Өзінің ескі орындығын тауып алып, трамвайына қарсы қарап отырып алған. Бұл орындық сонау 80 жылдардан бері бар. Өйткені ескі трамвайларда жүргізушілерге арналған орындық болмайтын. Тікесінен тік тұрып жүргізуі керек-ті. Ескі «Татралар» еді ғой.

Владимир Андреевичке Валя кемпір, ол кезде келіншек, үйдегі бір орындықты қаптап, ыңғайлы етіп жасап берген.

Міне сол орындығында сары трамвайына қарсы отырған Владимир Андреевич сокваяжынан бір жартылық пен туралған шұжық шығарып, трамвай екеуінің ортасына кішігірім дастархан жайды. Екі стақанға ақтан толтыра құйып, бірін өзі ұстады, екіншісін трамвайға сүйеді.

– Ал, Аннушка! Екеуіміздің соңғы сапарымыз үшін алып қоялық, – деп 200 граммдық қырлы стақанды бірақ көтерді. Жұдырығымен мұрынын басып біршама отырды да, «уфф» деп демін қайта шығарып: – Иә, неге соңғы сапар деп сұрауың мүмкін. Менің солай боларына күмәнім жоқ. Өйткені бұл қалада қазір трамвайларды ешкім керек қылмайды. Расын айтқанда қаланың ескі аудандарында тұратын өзім қатарлы шал-кемпірлердің ғана мінер көлігіне айналған. Өзі аз, жүру арасы ұзақ. Бір трамвайға үлгермесең, екіншісін күтудің өзі ақымақтық. Жо-жоқ, Анна! Оған сен кінәлі емессің. Оған... Оған... Жә, қойшы. Екеуіміз саясатқа барыспайық. Кел, одан да тағы алып қоялық, – деп шөлмекті қолына ала бере трамвайына қарады: Сен қазір жолға шығады екенсің ғой... Ішпей-ақ қой, – деп оған тірелген стақанды өзі ұстады. – Сен ренжіме! Мен бүгін өмірімде бірінші рет трамвайға масаң отырамын, – деді көтеріп садды.

– Анна? Сені не үшін осылай атайтынымды білесің бе? Білмейсің, әрине. Мені ескі трамвайымнан ауыстырып, саған отырғызған кезде, ұнатпаған едім. Түсінесің ғой, сен немістің, біздің санамызға менің отаным сіңіргендей, фашисттің қолында жасалған көліктің. Сол үшін ұнатпадым. Бірақ кейіннен ойландым. Отанымның жауының сұлу қызын өзіме ғашық етіп, тізгінін ұстағаным жеңісім болмай ма? Міне, сондықтан мен саған алғашқы махаббатымның есімін бердім. Алғашқы махаббатым дегенім, қыз емес. Ол да трамвай еді. Ескілікте осы қалада ең алғаш ашылған трамвай линиясын «А» линиясы деп атаған. Ол жолмен жүретін трамвай да «А» деп аталды. Сол кездегі тұңғыш трамвай жүргізушісі романтиктеу болса керек, «А» нөмірлі трамвайын «Анна» деп атап кеткен. Оның шәкірті де трамвайын осылай атады. Ол шәкірт менің ұстазым болды. Осылай үш ұрпақ бойы біздің қалада «Анна» атты трамвай жер тепкілеп жүрген еді. Бірақ ол туралы ешкім білмейді. Барлығы трамвайдың нөміріне

ғана қарайды ғой. ...Анна, түсінесің бе? Бұл қала екеуімізді жатсынып жатыр. Қала орнында, халық көшіп кеткен жоқ. Бірақ бұлар біздің өзегімізден теппекші. Түсінесің бе, мына халық өздері сонша жақсы көретін жануарының шабысын еске түсіретін көлікті құртқысы келеді... Дүк-дүк... Дүк-дүк...

Владимир Андреевич бүкіл эмоциясын жиып, тұмандана бастаған санасын оятып алды да, кешкі сегіз жарымдардың кезінде жолға шықты. Қала көшелері күңгірт тарта бастаған екен. Өзінің жарығын қосып алды.

Байтұрсынов көшесімен баяу көтеріліп келеді. Ол осы жолмен енді ешқашан жүрмейтінін жаңа ғана ұғынғандай... өксігін өзер тежеді. Барлығы таныс. Көзіне сіңісті, мына жолдың әрбір қиылысында, әрбір аялдамасында өз естелігі бар.

...Әне анау жерде Валямен тұңғыш кездескен. Кездескенде екеуі әйнектің екі жағында тұрып көрген еді бір-бірін. Ол кезде бұл ескі «татраның» рулінде. Ол трамвайдың айналасы тұтас «табалдырық» еді. Адамның бәрі жұмыстан қайтып, вагон ішіне сыймай кеткенде көбі осы табалдырықтарға мініп, сыртқы ұстағыштардан ұстап тұрып алатын. Валя да қыздар университетіндегі сабағынан жүгіре шығып, дәл жүргізушінің қапталындағы табалдырыққа тұра қалды. Владимир Андреевич оны көрген кезде трамвай терезесінің ағаш жақтауларын картинаның жақтауы, ал Валяны кенепке салынған картина деп елестеткен.

Трамвай Байтұрсынов көшесінен Шевченко көшесіне бұрылар тұста бағдаршамның қызыл түсіне тоқтады. Студент қыздар жүгіріп өтіп барады. Жатақханадан желең шыққан ба, күз суығы тондырып бара жатқан сияқты. Жүргізуші жасыл жанғанын байқамай, іркіліп қалды да, ту сыртынан басылған сигналдардан шошына қайта жылжыды. Рульдегі Владимир Андреевич жүргізу рычагінің сабын қысыңқырап ұстады да:

– Ех, Анна, Анна, – деп рычакты алға итеріп, біреу қуып келе жатқандай жүрісін үдете түскен еді. Иә, оны шынында біреу қуып келе жатты...

1986 жыл. 17 желтоқсан. Космонавтов-Шевченко көшелерінің қиылысы.

Владимир Андреевич соңғы айналымға шығардан бұрын қала жастарының алаңға жиналып жатқандығы

жайында әңгіме болған еді. Басы жас жігіт бұл соңғы айналымды жұмыс үшін емес, қызық үшін жүріп өткісі келген. Және басшылықтан арнайы тапсырма түсті. Жолда жүрген студенттерді көлікке отырғызуға болмайды.

Владимир Андреевич пен оның кондукторы Сұлтан Зейінов осылай жолға шыққан. Алғашында кондукторды ауыстыру туралы әңгіме болып, кейіннен бәрін өз қалпында қалдырды. Космонавтов көшесімен Шевченко көшесіне жеткенше жолаушы жоқ екен. Бүгін бәрі ерте қайтып кеткен секілді. Олар аялдаманың бәріне тоқтап, заңымен жүріп келе жатқан болатын. Кенет көшенің сол жақ, Масанчи көшесі жағынан жалғыз жігіт 5-6 қызды ерте жүгіріп шығып, трамвайдың алдын орай есікке жармасты. Бұл есікті ашып еді, палтосы мен шашына тұтастай мұз қатқан бойжеткен қыз:

– Ағатай, ала кетіңізші, – деп аяғын табалдырыққа сала берген сәтте бұл есікті жаба қалды. Қыздарды ертіп жүрген жігіт қарулы екен, ауа қысымымен жұмыс істейтін есіктерді екі жаққа кере ашып, ішке кіре бергенінде трамвай дөңгелегін бұрайтын кілтпен бұл да бірақ ұрған еді. Қайта кілт қырымен емес, жапағынан тиген. Жігіттің сол жақ беті мен құлағынан қан сау ете қалғанынан өзге бұл ештеңе көрмеді.

Алғашында үрпиіп, не істеп қойғанын өзі білмей, Зейіновке бұрылған.

– Өзіне де сол керек! Несі бар алаңда? – деп оның екіленіп тұрғаны мұны таңғалдырды. Негізінде Владимир Андреевич адам ұрғанына емес, Зейіновтің ұлтының адамын ұрғанына тосылып қалған еді. Ал оның түрі мынау. Бойы жеңілдегенімен, іштей арпалысқа түсіп, қаланың түнгі көшелерін тепкілеп келеді.

Ертесі күні депоға бірнеше адам суыт келіп, Зейінов екеуін директорға алдырды. Сауалдары қысқа. Әскерилер екені көрініп тұрған. Бұл екеуінің ұққаны бойынша кешегі бұларға жолыққан жігіт-қыздар ұсталмапты. Ішіндегі біреуі: «Қайда барады? Ұстаймыз әлі», – деп түйіліп отыр. Сонымен Зейінов екеуіне тапсырма берілді.

Бүгін түнгі айналым кезінде әр аялдамадан бұлардың вагонына қарапайым киінген бірнеше адам отырады. Қарапайым адамдарша билет алады. Сонымен Орбита ықшам ауданына дейін барып, сол жердегі пәтерлерден

өздеріне керекті адамдарды іздейді. Әрине, ол қарапайым киінгендер әскерилер болатыны бесенеден белгілі.

1986 жыл. 18 желтоқсан. Орбита ықшам ауданы.

Түнгі айналым кезінде трамвайға көп адам отырмаушы еді. Бірақ бүгін олардың қарасы көп. «Олардың» кім екенін Зейінов екеуі де жақсы біледі, әрине. Сыр берместен олар Орбита ықшам ауданына жетті де, кезекті үш аялдамадан «қарапайым киінгендерді» үш бөліп тастап соңғы аялдамада тұрып қалды. Трамвай бұзылғандай, оны-мұнысын шұқыланып жүрді де қойды.

Қыс ауасы тып-тынық. Тіпті он шақты көше төменде жүріп бара жатқан трамвайдың тақылдаған үні келеді құлаққа. Осы тыныштық Зейінов екеуінің де арасына орнап алған секілді. Не айтады? Ол не ойлап жүр? Не дегенмен өзінің бауырлары емес пе?

Бүкіл қаланың, екеуінің де арасындағы тыныштықты шыңғырған, айқайлаған адамдардың үні бұзып кетті. Аялдама жанындағы үйлердің терезесінен жігіттер секіріп, қыздарды жеңіл жамылғыларды арқан етіп түсіріп жатты. Бұл екеуі не істерін білмей аңтарылып тұрған сәтте, тапал бойлы мұртты жігіт жүгіріп келді де:

– Олар тағы қай үйлерге кірді? Қай жаққа қарай қашамыз? – деп жалынышты үн қатып еді, бұл міз бақпастан:

– Мен сіздің тіліңізді түсінбеймін, – дей салды. Мұртты жігіт көздері жарқ етіп, ұрып жіберуге оқталғанда артынан бір қыз:

– Қали, қаш жылдам. Қуып келеді, – деп айқай салған. Артына бұрылып еді «қарапайым киінген» біреу жүгіріп келеді екен. Өлгі жігіт оған қарсы жүгірді. Екеуі жол жиегінде түйіскен сәтте «қарапайым киімдіге» мұртты жігіт жұдырық сілтеп үлгерткен жоқ. Бірінші ұрды және қайтып тұрмастай етіп құлатқан еді. Ол кері бұрылып өз тобына қарай жүгіре жөнелгенде, Владимир Андреевичтің де делебесі қозып кеткен еді. Ол да біреуді ұрғысы келді. Біреумен жауласқысы келді. Бірақ табыла қалар жау қайда?

2015 жыл. 31 қазан. Орбита ықшам ауданы.

Владимир сол баяғы аялдамада тұр. Осыдан 29 жыл бұрын «қарапайым киімдіні» мұртты жігіт сұлатып салған

аялдамада. Ол осы сәтте Зейіновті шын жек көретінін сезді. Бұл бұрыннан қалған сезім бе, жоқ жаңа пайда болды ма, белгісіз. Мүмкін баяғы төбелеске араласпағанына жыны келді ме? Қорғауы керек еді ғой...

Өзін ойлады.

– Анна, мен осы кімін? Иә, трамвай жүргізушісі екенімді, екі баланың әкесі, бір пәтер, бір дачаның иесі екенімді өзім де білемін. Бірақ мен өз әкемнің кім екенінен хабарым жоқ адаммын ғой. Анамды да көргем жоқ. Детдомдағылар анамның төлқұжатын ғана ұстатты қолыма. Өзге ештеңе қалмаған. Тәрбиелеушілердің айтуынша анам әкемнің тегін алған екен. Сююдюков. Бірақ бұл фамилияның да шын қалай жазылатынын білмеймін. Анамның құжатындағы тегінің үшінші әріпі белгісіз. Не «ю» секілді емес, не «н»-ға ұқсамайды. Бала жасымда бұл мені аса қатты ойландыра қойған жоқ. Әкем ретінде анамның әкесінің атын, тегіме сол кісінің тегін жаздырып ала салдым. Әкем де, шешем де болған Отаным деп жұмыс істедім. Ал, қайда қазір сол Отан? Не айтқың келіп тұр, Анна? Шет елге кет деймісің? Сен айтып тұрған шет ел мені қойып, баламды да қабылдамады ғой. Кәсібі мен жұмысын тастап қашып келді емес пе?

2015 жыл. 31 қазан. Ақжар ықшам ауданы.

Ол жұмыстан мұнша ауырып қайтқан кезі болмаған. Соңғы автобустардың біріне отырып, үйінің қарсы бетіндегі аялдамадан түсіп қалды. Сол баяғы қақпасының алдында адамдар топырлап тұр екен. Шеткері тұрған жігітті түртіп:

– Балам, анау аялдамаға барсаңшы, – деп еді ол құлағындағы құлаққабын шешіп:

– Не дейсіз? – деп бажырая қарады. Бұл сөзін қайталап еді:

– Кешіріңіз, сіздің тіліңізді түсінбеймін, – деп кері бұрылып кетті.

Үйіне немересін ертіп ұлының отбасы келген екен. Кішкентай бала атасын жүгіріп келіп құшақтай алған.

– Ата, біз бүгін Абай деген ақынның өлеңін жаттадық, – деп бала шүлдірлеп ала жөнелді. Атасы не айтарын білмей, немересінің арқасынан қаға салған. Кешкі асқа қарамай, бөлмесіне кіріп кетті. Сонда да болса немересі тыныштық берер емес. Бір келгенінде қолына глобус ұстап кіріпті.

– Ата, біз бүгін глобус туралы оқыдық. Сізге түсіндіріп берейінші. Мынау Еуразия материгі, мынау Азия бөлігі. Осы Азия бөлігіндегі мына жер біздің Отанымыз. Дұрыс қой, ата?

– Иә, балам. Бұл сенің Отаның, – деп атасы қысқа қайыра салған.

– Сіздің де Отаныңыз ғой.

– Менің отанымды глобустан іздеп таба алмайсың, балам, – деп немересінің басынан сипады да: – Апаңа, бара ғой, – деп шығарып салды.

Жүрегінің соғысы жиілеп барады. Дүк-дүк... Дүк-дүк... Ненің үніне ұқсайды? Аттың шабысына ма? Жоқ, трамвайдың жүрісіне ме? Дүк-дүк... Дүк-дүк...

Жатар алдында шоқынар еді. Өлі кеткен қолдарын маңдайына әзер апарып: «Во имя отца...» – деп құдайды ойлады да, оның ұлы мен қасиетті нұрына жете алмай, қолы сылақ құлаған.

Тұманданған ойлары мен үзік-үзік кадрлар арасынан баяғы өзі ұрған жігіт көлбеңдей бергенде, үйінің жанындағы «жабайы» аялдамаға автобустың тормозы шиқылдап келіп тоқтағанын естіді. «Ертең автобус паркіне тағы барамын» деп бекіген. Кондуктор айқайлап жатыр.

Ол осы сәт көзі ілініп бара жатып бір ғана нәрсені ойлап дал болды:

«Кондуктор аялдамаларды қай тілде хабарлап жатыр?..»

2015 жыл. 1 қараша. Қала.

Осы күннен бастап қала көшелерінен ешкім трамвай көрген жоқ. Бұл қаланың көшелерінде енді ешқашан ат дүбіріндей дүрсідетіп трамвайлар жүрмейді. Олар енді ешқашан бұл қаланың көшелерінде кісінемек емес...

Владимир Андреевич те өзінің Аннасын деподан енді айдап шықпайды. Тіпті ол бұл күні үйінен де шыққан жоқ. Төсегінен де тұрмады. Оны сол жатқан қалпында соңғы сапарға шығарып салады енді...

2015 жыл. 2 қараша. Райымбек көшесінің бойы. Құлыптас жасайтын цех.

– Берік! Сен өзі әріп танысың ба? «Сюндюков» дегенің не?

– Баласы дұрыстап жазып бермей ме? «Ю» ма, «н» ма түсініксіз. «Сююдюков» деген адамның тегін ешқашан

естіген емеспін. Ал, Сүйіндіков дегенді білемін, – деп құлпытас оюшы бастығына қарап еді ол:

– Білгенің бар болсын, кісінің аты мен әкесінің атын оқысаңшы, – деп кейіп кетті. – Жә, қойшы. Жаңасын жаса жылдамдатып.

– Мына бүлінгенді не істейміз?

– Құрылыс компаниясына өткізу керек. Анау күні еденге төсеуге керек деп сұрап келіп еді ғой...

– Суретін қайттік?

– Олар да ақымақ емес шығар. Теріс қаратып төсейді. Бол-бол жұмысқа кіріс. Тапсырыс көп, – деп бастық асыға басып жүріп кетті.

* * *

Алматы трамвайларының барлығын Өскемен қаласы сатып алған. Владимир Андреевичтің «Аннасы» да сонда қазір. Өзге қаланың көшелерінде «кісінейді».

Владимир Андреевичтің бүлінген құлпытасы да Аннаның артынан Өскеменге кеткен. Сәйкестік пе? Өлде темір мен адамның бір-біріне шын ғашықтығы ма екен? Жалпы осындай ғашықтық бола ма?

Бізге белгісіз.

Ал Владимир Андреевичтің бүлінген құлпытасын Өскемен қаласындағы «Әсем» сауда үйінің еденінен көруге болады...

М.М.М.
(*Бокетто*)

Ауыл. 31 тамыз. Таң. Сағат 6:00. Ауа температурасы +21 градус.

Ауылдан облыс орталығына бет алған автобустың соңғы бес орындығында үш қызын ерткен ерлі-зайыптылар отырды. Үлкені мен кішісі анасына тартқан секілді. Аяқ-қолдары жылдамдау. Ал ортаншысы әкесінің аузынан түсіп қалғандай. Қараторы. Көздері бақырайып, көп нәрсеге мән бере бермейді. Бірақ үлкен қыздың қолындағы төрт бүктелген қағаз ашылған сайын бұл да бар дүниені ұмытып соған қарайды. Кішісі өріп танымаса да тоңқалаңдап қағазға жармасады. Оны бажылдатып кеудесінен итеріп, үлкен екеуі талқылауларын ары жалғастыра береді. Бұл бөлектеуге шыдамаған кішкентай анасына жармасады. Әкесіне жалтақтайды. Бірақ екеуінен де өтірік еркелеткеннен басқа ештеңе көрмеді. Мұны алдаусыратып қояды. Бәрі көңілді...

* * *

Қала. 31 тамыз. Бесін. Сағат 16:00. Ауа температурасы +43 градус.

Жағып жатқан соляркасынан күйіс қайырып оталып тұрған автобус жол жиегіндегі ағаш бұталарына арқасын қасыта теңселіп жолға түсті. Өкіргеніне қарамай өкпеге теуіп, ескі моторын қинағандарға көңілі қалғандай өксіп алады. Автовокзалдан шыққаны сол еді, ескі костюм киіп, дорба арқалаған біреу қуып жетіп, тоқтатып алды. Есік ашыла ішке сөйлей кірді.

– 40 градус күннің ыстығында жұртқа жол тілеген оңай дейсің бе? Жүрмей тұрып айтпайсың ба? – деп жүргізушіге ашуланып келеді.

– Ей, осы әдетінді қойсаңшы. Әжептеуір үйі бар, мәшинесі бар дейді ғой сені.

– Болса несі бар? Бала-шағам үйдің қабырғасын мүжімейтін шығар. ...Болды. Кедергі жасама... – деп автобус ішін аралай кетті. Өрбір жолаушының қасына келіп, кезерген еріндерінен түкірік шаша сөйлеп

«Жолың болсын! Жолың болсын» деп автобустың артқы орындықтарына қарай жылжыды.

– Жолға шығайын деп тұрсыңдар. Ақ жол үшін 5-10 теңгемізді аямайық. Қане... – деп ұйықыға кетіп бара жатқандардың өзін оятып алып алақанын жайып тұр. Тиын ұстатпағандарына ұрсып та алады.

Автобустың соңғы бес орындығында ішкі ыстық былай тұрсын, мотордың ыстығы астынан өтіп отырған жолаушылардың алдына келді де бір отбасының адамдары екенін түсіне қойып терезеге мағынасыз қарап шетте отырған еркекті түрткілей бастады.

– Жолың болсын! Жолың болсын! Қыздарыңның қызығын көр, – деп ортаңғы орындықта отырған үш қызына қарап қояды. Бірақ еркек терезеден бұрылар емес. Дорба асынған еркек те бермесең кетпеймін дегендей әлі тұр.

– Жолың болсын! Жолың болсын!

Осы сәтте әйелі еріне бұрылды да, кейіп кетіп:

– Берші мынаған қақсатпай, – деді қыршып алғандай.

– Жоқ қой, жоқ. Сорлап отырғанымызды көрмей тұрсың ба?

– Соқыр емеспін.

– Соқыр болмасаң ие болмайсың ба?

– Мен кінәлі екенмін ғой. Еркек болып өзің ұстамадың ба? Болмаса қуып жетпедің бе? Тұрдың ғой...

– Болды!

Артқы орындықтар үнсіз қалды да көргенділері арқасымен сезіп, көргенсіздері көздерімен бұларды сүзе қараған. Дорба асынған еркектің алақаны жаюлы қалды. Бүкіл автобус ішінде ыстықтан аһылап-уһілеген адамдар мен газды-газсыз сулардың ашылған, олардың қылқылдап жұтылғандары естіледі. Үш қыздың шешесінің жанында отырған ең кішкентайы анасының бауырына тығыла түсті де:

– Мама су ішем, – деп еді анасы:

– Отыршы... – деп қызының сан етін үзіп алардай шымшып алған сәтінде, қызынан қыңқ еткен дыбыс шықты да, соңы үнсіз ығырсуға ұласып кетті. Ортада отырған органшы қызының тостағандай көздерінен екі тамшы жас домалап түсті де, ол да еріндерін жымқыра қойды. Мұндай картинаға қуә боламын деп ойламаған дорбалы еркек кері бұрылып есікке беттеген.

– Жолың болсын! Жолың болсын!

Автобус өзінің қалыпты жүрісіне түссе де, жолдың ой-шұқырында селк-селк етіп еденіндегі шаңын көтеріп-көтеріп алады. Көзге көрінбес еді. Тек терезе пердесінің тесігінен түскен күн сәулесі жолындағы бүкіл тозаңға жарық түсіріп, құс жолындай анық көрсетіп тұр.

Ері мен әйелі екі жаққа қарап, терезеге телміреді. Бірақ екеуінің де көздері ойсыз. Үлкен қызының ұпайы түгелдей жан-жағына алақ-жұлақ етіп отыр. Кіші қызы шөлдеген қалпы ұйқыға кеткен. Тек ортаншы қызы ғана қос қолымен иегін таянып мұңды көздерін сирек жұмады. Автобус селкілдеген сайын өзіне біліне бастаған құлын мүшесі де қоса дірілдейді. Денесінен енді бөліне бастаған бұл мүшесі әлі де болса өзіне таңсық. Алғашында жүгірген, секірген кезінде қимылдағанын өзі сезіп екі беті ұяттан ду-ду ететін. Осы себепті де дене шынықтыру сабағына қатысудан қашып жүретін. Сыныптас қыздардың осы нәрсе туралы әңгімелеріне де араласа бермейтін. Кейіннен бойы үйрене бастады. Олардың өз денесінен бөлек қимылы үйреншікті әдетке айнала бастағанда ауыратынды шығарған. Өзге емес, тіпті өзінің қолы оқыс тиіп кетсе ду ете қалады. Осы қалаға шығарда басталған ауруын анасына айтып еді:

– Бәрінде болады. Ертең қалаға барғанда қатты тартып тұратынын әперем, – деген.

– Қатты тартқаннан ауырмай ма? – деп сұрады бұл.

– Жоқ. Өсіп келе жатқанда қаттырақ тартып байласа тік өседі, – деді де анасы өз сөзінен өзі ұялғандай:

– Бар, жұмысыңды істе, – деп тұрғызып жіберген. Енді ол да жоқ.

«Таңсықтың киімі түгел. Бәрі жаңа. Анау күні үйінде ойнап жүргенде тығылып көрсеткен. Жейдесі, туфлиі, юбкасы, тіпті бантигіне дейін жап-жаңа. Құндызайдың алдыңғы күні апайдан сұранып жатқанын көргем. Кеше дайындыққа келген жоқ. Ол да жаңа киім алған шығар. Малика да осыдан екі-үш күн бұрын қалаға келіп кетті...» – деп ортаншы қыз өз сыныбындағы қыздардың киімдерін түгендеп, өз киімі туралы ойлағанда көмейіне өксік кептеліп қалып, кері жұтты.

Иегін таянып отырған сол жақ қолының қары ашып кетті де, тартып алам деп өз мүшесін тағы ду еткізді. Шыңғырып жіберудің сәл-ақ алдында қалған. Бұрылып еді, анасы екен.

– Қарап отырмай, жаттасаңшы өлеңінді.

Қыз кімге мұңын шағарын білмей әкесіне қарап еді, шалқайып ұйықтап жатыр. Жыны келді. Жек көрді. Әкесін, анасын, автобустағылардың бәрін. Әсіресе айлығы ай соңында түсетін, түссе де арзымайтын әкесінің қолын қыршып тістеп алқысы келген. Бірақ батылы жетпеді. Қалтасынан екі бүктелген қағазды алып оқи бастады.

Отаным кең далам, орманды,

Болаттан соғылған қорған-ды...

«Жаңа мектептің ашылуында біз неге Отан туралы өн айтамыз» деп ойлады да қайта қағазына үнілді. Бірақ ондағы жазылған сөздерді оқып отырған көзі ғана. Таңертеңгі жағдайды ойлап кетті.

* * *

Қала. 31 тамыз. Сыыр сәске. Сағат 10:00. Ауа температурасы +30 градус.

Үш қыздың әкесі автобустан түсе темекісін тұтатты да:

– Ал, жылдам-жалдам аралап, түстен кейінгі автобусты үлгеріп қайтып кетейік, – деп әйеліне қарады.

– Шәй ішіп алмаймыз ба?

– Күн салқындау кезде біраз жұмысымызды бітіріп алайық, – деп автовокзалға жапсарласа орналасқан базардың қатарларына өзі бастап бет алды. Әйел кішкентайын көтеріп, екі қызын жетектеп соңынан ерген.

Ығы-жығы адам. Базар жаңа ашылса да сауда қызып жатыр.

– Түсіріп берсеңші!

– Таңғы базар ғой!

– Қаншаға бересің?, – деген сияқты дабырлаған сөздерден құлақ тұнады. Бесеуі де базардың бір бұрышынан бастап өздеріне керектілерін қарай бастаған. Алғаш болып үлкен екі қызға туфли қарады. Ортаншы қызының тұсауы кесілмеген еді, былтыр ғана өперген ақ туфлиінің тоз-тозын шығарған. Бояуы ұшып, қарайып, астындағы матасы көрініп тұр.

Қыздары таңдап, ұнатқанын киіп көріп тұр екен.

– Інім, қанша деп тұрсың мына туфлилерінді?

– Екеуін де алсаңыз төрт жарымнан беремін, өпке.

– Қымбат қой. Түсірсеңші.

– Өпке, бүкіл базардағы баға осындай. Сезон ғой. Ертрек келгендеріңізде болар еді түсіруге.

– Біздің папамыздың айлығы айдың соңында түседі – деп күйеуіне қарады.

– Әпке, ол енді біздің шаруа емес. Жарайды. Төрт мыңнан берейін, – деген жылпос жігіт аяқкиімдердің қораптарын дайындай бастады. Қыз киімінің оңай табыла қоймайтынын білетін әкесі бұл жылдам саудаға қуанғаннан темекісін тұтатып сырт айнала берген еді. Әйел қолындағы сөмкесін жаймада тұрған аяқкиімдердің үстіне қойып, тізерлей отырды да қыздарының туфлилерін өзі ұстап көре бастады.

– Қыспай ма?

– Жоқ, мама. Ыңғайлы.

– Үлкен емес пе?

– Дұп-дұрыс.

– Бір размер үлкенін алсақ қайтеді. Ендігі жылы да киесің.

– Қойшы, мама. Былтырғым жарамай қалды ғой.

– Жарайды, – деп орынан тұрып, сөмкесіне қол соза бергені сол еді ақ кепкалы жігіт мұны итере құлатты да, сөмкені ұстаған қалпы базардың қалың жұртының ішіне кіріп жоғалды.

– Мақсат... Мақсат... Ұрлап кетті, – деп айқайлаған әйел далбалақтап не істерін білмей қалды. Темекі тартып тұрған еркек те қапелімде кімді, қалай қуаларын білмей әйелі сілтеген жаққа жүгіре берген.

– Ақ кепкасы бар, Мақсат. Ақ кепка, – деген әйелінің сөзін де еміс-еміс естіп, кездескен ақ кепкалының бетіне қарап жүр. Қайдан танысын. Артынан қыздарын ертіп әйелі де жетті.

– Таптың ба?

– Қайдан табам?

– Кұдай-ай. Мұрыныңды құрт жегір. Сәл шыдай алмадың ба?

– Айналайын, адам базарда сөмкесін қараусыз қалдыра ма?

Шарт-пұрт айқай арасында бақырып кіші қызы жылады. Үлкені базардағы әркімнен ақ кепкалы жігітті сұрап жүр. Ортаншы қыз сылқ етіп отыра кетті. Көзі жасаурап барады.

* * *

Қала. 31 тамыз. Түс. Сағат 12:00. Ауа температурасы +37-38.

– Қай қатар, қай дүкеннің алдында ұрланды? – деп мұртты офицер бұларға мейірлене қарады.

– Бірінші қатар, үшінші дүкеннің алдында.

– Сағат қаншада?

– Он жарымдар шамасында.

– Куәгерлер бар ма?

– Бар.

– Қанша?

– Бәріміз. Тіпті сол жердегі сатушы жігітті де алып келейік, – деп еркек ашуланып кетті.

– Сіздер ренжімеңіздер. Мен сіздерді түсініп отырмын. Бірақ сіздер де түсініңіздер. Бізге хаттама толтыру үшін мұның бәрі керек.

Әйел шарасыз үнмен:

– Таба аласыздар ма? – деп сұраған. Табылуы керек. Іздеу жариялаймыз. Қолымыздан келгеннің бәрін жасаймыз ғой.

– Бүгін табылмай ма?

– Бәлкім. Ол осы маңнан ұзай қоймаған шығар, – деп мұртты офицер тартпасынан көмпит алып кішкентай қызға ұсынды да: – Іздеп жатырмыз. Бүкіл айналадағы адамдарға хабар берілді. Нөмірлеріңізді жазып алдық. Табыла қалған жағдайда хабар береміз.

* * *

Ауыл. Ақшам. Сағат 20:00. Ауа температурасы +29 градус.

Автобус ауылдың алдамасына тоқтасымен әйел жүгіріп өзі қарызға азық-түлік алатын дүкенге жүгірді. Жүргізуші автобустан түсіп темекі тартып тұр еді, Мақсат жүргізушіге жақындап келіп именіңкіреп тұрады да:

– Таңертең базарда ақшамызды ұрлатып едік, – деді мұрнының астынан.

– Иә. Қазір қайта қаптап кетті ғой ұрылар.

– Халықтың жағдайы төмендейін деді ау...

– Бәлкім. Тыныштық болса болар еді, әйтеуір...

Жүргізуші темекісін тартып бола бергенде бұл қалтасынан бос екен білсе де темекісінің қорабын шығарды да, аузын ашып сұқ саусағымен қораптың төрт бұрышын адақтап шығып:

– Таусылыпты ғой, – деп лақтырып жіберді. Бірақ оған

жүргізуші назар аударған жоқ. Мақсаттың әйелі алқынып жүгіріп келді де жолақысын жүргізушіге ұстатты.

Бесеуі үнсіз үйге қайтып келеді. Бұларды үй алдынан Мақсаттың ағасының баласы күтіп алды да:

– Көке, монша жағып қойдым, – деп ере жөнелген. Бірақ олардың қолынан ешбір сөмке көре алмай, күні бойғы еңбегі еш кетіп үнсіз қалып қойған еді.

* * *

Ауыл. 1 қыркүйек. Сәске. Сағат 9:00. Ауа температурасы 31 градус.

Ортаншы қыз қарайған жерлеріне ақ красқа жағылған былтырғы туфлиін киіп, мектепке кетіп барады. Ескі, жеңі қысқара бастаған кофтасының жеңін созып-созып қояды. Бүгін жаңа мектептің ашылуында ән айтуы керек. Сол ән айту үшін мұның бірнеше сыныптасын сабақ басталмай тұрып жинаған еді. Бұл кешегі дайындыққа қалаға киім алуға барам деп қатыспаған. Ескі кофтасымен ескі мектептің жанынан өтіп бара жатып дәл кешегі базардағыдай көзі жасаурап кетті.

Ешбір сыныптасының көзіне түскісі келмей мектеп алдындағы жиналысқа кешігіп келді де, сыныптастарының артына елеусіз тұра қалды. Тек іздеп қалмасын деп, апайының көзіне анық түсті. Айналасын барынша бақылай қарады. Былтырғы киімімен келген ешкім жоқ секілді.

Еңселі мектептерінің ашылу салтанатын 11 сыныптың екі оқушысы сампылдап жүргізіп тұр.

– Ендігі кезекте өнер көрсететін 7 сынып оқушылары. Хор. «Отан» әні.

Микрофон дауысы жақсы деп, жұрттың бәріне естілсін деп ортаншы қыздың қолына ұстатылған.

Отаным кең далам, орманды,

Болаттан соғылған қорған-ды.

Бақыттың, шаттықтың мекені,

Қорғаймын, қолдаймын ордамды...

Қалай айтып шыққаны есінде жоқ. Тек артындағы сыныптас қыздарының мұның ескі кофтасына, туфлиіне тесіле қарағанын ғана сезді.

* * *

Ауыл. Түс әлеті. Сағат 12:08. Ауа температурасы +35 градус.

Жаңа мектептің ашылу салтанатынан ескі киімдерімен көңілсіз қайтқан ортаншы қыздың түсінгенінен түсінбегені көп еді. Көп адам сөйледі. Көп сөз сөйленді. Бәрінің айтатыны 100 мектеп, 50 мемлекет немесе оның арғы жағындағы 30 ел. Бәрі бұлыңғыр. Түсініксіз.

Санасына симағаны да, түсінбегені де сол, мемлекет туралы айтылған мектептің ашылу салтанатында бұлар неге Отан жайлы ән айтты?

ТЕАТР ТЕҢЕУЛЕРІ

Мен жатқан «Ғажайып» деп аталатын емхана қаланың орталығынан гөрі шетіне жақын. Бір кездері кафе болған. Оны айғақтайтын нәрселер бүгінгі күнге дейін сақталған. Кәуәп пісіретін орыны, асханасы және тек кафелерде ғана болатын орындықтар мен үстелдер. Сол орындықтар мен үстелдерге қарап отырып бұл жердің қымбат мейрамхана болмағанын да аңғарасың. Үстелге жазылған жазулар отырған адамдардың туған жері мен махаббаттарынан және олардың саяси көзқарастарынан сыр шертеді. Кейде бүтін диалогтар оқып қалуға болады.

Кафе болуынан бұрын ауқатты азамат отбасымен өмір сүрген екен. Рас-ау. Қазіргі таңдағы емхананың негізгі ғимараты еңселі үй. Көше жағынан қарасаң бір қабатты болса да іргетасы биік соғылған. Ал артына айналсаң жертөлесі тағы бір қабат. Үйді салдырған ауқатты кісі асығыстау көшкен бе, кім білсін, жертөле терезесінен баланың шашылып жатқан ойыншықтарын аңғаруға болады. Жерде жатқандарын анықтап, нендей ойыншық екенін айыру мүмкін емес. Бірақ қуыршаққа арналған кішкентай арба тұрады. Соған қарағанда қыз баланың ойыншықтары-ау деп топшыладымыз. Арбада қуыршақ бар ма, жоқ па белгісіз. Өйткені жертөле терезесіне ол теріс қарап тұр. Кіріп-шығып жатқан адам байқалмайды. Есігінің тұтқасын қалың шаң басқан.

Жертөлелі еңселі үй емхананың бас ғимараты. Кафе болып тұрған кезіндегі екі «вип залында» әйелдер жатады. Ал үлкен залы асхана. Еркектер үй артындағы бір кездері билейтін алаң болған үлкен бөлмеде жатамыз.

Үшінші мегаполис болса да, халқының деңгейі әлі көтеріле қоймаған бұл қаланың өмірі маған оғаш көрінеді. Өңгімешілдігі бір басқа, сенің өміріңді білгісі келіп тұрады. Сөйлесе кетсең, тұрмыс тауқыметі қажаған, қажытқан бір адам. Адам сенгісіз тағдырлар. Жаным түршігеді. Алғашқы келген күні туыстар көңілімді сұрай келіп, ыстық тамақ әкелген. Өрқайсысы өзін кінәлі жандай мүләйімсіп қарайды. Жағдайымды сұрағыштайды. Олардан ертерек құтылуға асығып, күмілжи беремін. Көзіме қадалған

көздері мойныма түсіп кете беретінін аңғармай қалады кейде. Менің мойынорағышым бар...

Шешем асымды әзірлеп жүр. Бұл қала емханада жатқан туысына ғана емес, қасындағыларына қоса әкеледі екен тағамды. Бәріне үлкен астан бөліп салып берді. Өзіммен өзім болып қалған мен мұны тосырқап қалғам.

Алматыда оқып, бүгінде өзінің жеке кәсібі ретінде осы емхананы жүргізіп отырған Айнұр атты дәрігер бетіме қарап күлді де қойды. «Үйреніп кетесің», – дегені еді.

Шешем кроссовкиіме қарап: «Кір болып кетіпті. Мынаны киіп алшы», – деп баусыз аяқ киім ұсынды. Кигім келмеді. Неден қорқып тұрғанын білдім. Білдім де мойнымды сипадым. Терісі әлі күлдіреп тұр екен.

Сол келген күні-ақ тамырыма жарты литрден астам бірдеңе құйды. Орап тастап терлетті. Қайта тұрғызып, массаж жасады. Қысқасын айтқанда ала таңнан қара кешке дейін тыным тапқызыған жоқ. Маңайымдағы үлкен кісілер шылымға жоқ. Көп түкіртерін салып алып жата береді. Кешке, ем біткен кезде ғана шылым тұтатып жүрдім. Алғашқы түннен-ақ ұйқым бұзыла берді. Даңғазға әуен естимін бе, әлде құлағым шуылдай ма. Баяғы түстер қайта мазалай бастады. Бұл жолы ол қыз болып келгендей. Кішкентай қыз. Бірақ мойныма қолын салмады. Жанымға жақындағанын да сезгем. Тек алыстан күлгенін естіп жаттым. Ауру шығар кезде қозады деуші еді, соған жауып елемедім.

Таңертең есеңгірей әжетханаға бара жатып жертөле терезесінен тағы бір үңіле кеттім. Қуыршақ арба кеше тік тұрған секілді еді. Қазір құлап жатыр. Есігіне қарадым. Тұтқасы әлі шаң басып тұр.

Қаладағыдай әжетхана кабинкасындағы қол жуғыш істемейді. Жөнделмейді де. Оған кіретін мен ғана. Қол жуу үшін он шақты қадам жердегі кранға барамын. Оның жанында кәріз суына арналған, бетондалған шұқыр бар. Бір бұрышы ойылып түскен. Иісі жағымсыз. Сол кранға жақындай бере шұқырдан сарылдаған дауыс естілді. Су төгіліп жатыр. Мен кранды қосқам жоқ. Терең болса керек, сарылы жаңғырып селк еткізді. Назар аудармадым. Кейіннен дәл осы сарылдаған дыбыс тек мен қол жууға жақындағанда шығатынын аңдайтын болдым. Әжетханадан шығамын да қол жууға жақындай берем, сарылдап су төгіледі. Өзгелерді аңдып тұрамын кейде. Олар

жақындаса – үнсіздік. Мен ештеңені түсіне алмай жүрмін, ал түстерім мазалағанын күшейте берді. Өлгі қыз енді сыңсып жылайтынды шығарды. Қасыма жақындағанын сезем. Тас жамылғандай қимылсызбын бірақ.

Түс көріп жатқанымды біліп жатырмын. Қыздың бүгін келетінін де сезем. Өлден уақытта есік ашылды. Келді. Барымды салып бұлқына бастадым. Босатар емес. Дымым шықпайды. Қуыршақ құшақтаған қыз күліп тұрды да жүзі сәтте өзгеріп, ұшып жеткендей кеудеме қона кетті. Айқайлап ояндым.

Сыртқа шыға шылым тұтаттым. Өжетімді өтеп, қол жууға жақындай беріп тағы да сарылдаған дауыс естілді. Түн қараңғысында денемді тітіркендіріп, бетонның ойылған жерінен сыбдыр етіп бірнәрсе қашқандай болды. Жуынбай орныма келіп жатып қалдым. Түршігіп жатып, ұйқылы-ояу күй кештім. Қыздың сыңсыған үні естілді тағы да.

Еріксіз ерте тұрдым. Унитаздың су ағызарын бастым да, кранды айналып өтіп жертөле терезесінен үңілгенімде қуыршақ арба терезеге қырын қарап тұр екен. Шаштары таралып жиналған әдемі қуыршақ отыр үстінде. Оны қырынан көрдім. Түсімдегі қыздың қуыршағына ұқсайды. Осы сәт тағы да сарылдаған су дыбысы келді құлаққа.

Кішкене қыз бүгін еркін кірді есіктен. Бойым үйренісіпті. Онымен ойнағым келді. Қарашығы жоқ, әппақ көздерінен де қорықпайтын болғам. Байқаймын, сөйлеуге, қимылдауға шамам бар. Жаныма келгенін күттім. Менен не қалайды екен? Ол кроватиның төменгі жағына келіп, жоғары көтеріліп келеді. Тобықтан асты. Балтырымды мұздатты. Тіземнен жан кетті. Қара саныма шыққанда кәлимамды айттым. Құданың құдіреті, ол қайта төмендеп барады. Тізем босады. Балтырым жылыды. Тағы ойнағым келіп, кәлимамды тоқтата қойғам. Ол қайта жоғары өрледі. Бұл жолы беліме шығарып қайтардым. Үшінші рет кәлимам тоқтағанда ақ көз қыздың бұғанама бір-ақ шыққанын ғана ойлап үлгердім. Дем жұта алмай, тек керідеп бәрін сыртқа атамын. Үзілдім-ау дегенде тағы да әлімсақтан жеткен өзіме түсініксіз көмейден бір үн атылып түрегелдім.

Ойыным осылғандай... Ұйқым қашқаннан шылымды көбейттім. Кітап біткенді әке-шешем жолатпады маған. Оқуға тыйым салғандай болды. Бір күні қасымда жататын

үлкен кісінің баласы бір бума газет әкеліп тастады. Тек осы қалада шығатын «Қызық газет», «Замана» секілдісінен басқасы жоқ. Ұйқысыз кездерде «Замананы» біраз ақтаратын едім. Ауыр тағдырлар туралы жазылған әңгімелер ішінен бір күні көзіме «Жылаған қыз» деген әңгіме оттай басылды. Кеше ғана шыққан нөмір екен.

* * *

Мақсат әйелі қайтқаннан тура 2 жыл өткенде Айнұрға үйленген күннен-ақ оның бірінші әйелінен туған Назгүлмен салқындығын сезген еді. Бірақ аса мән бермеді. Үйренісіп кетер. Күні-түні жұмыста. Оның үстіне Айнұр Алматыда оқу бітірген дәрігер, жеке клиника ашып бер деп қиылып жүрді. Соның шаруаларымен де отбасыға мойын бұруға шамасы келмейтін. Кәсібі өрге домалап келе жатқан кәсіпкер үйіне де ақшасын аямай, биік етіп салған. Елден ұят болмасын. Үйленгеніне үш-төрт ай өткенде қызы 5 жасқа толып, қуыршақ пен оны отырғызатын арба сыйлады. Қызы аса қуанған жоқ. Ләм демеді. Тек әкесіне жақындап: «Әке, басым ауырады», – деген. Ол қызының басынан сипап жұбатқан болып қонақтармен әуреленіп кетті.

Мақсат ерте кетіп кеш келіп жүріп, су төгілетін шұқырдың бетіне қойылған бетонның да бір бұрышы ойылып қалғанын байқамаған. Бірде үйге кеш келгенінде қызының бөлмесінен Айнұрдың шығып келе жатқанын көрді. Алғашында қызы екеуінің арасы жақсарғандай қуанып еді. Жақындап келіп оның қолынан иістеніп кеткен етті көріп тосылып қалды.

– Құрттаған етті тастайын деп жүріп Назгүлдің бөлмесіне кіре кеткен ем! Мақсат тоназтқышы бар үйде қалайша ет құрттайды деп ойлады да, әйелінің дайындаған шөйін ішіп отырып ұмытып кетті. Жеке клиника туралы ақылдасты. Айнұр атын да ойлап қойған: «Ғажайып».

Мақсат таң ата ыңырсыған дауыстан оянды. Бұлардың жатын бөлмесінің есігін мысық тырмалап отырғандай. Бірақ үйде мысық жоқ. Есік артындағы жан иесі жылап отырған секілді. Аяқ-қолы дірілдеп, жатын бөлмесінің есігін ашқанда өзі сыйлаған қуыршақтың бір көзін ойып, соған саусағын тығып алған қызын көріп сілейіп қалды. Екінші қолымен есікті тырмалап отыр. Ұйқылы-ояу дейін десе, қызы бұған қарап ыржалақтап күліп қояды. Құшақтаған қалпы ауруханаға тартты. Ол диагноздың

алғашқы сөйлемінен кейін ештеңе естімеді. Бір есін жиғанда өзі жақ қапталынан жүк көлігінің дөңгелек фарын байқады. Қызының «мама» деген сөзін соңғы рет естіді. Назғұл де бұл сөзді соңғы рет айтты.

* * *

Өңгімені соңына дейін оқуға жүйкем шыдамады. Бәрі ұқсас. Оқиға дәл осы жерде өткендей. Және тым жауыз жазылған. Сөздің ғана емес, ойдың да эстетикасы болуы шарт қой деп бір ойладым да, авторын іздедім.

Жо-жок. Мүмкін емес...

Жүгіре басып, түн қараңғысында аяқкиімді де киместен жертөленің терезесіне үнілдім. Ештеңе көрінбейді. Телефон фонарын қосып қарағанымда қуыршақ арбасында маған тесіле қарап тұрған жалғыз көзді қуыршақ отырған еді. Селк етіп бұрылдым да, алдымнан жарқ етіп шыққан ақ киімді албастыны көріп, көзім қарауытып кетті. Жүрегімнің соғысының жиілеп барып, баяулағанынан басқа ештеңе сезбедім.

* * *

Есімді жиғанда күлімсіреп Айнұр қарап тұр екен. Жүрегімнің соғысы қайта жиіледі.

– Не болды Алматылық жігіт? Түнде қатты шошыдың ғой.

– Неден?

– Менен. Көмекші қыздардың қолы тимей, түнде кезекшілікке өзім қалғам. Жертөледен не аңдып жүрсің?

– Жәй. ...Айнұр, осы сіз күйеуге тигенсіз бе?

– Жоқ. Не болды? Ағаңызға әперейін деп пе едіңіз?

– Білмеймін...

– Айтпақшы, «Замана» деген газеттен сізге қаламақы әкеліп тастады. «Жылаған қыз» деген бе, бірдеңе жазыпсыз ғой.

– Мен бе?

– Иә. Сосын, бүгіннен бастап жазу мен шылымды доғарасыз. Мен білмеген екенмін. Білсем ескертер ем. Біздің салып жатқан дәрілер мен некотиннің араласуы галлюцинация шақырады.

– Галлюцинация?

– Иә, көзіңізде елес қаптап, ретсіз әңгіме айтасыз. Өртүрлі дыбыстар естіп, ұйқыңыз бұзылады. Өзіңізден ондай белгілер байқамадыңыз ба?

– Жоқ...

– Онда уақытында біліппін. Демала беріңіз,- деп дәрігер шығып кетті. Мен не болып жатқанынан мүлде бейхабардаймын.

Түске қарай тысқа шығып әжетханаға кірдім де, жуынатын жерге жақындадым. Тағы да сол сарыл естілді. Есеңгіреп тұрдым да, әжетхана мен су төгілетін шұқырдың арасының он шақты қадамдай екенін көріп күлкім келген. Ағызылған су менімен бірге жүріп жетеді екен ғой шұқырға.

Түскі астан кейін үйдің иесі қызын ертіп келіп, жертөледегі ойыншықтарды алып кетіп жатты. Қуыршақты көргенде қыз қатты қуанған. Екі көзі де сау. Оны құшақтап кетіп бара жатып, маған ыржалақтай күліп қарады. Кездескенше дегендей қолдарын бұлғайды. Мен ұялғандай төмен қарадым. Аяқкиімімнің бауы шешіліп кеткен екен...

АРХЕОМОДЕРНИСТІК ЖАЗБАЛАР

ОРКЕСТР

Ол мінсіз туынды жазғысы келді. Жазды.

Сол шығармаларында уақытты тоқтатқысы келді. Тоқтатты.

Жерлес ағасы күйді проза тілінде сөйлеткенде, бұл проза тілінде күй жазды.

Жанының нәзіктігін жасырып баққан. Бірақ мінсіз шығармалары өтірік айта алмайтын.

Бүгінде сексенге толған қария болушы еді. Болған жоқ. Өзінің сөзін өзі растады. «Құдай Тәңірі бола алмағанда, айғыр құлын бола алмайды» екен.

Қазақ, оның ішінде Алматы Асқардың өзінсіз 80 жылдық мерейтойын атап өтті. Өзі болғанда не болары белгісіз, бірақ сөзінің өзі ауыр соққан.

Асқар Сүлейменовтің мерейтойы үш күнге жоспарланған болатын. Үш бөлімді симфония секілді. Еліміздегі оркестрлердің барлығы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне қарайды. Яғни бұл кештің барлығы министрліктің қолдауымен өтті және жазушының туған жері Түркістан мен еліміздің басқа да түкпірлерінде өткен еске алу шараларының қорытындысы секілді бұл кеш. Тағы бір айта кететіні, Түркістан облысының жаңа орталығындағы бір көше бүгінде жазушының атымен аталады.

Асқар – жазушы.

Симфонияның бірінші бөлімі. Дирижер – Әлия Бөпежанова.

Абай даңғылы 20/14. Ұлттық кітапхана

Бірінші бөлім конференция форматында кітапханада өтті. Көзкөргендер сөйледі. Сөзін әрқашан тас түйін етіп, қысқа қайыратын Асекеңнің әруағынан ұялды ма, кім білсін, жиынның бас-аяғы тиянақты өткен-ді. Тек бірді-екілі «оркестр» қатарына жаңа қосылағандар тартысынан жаңылысып барып, қайта ілескен. Бірақ симфония шырқы бұзылған жоқ.

Әлия әпке дирижерлік таяғын оң қолына көтере ұстап, жылдам төмен түсірген сәтте оркестр сөйлей жөнелді.

Алғашқылардың бірі болып сөз алған Мұрат Әуезов: «Біздің қатарымыздағы көп жігітті қазақыландырған – Асекең еді», – деп бастады.

– Ресейде оқып жүрген кезімізде «Жас тұлпар» деген ұйым құрылып, оған Асқар Сүлейменовтің ықпалы зор болатын. Мәскеуден оқу бітіріп келген қазақшаға шорқақтау бізді бөтінсімей бауырына тартты. Қазақыландырды деп айттым ғой жоғарыда және сол үрдісті сәтті жүргізе білді. Өрқайсысымыздың үйіміздің төрінде домбыра ілініп тұрғанын қалайтын. Ғабит Мүсіреповтің Асқарға деген ықыласы өздеріңізге белгілі. Сол ықыластың сөзден бөлек көзімізге басылған тағы бір тұсы болды. Пiлдiң сүйегiнен жасалған ғажайып қылышын Ғабен Асқарға сыйлап едi.

«Ой ешкімдікі емес» және ойға тұсау болмайды емес пе? Мұрат ағаның осы бір сөздерін ести сала, ойым Жапониядан бір-ақ шықты. Бүгінде өз сағаттарымен әлемге танымал «Casio» фирмасын білесіз. Міне сол фирма бір кездері темекіге арналған түтікше шығарумен айналысқан. 1967 жылы «Жапон балладаларын» жазған, өзі темекі түтікшелерін жинаумен әуестенетін Ғабеннің коллекциясында сол фирмадан шаққан бір түтікшенің болмауы мүмкін емес-ау. Сонымен қатар Ғабит Мүсірепов түтікшелер жинаудан бөлек, ағаш жонғанды ұнатады екен. Біз «Сөз зергері» дейміз ғой, егер жазушы болмағанда Ғабен шын зергер болар еді. Оған дау жоқ. Сондай сұлулыққа жаны құмар, эстет жазушының пiлдiң сүйегiнен жасалған, ғажайып әшекейлi қылышын iнiсiне сыйлауы, әдебиетте артқан сенiмiнiң үстiне сезiм үстейдi.

«Casio» фирмасының өнімдеріне байланысты Әлия Бөпежанова Асекеңнің осы брендтің сағаттарын ұнататынын еске алады. «Жетінші палатаның» да бір кейіпкерінің қолында осы фирманың сағаты болатын.

Конференция барысында тарихшы Мәмбет Қойгелді атақты «Бесатар» повесіне керемет талдау жасады.

– XX ғасыр басында қазақ әдебиетінде қарсыластық ағым пайда болды. «Бесатар» повесі сол ағымның негізгі туындылары Жүсіпбектің «Ақбілегінің», Мағжанның «Жүсіп ханының», Мұхтардың «Қорғансыздың күнінің» заңды жалғасы, тіпті осы үш арыс айтқысы келген ойының шешімі болды.

Мәмбет Қойгелді тарихшы ретінде «Бесатардың» тарихилығын ғана емес, қазақ жазушыларының арасындағы нәзік үндестікті де ғажап сезінгені аңғарылады. Оның сөз еткен қарсылықты ағымдағы үш шығарманың авторларының екеуі Асқар туған жылы өмірден өтіп кеткен. Алаш зиялылары Өуезовті барын сала қорғап, «сен тірі қалуың керек» деген қатаң ескертпесінің астарынан өз идеяларының шешімін шығаратын Асқардың туатынын сізді ме екен деген сауал туады. Өуезов, Мүсіреповтер сол зұлматты жылдардағы дүниенің барлығын көкіректерін көсіп-көсіп, ашып айтты ма, белгісіз, бірақ Асқардың «Бесатары» көпшіліктің көкірегіндегісін дөп басқан.

Асекеңнің жерлесі, режиссер Сатыбалды Нарымбетов: «Асекеңді түсіну үшін оған дейінгі бүкіл әдебиеттен хабарың болу керек. Ол әлемдік деңгейдегі Джойс сынды жазушылармен иықтірестіретін жазушы», – десе, Сұмағұл Елубай өз кезегінде Асқар Сүлейменовті «Абай мен Махамбеттің тоғысынан шыққан. Абайдан кемеңгерлікті, Махамбеттен өрлікті алды», – дейді.

Айқын идеяға құрылған шығармаларда сюжет пен көркемдік әлсіз тартады. Өйткені идеяға көлеңке түсіріп, оны туындының үшінші, тіпті төртінші қабатына жасыруы мүмкін. Ал жазушы үшін сол идеяны жеткізу маңызды. Сондықтан саналы түрде көркемдік пен сюжеттен, тіпті белгілі бір деңгейде психологиядан баз кешіп жатады. Тарихи шығарма жазудың да қиындығы осында. Жазушы тарихи факторлармен жұмыс істей жүріп, кейбір кездерде әдебиетті тарих алдына тізе бүктіреді. Бірақ бұл екі әңгіменің де Асқарға қатысы жоқ. Ол тарихи оқиғаны өнер деңгейінде суреттеп шықты. Идея үшін әдебиетті негізгі құндылығынан айыру – Сүлейменнің баласының ісі емес. Белгілі бір сыншылар: «Асқар «Бесатарды» сыртынан қарап тұрып емес, ішіне түсіп жазды», – деген пікір айтады. Меніңше Асқар өз сөзіне қарсы шыққан емес. Ол Чехов көзқарасындағы адам. Шығармасындағы ешбір кейіпкерді жақсы көрмейді. Ешқайсысына жаны ашымайды және өмірлеріне араласпайды. Өйткені «өнердің өз өткені, өз бүгіні, өз логикасы мен динамикасы бар» және ол өмірден биік. Асқар жазған мінсіз туындының формуласы – осындай.

Қарапайым оқырман мен кейбір сыншылардың Асқар тақырыбында жарыса айтатын сөзі бар. «Оқылуы қиын.

Түсініксіз. Ауыр жазады». Қарапайым оқырманға өкпе жоқ, сыншыларға жол болсын. Тіпті мүйізі қарағайдай, жұртты аузына қарататын жасқа жеткен бір журналист ағамыз: «Асқарды оқыдым. Анаша шегіп отырып жазған ба, қалай?» – деген сөзі тіпті таңдандырды. Асқар шығармашылығынан үңіле оқысаң түсінбейтін сөйлем тауып беріңізші. Әрине, ол оқырманға зәру емес, бірақ сыншылардың осындай сөздірі одан тіпті алыстатады. Асқардың күрделілігі тілінде емес, ойында, тіпті арыға кетсек кейіпкерлерінің психологиялық тереңдігінде жатыр. Сонымен қатар оның шығармаларына жазу кезіндегі көңіл-күйі сіңген. Мұны бүгінгі ғылымда «мәтін энергиясы» деп атап жүр. Дәл осы Асқар тіліне қатысты санадағы ойлар жазушы Өміржан Әбдіхалықтың сөзімен түйінделгендей болды.

«Асқар тілінің қиындығы жоқ. Ол – өнердің өз тілі».

Сонымен Асқар Сүлейменовтің 80 жылдығына орай ұйымдастырылған конференция біздің санада осындай шешім тапты.

Асқар – драматург.

Симфонияның екінші бөлімі. Дирижері – Әлия Бөпежанова.

Абай даңғылы 107. М.Әуезов атындағы әкемтеатр.

Асқардың 80 жылдық мерейтойына жиналған оркестрлік құрам симфонияның екінші бөлімін М.Әуезов атындағы әкемтеатрда ойнады. Театрдың бірінші қабатынан жазушының көрмесі ашылып, кітаптары, қолжазбалары, көзілдірігі мен ескілікте қойылған қойылымдарының афишалары ілінген. Дирижер Әлия Бөпежанова: «Асекең дүние жинамаған ғой», – дейді қайта-қайта. Алыстан Айтотымның қызы, Асқар Сүлейменовтің аяулы қарындасы Жұлдызай апамыз да келіпті.

Бүгін театр сахнасында «Адасқақ» повесінің желісімен жазылған «Біржанның соңғы әні» атты пьеса қойылмақ. Бұл симфонияның екінші бөлімінің шешуші сәті. Театрдың үшінші қабатында кішігірім конференция өткізіліп, Асқардың өзі қызмет еткен әкемтеатрдағы кездерінен естеліктер айтылды. Төрге орнатылған үстелде Қазақ сахнасының қайраткерлері Есмұхан Обаев, Сәбит Оразбаев сынды тұлғалар отырды. Қазақстан театрлар ассоциациясының президенті Асқат Маамиров аға

көргенін, жол көргенін аңғартып, Асекең жайында қысқа ғана баяндамамен кешті ашып берген.

Десек те осындай жиналыстар кезінде кейбір үлкен кісілерге таңданбасқа шараң қалмайды. Естелік екен деп көзкөргеннің бәрін айта беру де орынсыз емес пе?.. Жә, біз айтар сөз басқа.

Құлаққа таныс, жағымды қоңырау соғылып, жиналғандарды залға шақырды. Көрермендер арасында жастар көп. Көңілге қуаныш сыйлайтыны да – осы.

Бұл қойылым осыдан 5-6 ай бұрын жарыққа шығып, театрда үздіксіз жүріп жатқан. Бұрын көрген емеспін. Бірақ көргендер: «Асқар тілі сахнаға келіңкіремейді екен», – деген пікір білдірген еді. Тағы да сол тілге сүріну. Асқардың тілі – шығармасының табалдырығы ғана. Ал біздің көбіміздің сол табалдырығынан ары үңілуге бойымыз жетпейді.

Шымылдық ашылмас бұрын 2-3 адамға сөз берілді. Сол айтылған сөздер ішінде ең есте қалғаны Асекеңнің қарындасы Жұдызай апамыздың сөзі болса керек. Дәл ағасына тартқан шалт мінезі бар екен. Созақтың кемпірі саханаға тың көтеріліп: «Асқарды Айтотым жалғыз қалар болды деп ренжіп отырушы еді. Бірақ артынан үш бірдей перзенті ерген адамды қалай ғана жалғыз дерсің. Өлішер, Қаракөз және кенже қызы Өсмә. Үшеуі де әкелеріне немере сыйлады. Үш перзенті мен санауға бір қолдың саусақтары аздық ететін немерелерін былай қойғанда Асқар ағамның артында халқы бар екен. Осы сөзді ағам қайтқанда Айтотым да айтып еді», – деп бар жақсы сөзін аяқтап болып бұрыла бергенде дирижердің ымдауымен кері бұрылып, микрофон алдына қайта келді де:

– Алтыншаш жеңге! Жеңгемсіз ғой енді. Сізге ағам тұяқ тауып бергеніңіз үшін алғысым шексіз. Өлішер мен Қарагөзді сыйладыңыз. Бірақ Айтотым: «Ұлға серік керек», – дегенде: «Тұрқым бұзылады», – деп құлақ аспадыңыз ғой», – деп адуын кемпір кері бұрылып жүре берген. Жұрт ду ете қалды. Бірақ «ду еткен жұрт па еді, жоқ жүздер ме еді?»

Қойылым басталысымен Асқар өз әлеміне тартып әкетті. Алғашында Асқардың оралымды диалогтарын түсініп үлгермей жатқан халық, сәлден кейін-ақ көңіліне ұнап кеткен сөзге шапалақ соғып отырды.

Көрермен мәдениетінің төмендігі дерсіз. Жоқ. Асқар

диалогтарын түсініп отырған көрермен деңгейі төмен емес. Бүгін Асқар сөйлемдерінің жігін жіктеп түсініп отырса, театрда сахна жабылмай шапалақ соғуға болмайтынын да түсінері сөзсіз. Оқырман, тыңдаушы мен көрерменнің сұранысына жұмыс істемей, санасын өсіру деген осы шығар. Иә, бұл үш топты да биік деңгейдегі өнер ғана өсіре алады.

Қойылым, Біражанның рөлін сомдаған Бекжан Тұрыстың ауырып жүргеніне, Абай мен Ақанның рөлін сомдайтын негізгі актерлердің болмауына қарамастан, өте әсерлі шықты.

Асқар шығармашылығын жоғарыда Чеховпен салыстырған едік. Кейіпкерлеріне жаны ашымайды дедік. Шығарманың негізгі кейіпкері Біржанды автордың Абайға да, Ақанға да жығып беруі соның айқын дәлелі. Қазақтың аттан жығылуы айып болмаған күннің өзінде, сөзден жығылуы өліммен тең. Оны басқа-басқа Асқар жақсы біледі. Бір шығармада Біржанды, «қазақтың Біржанын» екі рет өлтіру қай жазушының қолынан келер?

Сүлейменов пен Чехов шығармашылығының тағы бір ұқсастығы – тыныштығында. Сахнадағы актерлер, шығармадағы кейіпкерлер қанша айқай көтеріп жатса да, оның барлығы дарияның астыңғы иірімдеріндей болып, беті тынық күйінше қалады. Бірақ екі автор екі түрлі тыныштық жасады. Чехов қарапайым, күнделікті диалогтар арқылы, Асқар философиялық диалогтар арқылы тыныштық тапқан.

Асқар – күйші.

Симфонияның үшінші бөлімі. Дирижер – Әлішер Сүлейменов.

Қабанбай батыр көшесі 110. Абай атындағы опера және балет театры.

80 жылдыққа арналған симфонияның үшінші бөлімі опера және балет театрының сахнасында ойналды. Сахнаға шыққан дирижер Әлішер Сүлейменов қобалжыды ма, жап-жақсы басталған симфонияны қойыртпақтатып алды.

Біз үш бөлімді симфония деп отырғанымыздың барлығы жазушының мерейтойына арналған іс-шаралар екені түсінікті шығар. Ал сол әр шараға келген әрбір адам мерейтой оркестрінің бір-бір мүшесі. Бұл мүшелердің

арасында басынан аяғына дейін жүрген Асекеңнің күйеубаласы мен қызы – Досхан мен Қарагөз, досы Мұрат Әуезов сынды тұлғалар бар. Мүмкін сол оркестрдің көзге көрінбес мүшесі болып Асекеңнің «Миледиі» Әсмә да болған шығар. Айтпақшы, жақында ғана Асекең мен Әлия әпке немерелі болған.

Іс-шараның үшінші бөліміне қазақ әдебиетінің қариясы Әбдіжәмил Нұрпейісовтің өзі келіп қатысты. «Дирижер» сөзі француз тілінен аударғанда «бағыттаушы, ұйымдастырушы, басқарушы» деген мағына берсе, олар екеу: Асекеңнің ұлы Әлішер Сүлейменов және аяулы жары Әлия Бөпежанова.

Сонымен симфонияның негізгі үш бөлімінің соңғысында сахнаға шынында да дәстүрлі симфониялық «Құрманғазы» оркестрі шықты. Асқар сүйген күйлер мен әлемдік классиканың інжу-маржандары ойналып, көрермен нирваналық күйге түскен. Асқардың өз даусы тыңдалып, көпшілікке таныс емес жазушының суреттері көрсетілді. Десек те қай дүние «өттеген-айсыз» өтіп жатыр?

Бастысы «Көрі домбыраға» ешкім қол соқпады. Шертілмей қалды. Саханаға шақырылған айрылмас «қос домбыраның» бірінің құлақ күйі келмей, шешіліп төгіле алмай қара терге түссе, екінші домбыраның нағыз өзіндік үнін халық ести алмады. Дирижер де қолындағы таяқшасын біресе сол, біресе оң қолына ауыстырып әлек болған. Соңыра «жас домбыраның» сахнаға көтерілуі жөн болғанмен, жол бодды ма?..

Ех... «Ауыл» деп сөз бастасаң көпшілікке кегежең кері тартып тұрғандай көрінесің ғой. Бірақ сол ауылдан жусан секілді тамыр ұзартқан сайын «жол мен жөннің» не екенін ұмытып бара жатыр екенбіз...

Асқар – ...

Симфонияның төртінші бөлімі. Эпилог орнына.

Дирижер – автор.

Беймәлім Алматы көшелері.

Асқар Сүлейменовтің 80 жылдығына арналған «үш бөлімді симфониялық» кешінен кейін төртінші бөлім біздің санада ойналды. Бәлкім сол кештердің куәсі болған барлық көрерменнің санасында. Әркім өз санасының дирижері.

Асқар шығармашылығынан лиризм аңқымайды.

Дегенмен шығарманың терең қабаттарына сүңги келе оның лирик екеніне көзің жетеді. «Жетінші палата», «Қара шал», «Ақ кемпір».

Оның кейіпкерлерінің барлығы, тіпті ондағы жан-жануарға дейін кемеңгер. Ол осылай өнерді өмірден бөліп алды.

Асқарды толық түсініп, «жазуы қиын» деген жалған қоршауды құлатпайынша бізге әдебиеттен жаңа өріс табу қиынға түсетін шығар. Өрине бұл қазақ әдебиетінде ештеңе жазылмайды деген сөз емес.

Асқар туралы аңыздардан, «бүй депті» деген сөздеріне тамсанып қана қоюдан, «дос болып едік» деген естеліктерден кетіп, оның өнеріне шын үңілетін сол кезең және сол ұрпақ келді деп білемін. Оған Алматы куә.

Саф өнердің үлгісін көрсетіп, сыни мақалалары мен шашылып түскен тіркестері арқылы сол өнердің жалпы формуласын сызып беріп, болашақ әдебиеттің қандай болу керектігін түсіндірді. Осы тұрғыдан келгенде жоғарыда «Асқар» деп сызықша артынан көп нүкте қалдырдық. Теңіздегі кемелерге жол көрсетуші альбатрос дейміз бе, жоқ жәй ғана «гений» дейміз бе, атау өзгергеннен маңыз аз емес пе? Сондықтан әркім өз санасындағы дирижерлығымен өзі қалаған анықтаманы қойып алсын. Бірақ «бірегей тұлғаларға сын есім жүрмейтіні» тағы бар.

P.S. Өздеріңізге белгілі, мақала соңына бір ғана адамның аты тіркеледі. Автор сол. Бірақ мұндағы ойлардың барлығы дерлік жеке синтезден туған ойлар емес, әдебиеттегі ортамен араласа келе қалыптасқанды. Яғни мұнда кемі он шақты адамның пікірі мен ойы тоғысқан. Иә, ой солардың барлығыныкі, һәм ешкімдікі емес.

ТОБЫЛ ОЙШЫЛЫ

*«Музейде жылдам шаршайсың.
Өйткені ол жердегі әр қадамың – бір ғасыр».*

Қария аса қатты діндар емес еді. Тек ауыл зиратының жанынан өткен сайын арнайы тоқтап, есегінен түсіп құран оқу қашанғы ғадеті-тін. Қобыз дауыспен құран бағыштап, жүзін сипап орнынан тұрды. Немересі бірге түрегеліп, бір нәрсе сұрайын деп өзін өзер буып қалған. Дәл осы үнсіздікті бұзуға болмайтынын іштей түйсінген еді. Қайта жолға шықты. Бір үзеңгілері әлі де болса зираттың сыртқы қоршауын сызып келеді.

– ...Қиямет-қайым жақын! Қиямет-қайым жақын!..
Өр зират басынан өткен сайын осы сөзді қайталап өтуді ұмытпа. Жатқандар қуанып қалады.

– Не үшін?

– Қиямет күні болғанда қайтыс болғандардың бәрі тіріледі дейді.

– Қалай?

– Жер бетіне жусан болып өсіп шығады. Ертерек қайтыс болғандар ерте оянып, қасындағыларын құзғынның шоқуынан қорғап отырады. Сондықтан қазақ туыстарды бір-біріне жақын жерлеуге тырысқан.

– Орнынан тұрып барып қорғаса болмай ма?

– Жооқ! Олар кіндіктерімен жусанның түбіріне байланып отырады.

– Қалай байланады?

– Өөй, мылжың екенсің ғой өзің...

* * *

«Бұл мүсін «Тобыл ойшылы» деп аталады. 1976 жылы Қостанай қаласы маңындағы «Мичурин» шаруа қожалығының алма бағынан табылған. Яғни, Тобыл өзенінің оң жағалауынан. Өздеріңіз көріп отырғандай, бұл мүсінде аспанға қарап, телміріп отырған ер адамның сұлбасы бейнеленген. Мүсіннің ғылыми сипаттамасын жазған археолог Г.Зданович тас мүсін сұр-қоңыр түсті түрлі түйіршікті құмтастан пикеттеу, қашау, тегістеу

техникасымен жасалғанын және біздің жыл санауымызға дейінгі III мыңжылдықтың соңы, II мыңжылдықтың бас кезіне, орманды-далалы Азияның антропоморфты мүсін тобына жататынын айтады. Ал, кейбір ғалымдар бұл экспонаттың, тіпті, тас дәуіріне тиесілі болуы мүмкін екенін алға тартқан. Мүсіннің биіктігі 202 мм, салмағы 4 кг».

ҚР Ұлттық музейіндегі «Ежелгі және орта ғасырлар залына» кірген әрбір музей қонағына экскурсоводтар «Тобыл ойшылын» осылай таныстырады. Әрине, таныстырушыларға мұнан асырып ештеме айтудың қажеті жоқ. Анықтап үңілген жанға өзі турасында «ойшылдың» өзі ғана толық айтып бере алады. Тек, түсінісе білу керек. Тек бұл мүсін музей қонақтарының қызығушылығын көп туғыза қоймайды. Көзімен бір сүзіп өте шығады. Эрмитаждың ең ескі терезесінің ешкімнің көзіне түспейтіні секілді. Атақты музейдің Нева өзеніне қараған бір терезесінде 1902 жылы патшайым Александра Федоровна қолындағы брильянд жүзігімен жазған жазу сақталған. Ағылшын тіліннен аударылғанда: «Ники, гусарға қарап тұр» деген мағына береді. «Ники» деп отырғаны ресей патшасы – Николай II. Ал, «гусар» патшаның ерекше әскері. Бізге маңыздысы жазудың мағынасы емес. 1902 жылдан бері сол бір терезенің сақталып қалғаны. Өйткен, Эрмитаж XX ғасыр басында өзінің 250 жылдық тарихындағы ең ауыр кезеңді бастан өткерді. Он жетінші жылғы революция, азамат соғысы кезіндегі музейдің өртенуі, «Ұлы Отан» соғысы кезіндегі 872 күнге созылған блокада. Неміс снаряды жарылып, Нева өзеніне қараған бүкіл терезелер сынып, құлаған кездегі дыбысты көзі көріп, құлағы естігендер: «Соғыс жылдарындағы естіген ең сұлу дыбыс сол болар. Хрусталь ыдыстың сынғырындай», – деп естеріне алады. Білімсіз, қараңғы большевиктер үшін сәттік сұлулық, өздерінің 200 жылдық тарихынан гөрі маңыздырақ еді. Тіпті, ескінің қалдығы деп, музейдің көзін жойғысы келгендер үшін зор қуаныш та болған шығар.

Иә, снарядтың жарылысынан кейінгі сарқырамадан құлаған судай төгілген хрусталь айналар үніне патшайымның саусағының ізі қалған әйнектің үні қосылады. Ол аман қалды. Өлі күнге дейін аман. Тек көпшіліктің көзіне түсе бермейді.

Ойлы адамның қарапайымдылығындай – «Тобыл ойшылы» да жалғыздықты жақсы көретін сыңайлы. Ол туралы біздің жыл санауымызға дейінгі «III мыңжылдықтың соңы, II мыңжылдықтың басында жасалған» деген музей таныстырушысының да сипаттамасы көп адамға ой салмайды. Ал, егер «бұл мүсін пирамидалардың құрдасы» деп таныстырылса, айналасынан халық арылмасы сөзсіз. Қос өзеннің бойында белгісіз ақын Шумердің атақты патшасы Гильгамеш туралы жырды жазып жатқанда, Тобыл өзені бойындағы белгісіз бір мүсінші «Тобыл ойшылын» қашап жатқан болатын десем ше? Египеттің перғауындары Тутанхамон мен Рамсес таққа отырған тұста, Мұса пайғамбар теңізді таяғымен жарып өтіп, Мысырдан еврейлерді алып қашып келе жатқанында, Ахилес тарихта өз атын қалдыру үшін Троя қаласын шауып, оны жермен-жексен еткен уақытта – біз сөз етіп отырған «Тобыл ойшылы» аспанға қарап телміріп отырған еді деген сөзімізге сенер ме едіңіздер? Олай емес дерсіз. Өбден солай. 5000 жыл артқа шегініп, б.ж.д 3000 жылдыққа оралайық. Жер бетінде не болып жатыр еді?

б.ж.д 2609 жылы Мысыр пирамидаларының негізін салушы перғауын Джосер таққа отырды. Ол қайтыс болысымен, шамамен б.ж.д 2551 жылы Мысыр тағына Хеопс отырған болатын. Міне, пирамидалар осы кезден бастап салына бастады.

б.ж.б 2675 жылы Гильгамеш патша Урук қаласының тәуелсіздігіне қол жеткізді. Бұл жер бетіндегі ең тұңғыш қалалық мәдениет болатын. Қалада 6 мыңнан астам тұрғын болды. Кейіннен бұл қала Шумерлердің астанасына айналған.

«Тобыл ойшылы» ғалымдардың дәлелдегеніндей б.ж.д III мыңжылдықта қашалған болса, шындығында бұл мүсін өлемнің жеті кереметінің бірі саналатын Пирамидалардың құрдасы деуімізге өбден болады.

Мүмкін, қос өзеннің бойындағы бізге белгісіз бір ақын қолына қаламын алып, қыш тақтайшаға патшасы Гильгамеш туралы жырды жаза бастағанында, Тобыл өзені бойындағы бізге белгісіз мүсінші көкке қарап тәңірімен тілдескісі келген болар. Өзінің тәңір алдындағы кішілігін, бәлкім, бәріміздің тәңірден кішілігімізді көрсеткісі келіп, қолына қашауын алды ма екен? Бізге белгісіз.

Мақаламызға сын таққысы келгендер, жоғарыдағы

даталардың барлығы б.ж.д 3000 жылдықтың орта тұсында болып өткен. Ал, «Тобыл ойшылы» б.ж.д 3000 жылдықтың соңында немесе б.ж.д 2000 жылдықтың басында жасалған деген ғалымдарымыздың сөзін алдымызға тартуы мүмкін. Және, өте дұрыс сын деп ойлаймын. Бірақ айта кететіні бұл мүсін жөніндегі тағы бір ғалымдар тобы жасау дәуірін тіпті тас дәуіріне апарып тірейді. Жарайды. Көзімізді қойып, көңіліміздің өзі көмескі көретін дәуірге бармай-ақ қоялық. Өз дәуірімізге жақын б.ж.д 2000 жылдыққа оралайық. Және, бұл заманның өзінде жасалған десек те «Тобыл ойшылының» ой көкжиегі тарыла қоймайды.

Б.ж.д 1900-1890 жылдары Бабыл патшалығы құрылды. Оның негізін салушылар семид халқы амероиалар болатын. Олар ежелгі қос өзеннің шумерлер мен аккаттар қалыптастырып кеткен мәдениетін жалғастырушылар еді.

Троя қаласы бөрімізге таныс. Тек оның бір ғана қала емес екенін біле бермейміз. Ол кіші Азиядағы Трояда аралында орналасқан. Ғалымдардың зерттеуінше қала негізгі 9 қабаттан тұрады. Яғни, қала 9 рет құлап, қайта тұрғызылған. Гомердің «Иллиядасынан» оқыған, неміс кинорежиссері Вольфганг Петерсен экрандаған Троя соғысы өткен қала 9 қабаттың 7 қатпарында жатыр.

Яғни, б.ж.д 2000 жылдықтың басында «Тобыл ойшылы» жасалған болса, ол соңғы 5 Трояның құлап, қайта тұруына куә болған. Тарихтағы Ахилдың аты қалар соғыстан бұрынғы 2 Трояның жермен-жексен болғанында Тобыл жағасындағы ойшыл көкке қарап тәңірімен тілдесіп отырған болатын.

Мұса пайғамбар Мысырдан «құдайдың қалауы түскен халық» деп есептелетін яһудилерді бастап, перғауыннан қашып келе жатқан тұста, Мысырдағы Эхнатонның, Тутанхамонның, Рамсес II-нің билігі кезінде, атақты Афина қаласының іргетасы қаланып жатқан тұста ойшыл мүсін аударылып-төңкерілген дүниенің ешқайсысына да назарын салмай, тек көкке қарап отырды.

* * *

Қос тізесін кеудесіне жинап, қолдарын тізесінің үстіне қойып, «мөлдiреген» көздерін көке қадап, шарасыз қалыпта отыр. Иә, оның көздері «мөлдiреп» тұр. Бізге белгісіз мүсіншінің шеберлігіне таңқалмасқа

шараң қалмайды. Тіпті, бүгінгі күні жасалған Қостанай қаласындағы көшірмесі де, осыдан 4000-5000 жылғы мүсіншінің шеберлігін қайталай алмаған.

Әрбір қараған сайын бұрынғы қарияның айтқан аңызы келеді есіме. Қиямет күні болып, кіндігінен жусанға байланып, қабір басында шарасыз отырған бейбақты елестеді. Енді ешнәрсені өзгерте алмайтындығын, бәрі кеш екенін ұғынған жанның жанары. Және жалбарынып, жылап кешірім де сұрамайды. Күні түскенде ғана кешірім сұрауға тәңірінен ұялатындай.

Мүсінге қарап отырып, оның арғы жағындағы халықты көргің келеді. Осынша тәңір мен адам арасындағы ұятты сақтаған қандай халық екенін білгің келеді. «Өлімнен ұят күшті» деген сөз өз алдына, «Құдайдан ұят» деген қазақта сөз бар. Бұл сөзді жер бетіндегі бірінші болып көк тәңірге сыйынып, мототейзмге алғашқылардың қатарында қадам басқан сенің жауынгер бабаң айтқан. Оның арғы жағында тіпті шумерге тән сөз болуы мүмкін. Ал, тәңір алдында беті қызару, жалпы «ұят» тәңіршілдіктің негізгі діңгегі. Бұл ойдың да арғы жағында баба шумердің ілімі жатса керек.

Шумер мифологиясында адамдар тәңір қанына иленген балшықтан жасалған деген түсінік бар. Бүгінгі діни түсініктің осыдан 4000-5000 жыл бұрынғы мифологияда аталғаны таң қалдырады. Қызығы бұл миф ежелгі гректерде де бар. Дүниенің ол шетінде адамды сары балшықтан Прометей жасап, Афина оған дем бергені туралы айтылады. Яғни бұл түсінік адамзатпен бірге жасасып келе жатыр. Қасиетті кітаптарсыз-ақ адамзат өзінің балшықтан жасалғанын білген еді. Шумерге оралайық...

Шумерлер өздерін тәңірге құлшылық ету үшін жаралғанбыз және олармен біздің арамызда тығыз байланыс бар деп түсінген. Еңбегіміз арқылы құдайларымызды «асыраймыз». Оларсыз біз, бізсіз олар өмір сүре алмайды.

Шумерлердің ерте діни түсінігі осыған саяды. Яғни, олар өздерінің құдайларымен арадағы байланысын адамдар арасындағы байланысқа ұқсатқан. Ал адам арасындағы сыйластықтың ең үлкені – ұят. Шумерден қалған осы түсініктің тәңіршілдіктің негізгі қағидасына айналуы ғажап емес қой.

Мақаламызды сынайтындар болса, жалғыз тәңірлік дінінің б.ж.д. II жылдықтың соңында пайда болғандығын алға тартар. «Тобыл ойшылы» атаалмыш мыңжылдықтың басында жасалған. Ол заманда тәңіршілдік немесе жалғыз тәңірлік туралы түсінік қайдан жүр дейтін болар. Екі түрлі жауап ұсынуға болады.

Бірінші, монотеизмнің бастауында генотеизмнің дамуы жатыр. Яғни құдайлар пантеоныныңдағы бір құдайдың ерекшеленіп көрінуі. Соңыра сол құдай жалғыз қалып, өзге құдайлар әртүрлі құбылыстар мен басқа да дүниелердің иелеріне айналмақ.

Екінші, монотеизмге адам жеткен жоқ, оған оралды. Адамзат тарихын прогрессивті емес, регрессия ретінде қарайтын ғалымдар тобы бар. Олар академиялық ғылымда мойындалмаған. Десекте, діни түсінікке сияды. Адам атаның ақылды, он сегіз мың ғаламның құпиясын білгені туралы айтылады емес пе? Ол өз үмметін өсіріп, дамыған өркениетке жеткен. Кейіннен адамзат көбейіп, бұрынғы ғылымын ұмыта береді. Осылай азғындық пен қараңғылықтың шыңырауына жетіп, қайта даму жолына ауысты. Осы болжамдарға сенер болсақ, адамзат тарихын біз осы шыңыраудан бастап жүрген сыңайлымыз. Түйіндей келгенде, адамзат санасы өзінің жалғыз құдайға сыйынған заманын ұмытқан емес. Монотеизмге оралды деп отырғанымыз – осыдан.

Екі жауап та адамзат санасында жалғыз құдайға табыну туралы түсініктің ертеден болғанын жоққа шығармайды. Сондықтан, сыншылардың бұл мүсіннің ғылым шектеп берген «жалғыз құдайға» сыйыну дәуірінен бұрын жасалды деуіне жол жоқ.

Сөз етіп отырған мүсіннің екеуі табылған. Екі мүсін де дәуірлес болғанымен, бірінің қашау технологиясы нашарлау. Екі мүсінде де мүсіншінің айтқысы келгені бір. Көкке қараған адам. Неге? Егерде «Тобыл ойшылының» прототипі ежелгі шумер ойшылы деп алсақ, олардың жазуы қалған тақтатастарында 50-ге тарта құдайларының аты сақталған. Олардың әрқайсысының мекендері мен иелігіндегі сөзі жүретін дүниелері бар. Әрқайсысы әр жерде. Бірі жер астында, бірі үстінде, бірі көкте. Осылай бола тұрса да, жасалған екі мүсін де неге көкке қарайды?

Өрине, біздікі болжам ғана. Бірақ болжам білімге жетелейтінін ұмытпаған жөн. Мүмкін, «Тобыл ойшылының»

көкке қараған жанарының ар жағынан бізге көк тәңірі туралы алғаш ойланған ойшылдың көзі қадалып тұрған болар. Осы мүсін тұрған залдың төрінде қос балбал бар. Кейде, жалғызсыраған ойшылды сол балбалдардың қасына апарып қойғым келеді. Екеуі ұзақ түн әңгіме шертер еді. Егер тастың тілін білсем, сөздерін мен де тыңдар едім. Тек үндемей. Қариядан естіген мылжыңсың деген сөзді, бабалардан (балбалдан) естігім келмейді.

«Музейде жылдам шаршайсың. Өйткені ол жердегі әр қадамың – бір ғасыр». Ал, «Тобыл ойшылы» тіпті мыңжылдықтарға сүйрейді. Біз сол тарихтың тереңіне сүңги алдық па, алмадық па?.. Әлде логикаға сиятын деректердің басын біріктіре салған шығармыз. Сөз маңызы бұл емес. Маңыздысы – біз тәңір жайлы ойладық. Мүсінші дегеніне жетті. Өйткені өнер мен ғылым атаулы тәңірге еліктеуден туып, тәңірді тануды мақсат еткен...

АЗИЯ МЕН АМЕРИКА АРАСЫ

Компьютер экранындағы жыпылықтап, жазуыңның қай тұсқа келіп қалғанын көрсетіп тұратын таяқшаның мазасыздығы кейде жүйкенді жұқартады. Өзі асыққан жаққа асықтырып, жыпылықтап жазғаныңды аңдып тұратын сияқты. Жаза бастасаң ілеседі. Тоқтасаң аңтарылып саған қарайды. Алғашқы сөйлемнің ауырлығын оған қалай түсіндірерсің? Адамзаттың өлімсақ тіршілігі жөнінде жазғалы отырған мақаланың өзінен гөрі, алғашқы сөйлемі көп ойландырды. Иә, алғашқы сөйлем туралы сенің басындағы долбарлар сияқты, адамзаттың пайда болуы жөнінде де долбарлар жетерлік. Ғылымға белгілісі төртеу, көпшілікке белгілісі екеу. Ғылыми төрттікті «дарвиндік», «діни», «уфологиялық» және «мутациялық» теориялар құрайды. Осылардың ішіндегі көпшілікке танысы алғашқы екеуі екені айтпаса да түсінікті болар.

Уфологтар адамзатты жерде пайда болмаған жат элемент, ғарыштан келген келімсектер ретінде қарастырса, көпке белгісіз теорияның екіншісі адамды радиациялық мутацияның жемісі деген пікірге тоқталады. Бұл екі теорияның жақтаушылары аз болғанымен, ғылым үшін өзіндік жаңалықтары баршылық.

«Адамзат тарихы маймылдан, маймылтектерден бастау алады». Бұл «дарвинистердің» пікірі. Өрине Дарвиннің ашқан эволюция заңын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ ғалымның атақты теориясын жоққа шығарушы теориялар жетіп-артылады.

Ислам дініндегі деректерде жерге түскен алғашқы Адам ата мен Хауа ананың сөйлей білгені, Адам пайғамбардың білімді болғаны айтылады. Тағы бір деректерде жер бетіне 124 (басқа деректерде 224 мың) мың пайғамбар түскені туралы сөз бар. Ойлап қарасаң, саналы адамның 50 мың жылдық тарихына 124 мың пайғамбарды сыйдыру мүмкін емес. Ғалымдар адамзаттың саналы ғұмырын сол 50 мың жылдан асырмай отыр. Не діни деректерде, не ғалымдардың болжамында шикілік бар. Себебі, жәй арифметикалық есеп бойынша әр жылда екі

пайғамбардан, ал кей жылдары тіпті үш пайғамбардан түсіп отырған болып шығады.

Сонымен, адамзат осыдан 5 миллион жыл бұрын Африканың шығысында пайда болып, Еуразия даласына қарай жылжыды. Ал, қазақ топырағына адамзат шамамен миллион жыл бұрын қоныстана бастаған. Алғашқы адамдардың қоныстары Батыс Қазақстан, орталық Қазақстан өңірлері мен Арал теңізі маңайында кездеседі. Археологтардың соңғы жаңалықтарының бірі ретінде Қаратау сілемдері бойынан 9 метр тереңдіктен табылған ерте темір дәуіріне жататын тұрақтарды айтуға болады. Электронды-парамагниттік резонанстың көмегімен анықталуы бойынша, бұл тұрақтан табылған бұйымдардың жасы 501000 жыл жөне дәл мұндай тұрақтарды Қазақстан даласынан көптеп ұшыратуға болады. Бір сөзбен айтқанда, саналы адамның дүниеге келуі кезеңінде Еуразия материгінде, оның ішінде Қазақстан территориясында тіршілік қайнап жатқан еді. Демек, адамзаттың саналы ғұмыры туралы болжам әлі талай өзгеруі ғажап емес.

Африка, Азия, Еуропаға адамның қалай тарағаны түсінікті болды. Ал XV ғасырға дейін әлем картасынан көрінбеген Америка құрлығына адам қалай жетті? Колумбты жаңа құрлықта күтіп алған қызыл терілілер кім еді?

Бүгінде көп ғалымдар жаңа құрлықтың ескі тұрғындарының тегін Азиядан, Алтайдан таратады. Қалай қоныс аударғаны туралы деректер де баршылық.

Әлем картасында Еуразия мен Америка материктерінің арасын 82 шақырым Беринг бұғазы бөліп жатыр. Ал жер бетіндегі соңғы мұз басу дәуірінде бұл бұғаз мүлдем болған жоқ. Мұз басу дәуіріндегі судың мұздықтарға жиналуы теңіз деңгейін бүгінгіден елеулі деңгейде төмендеткен. Бұл тұс екі алып материктің біртұтас кезеңі болатын. Тұтас «Пангеяның» ыдырауының ең соңы Солтүстік Америка мен Еуразияның ажырауымен аяқталды десек қателеспеспіз.

Дәл осы мұз басу дәуірі Американың түпкі халқы «үндістердің» (бұл ғылыми термин) Азиядан қоныс аударған уақытына тура келеді. Сол біздің даладан кеткен халықтың бізге қаншалықты қатысы бар?

Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейінгі көптеген

ғалымдардың ден қойған тақырыбы осы болатын. Олар Американың түпкі халқы жөнінде антропологиялық, стоматологиялық зерттеулер арқылы көп тұжырым жасады.

Америка құрлығындағы Гренландиядан Аляскаға дейінгі территорияда өмір сүретін эскимостардың антропологиялық әлпетін зерттеген ғалым М.Г.Левин Ежелгі Азия халықтары мен эскимостардың морфологиялық ұқсастықтарын ғылыми түрде дәлелдеп берді.

Ғылымның дамуы ДНК сараптамалар жасауға жол ашқан тұста, Америка материгінде өмір сүретін «үндістердің» барлығы генетикалық тұрғыдан шамамен 15000-30000 жыл бұрын бір генетикалық топтан тарағаны дәлелденді. Ал, мұның ішіндегі генетикалық топтардың 95%-ы бүгінгі Азияда өмір сүретін халықтардың ДНК сараптамаларымен сәйкес келеді. Өз кезегінде лингвист ғалымдар «үндіс» тайпаларының тідерін зерттей келе, олардың Жаңа құрлыққа бір емес, бірнеше мәрте қоныс аударғанын алға тартады және жаңа құрлықтың ескі тұрғындарының тілі бүгінгі Алтай тідеріне жақын деген пікір көтерілді.

1967 жылы шведтік «Этнос» журналында басылған ориенталист, шығыс тідерін зерттеуші ғалым Стиг Викандердің «Мая тідер тобы мен Алтай тідер тобы арасында байланыс бар ма?» атты мақаласында: «Мен бірінші рет мая тайпаларының бір бірімен сөйлескендерін көріп үлкен таңданыста қалдым. Олардың сөйлеу интонациясынан өзім аз уақыт бұрын сапар шеккен Стамбул қаласының тұрғындарының интонациялары байқалады. Әрине, мұндай ұқсастықтар алдамшы болуы мүмкін. Бірақ маялықтардың тілін зерттей келе түрік тілінде кездесетін сөздерге тап болдым. Айтылуы жағынан да, мағынасы жағынан да», – деп жазды.

Осы деректерге қарап, алтай тідері, яғни бүгінгі түркі тілдерінің негізі Азия даласынан «үндіс» тайпаларының ауа көшер алдында қаланған деген пікірге келуге болады. Шамамен бұл 40 мың жыл бұрын.

Ең соңғы, әрі нақты заттай деректер ретінде археологиялық қазбалар кезінде табылған бұйымдар да үндіс тайпаларының басқа емес, дәл Азиядан кеткенін айғақтайды. Жаңа құрлыққа ежелгі халықтардың,

дәлірек айтсақ «палеоазиялықтардың» үш дүркін қоныс аударғанын лингвистермен қоса археологтар да қуаттаған.

ҚАСҚЫРДАН - ҚЫРАНҒА

Тотемі болмаған халық жоқ. Тотем – ру, халық немесе тайпаның өзіне туысқан санайтын дүниесі. Тотем кез келген дүние болуы ықтимал. Бірақ кең тараған тотемдер – жануарлар. Кейбір халықтар өздерін сол тотемдік жануарының ұрпағы санайды. Түркінің тотемі – бөрі. Бір мифте түркіні қырғыннан аман қалған бала мен қасқырдың ұрпағы десе, келесі мифте түркілердің қасқыр емген баладан тарайтыны айтылады. Ал арғы түркі тотемдері ретінде арқар немесе таутеке, одан ары жылан немесе айдаһарды айтуымызға болады. Тотемдік тарихымызға тереңдей түссек, көкте қалықтаған құсқа, тіпті тасбақаға да кезігудің сәті түсер. Өрине, оқырман келтірілген дерекке дәлел күтеді. Бәрі өз ретімен.

Сіз «Күлтегін» ескерткішін анықтап қарап көрдіңіз бе? Мәтініне емес. Құрылымына. Бітік тастың жоғарғы жағы жартылай дөңгелек болып келеді. Біз көріп жүрген суреттер мен көшірмелерде сол жартылай дөңгелектің бір жақ бөлігін оқ жұлған. Ал, егер бүтін болғанда қандай болар еді? Қаржаубай Сартқожаұлының «қалпына келтіруіне» сүйенсек ескерткіштің жоғарғы бөлігінде басы бөрі тектес айдаһар бейнеленген. Айдаһардың арғы тегі жыланнан. Қазақ мифтерінде адам көзіне ғасырлар бойы түспеген жыланның айдаһарға айналатыны туралы сюжеттер кездеседі. Ал, ортадағы ерекше бөлінген тұсында таутеке немесе арқар. Қалай дегенмен де тауда өмір сүретін, көкке бір табан жақын жануар бейнеленген. Ал, ескерткіштің бүтін кезінде астында «бақатас» болған. Қарапайым бақадан гөрі, «тасбақаға» көбірек ұқсайды. Ал, «Күлтегіннің» тастан қашалған бас мүсінінің маңдайында қанатын кеңге жайған самұрық құстың бейнесі бар.

Орхон Ескерткіштеріндегі суреттер негізінен осылай болып келеді. Мысалы, «Бұғыты» кешенін алып көрейік. Ұстын тас тасбақаның үстіне орнатылған. Ал, ескерткіштің жоғарғы бөлігінде бөрі емген баланың бейнесі бар. Жалпы, жоғарыда айтқанымыздай түркілік танымдағы «бөрі» бейнесі «Бұғыты» кешенінде ғана емес, Күлтегін, Білге қаған, Қарабалғасу ұстындарының да бас жағында бейнеленген. Бірақ бөрі көбіне реалистік тұрғыда емес,

қияли мифтік тұрғыда суреттеледі. «Бұғыты» ұстынының суретіне назар аударсаңыз, ескерткіш басы – қасқырдың басына ұқсап, денесі айдаһарға, аяғы жолбарысқа, шудасы арыстанға ұқсатылып қашалған.

Қорыта келгенде, Орхон ескерткіштерінің ең бірінші ұқсастығы ретінде олардағы айдаһар, бөрі сынды тотемдік белгілердің мифтік негізде қашалуын айтуымызға болады. Бұл ескерткіштердің көпшілігіне ортақ тағы бір дүние – тасбақа тұғырлары.

Бөрінің жайы белгілі. Жылан мен айдаһар да біздің мифтерде көп кездеседі. Таутеке немесе арқар да биікте көкке жақын жануарлар ретінде тотемдік белгілер қатарында. «Күлтегін» бас мүсінде самұрықтың бейнеленуінің де өз түсіндірмесі бар. Осы аталған жан иелерінің барлығы дерлік біздің бүгінге дейінгі танымымызда сақталған. Тек барлық ескерткіштерге тұғыр болып, осы тотемнің барлығын көтеріп тұрған тасбақа жөнінде қазақ мифтерінде көп дүние кездеспейді.

Иә, тасбақа барлық ескерткіштерде кездескенімен, тотемдік белгі болғанға ұқсамайды. Өйткені, тотемнің барлығы ескерткіштердің жоғарғы жағында. Ал, тасбақа барлығын көтеріп тұрған тұғыры.

Қазақтың жерді көтеріп тұрған көк өгіз туралы аңыз есіңізде ме? Бұл тектес аңыздар бүкіл әлемді кезіп жүргені мәлім. Тек жерді көтеріп тұрған жан иелері әр халықта әр түрлі. Біздің халық түсінігінде жерді мүйізімен көтеріп тұрған көк өгіз болса, Американың түпкі халықтарында жер тасбақаның арқасында орналасқан.

Теңіздің арғы бетінде аңыз бойынша аспаннан алғашқы адам түсіп келе жатқанда оны құстар көтеріп ұшып, табанын тигізетін құрлық іздеді. Бірақ табылатын емес. Ұзақ ізденістен кейін құстардың қанаттары талып, адамды ұшы-қиыры жоқ теңізге құлатып алуға тақағанда теңіз бетіне алып тасбақа көтеріледі. Осылай алғашқы адам табаны алғаш рет тасбақаның арқасына тиді. Ол оны құрлыққа жеткізді. Осылай сөйлейтін аңыз бойынша ежелгі үндістерде жерді тасбақа көтеріп тұр деген түсінік қалыптасқан. Біздіңше, бұл миф бір кездергі америкалық үндістер мен біздің бабаларымыздың арасы ажырамай тұрғандағы түсінік. Теңіздің арғы бетінде тасбақа алғашқы құрлық ретінде сақталып қала берген болса, біздің мифтік аңыздарда тасбақа ұзақ жасау мен ақылдылықтың

символына айналған болатын. Бірақ жерді көтеріп тұрған тасбақа туралы түсініктің сарқыншақтары Түрік қағанатының тұсында да біршама сақталғанға ұқсайды. Өйткені, бітік тастарда бейнеленген бүкіл тотемдерді тасбақа көтеріп тұр. Біздің барша түсініктерімізді ежелгі шеберлердің тасбақаның арқасына артып қоюы тегін емес шығар.

Америкалық үндістерде «тотемдік бағаналар» көп кездеседі. Ағаштан ойылған бұл бағаналарда белгілі бір тайпаның бүкіл тотемдік белгілері өз ретімен мифологиялық тұрғыда бейнеленеді. Ежелгі тотемдер жоғарыда, одан кейінгілері төменнен орын тапқан. Тотемдік бағаналарды қарап отырып, Америкалық үндістердің ежелгі тотемдерінің бірі самұрық құс болғаны байқалады және бұл халықтың басына құстың қауырсындары қадалған баскиім киетінін есіңізге түсіріңізші. Өрине, самұрық құс деп отырғанымыз құстың үлкендігін білдіру мақсатында. Ал, үндістердің өз тілінде «қасиетті қанатты» немесе «күркіреу құсы» (аспанның күркіреуі) деп аталады. Аңыз бойынша бұл құс ұшып келе жатқанда қанатынан жел тұрғызып, найзағай шақырады. Есіңізге ештеме түсірмей ме? Ертөстік ертегісіндегі балапандарына асыққан «алып қара құс» та ұшып келе жатқанда қанатынан дауыл көтеріліп, көз жасы жауын болып жауатын еді ғой. Екі аңыздағы алып қара құстың түбі бір болуы әбден мүмкін. Мұның үстіне, Күлтегіннің бас мүсінінің маңдайындағы самұрық құсты қосыңыз.

Екі халық арасындағы ең ескі тотемдік түсініктегі ұқсастықтар самұрық немесе алып қара құстың және тасбақаның төңірегінде топтасады. Және екі халық та өздерінің ежелгі тотемдеріне өте үлкен құрметпен қараған. Бірінде арнайы ағаштан бағаналар ойылса, екінші халық даладағы тастан қашалған ескерткішіне өз тотемдерін ғажап шеберлікпен сыйғызған.

ИТ ЖЕТЕКТЕГЕН ШАҢҒЫШЫЛАР

Азиялықтар Америка құрлығына 3 дүркін қоныс аударды дедік. Алдыңғы екеуіне көзің түгілі, көңілің жетуі қиын. Ал, соңғы көш «ит жүгірткен шаңғышылар» көші болды деп болжауға мүмкіндік беретін деректер баршылық.

Ит – ғалымдардың дәлелдеуінше, осыдан 10-15 мың жыл бұрын адамзаттың ең бірінші қолға үйреткен жануары. Олардың арғы тегі қасқырдан, кейбір иттердің түпкі тегі шибөрілерден таратылады. Адамның бүгінгі күнге дейінгі ажырамас досы болып келе жатқан ит ең бірінші Оңтүстік Азияда қолға үйретілді. Бірақ әлі де олардың адам қолына өздері үйренгені немесе адамдар үйреткені дәлелденген жоқ. Біз сөз етіп отырған Американың ежелгі халықтарында да қолға үйретілген ит болған. Олар тіпті бұл жануарларды жер бетіндегі ең бірінші пайда болған және ең соңғы өлетін жануар ретінде сенген. Алғашында ғалымдар жаңа құрлықтағы иттердің тамырын Солтүстік Америкадағы қасқырлардан тарады деп ойлады. Мексика, Перу, Боливия сияқты жерлерден табылған ежелгі үндістердің иттерінің ДНК сараптамасы сәйкес келді. Тек, Солтүстік Америкалық қасқырлардың ДНК-сымен емес. Олардың ДНК сараптамасы Кәрі құрлықтың қасқырларымен сәйкес келетін еді.

Иә, Америкаға қоныс аударған азиялықтардың соңғы үшінші дүркін көші кезінде олардың қасында қолға үйретілген итері болды. Ал, шаңғышылар кімдер?

Әрине, прототүркілер. Жоқ, Протоскифтер дегеніміз жақындау болатын сияқты. Сіз бұған келісерсіз. Бірақ біздің бабаларымыздың осыдан 10-15 мың жыл бұрын шаңғы тепкеніне келісе қоясыз ба? Ең ежелгі шаңғышылар ретінде норвегиялықтар аталады. Осы елдің тастарынан табылған суреттерде шаңғы теуіп жүрген адамдар кездеседі. Ал, оның жасы 4500 жыл. Кейіннен жастары 8 мың жылдан асып түсетін дәл осындай шаңғышылар суреттері Швейцария мен Ресейдегі Орал тауларынан табылған болатын. Норвегияны атағынан ешкім айырған жоқ. Сонымен, осы уақытқа дейінгі келтірілген деректер шаңғының жасын 8 мың жылға апарады. Ал, бұл кезде протоскифтер жаңа құрлыққа өтіп кеткен болатын. 2005 жылы Алтай тауларындағы «Дұндырбұлақ» деген жерден тастағы сурет табылды. Ол суретте бір қатарда кетіп бара жатқан жеті адам бейнеленген. Бастарында шошақ баскиімдері бар. Алдыңғы төрт адамның артында жануарлардың бейнелері бар. Ал, қалған үш адам белдерін сәл бүгіп, сыңар таяққа сүйеніп шаңғы теуіп барады. Бір қызығы бұл сурет қашалмаған, бояумен салынған. Ал, суреттің жасы шамамен 12 мың жыл. Бұл тұста бояу

қайдан жүр? Әрі, ғылымы дамыған заманның өзінде оншақты жылдан ары өз реңін сақтап тұратын бояу табылмай жатқанда, тастағы ежелгі халықтың 12 мың жыл бұрынғы суретінің бүгінге жетуі адам сенгісіз дүние. Бірақ қарапайым адам таңғалса да, ғылым таңғалыссыз. Себебі, Франция, Испания сияқты мемлекеттер территориясынан тастарға бояумен салынған 20-30 мыңжылдық суреттер кездеседі. Яғни, тастардағы ежелгі бояумен салынған суреттердің бізге бұзылмай жетуі әбден сенерлік құбылыс. Бұл жаңалық талас тудырмай қоймайды.

Осыған орай шаңғы отаны саналатын норвегиялықтар бастап, он шақты елден ғалымдар тобы Алтайлық тастағы суреттің айналасына үймелесті. Нақты фактілерге сүйене отырып, ғалымдар суреттің жасы 10-12 мың жыл деген қорытындыға келді. Кейбіреулері 20 мыңға жеткізді. «New York Times» газетіндегі 2017 жылы шыққан мақала да осы деректерді қуаттайды.

Осы тұста Американың түпкі халқына жасалған геноцидке тоқталып өткеніміз абзал. Т.Әсемқұлов жаңа құрлықты әскер емес, аңшылар бағындырғаны туралы сөз етеді. Еуропа әскері қанша тәртіпке бағынып, қолында қаруы болса да ержүрек үндіс тайпаларын ойсырата жеңе алмады. Сондықтан бұл іске ғалымдар араласты. Олар үндіс тайпаларының ежелгі аңыз әңгімелері мен тұрмысын зерттей келе, негізгі азығының бизон екенін аңғарған. Көрі құрлықтан барғандар енді үндістермен соғысуға көп күш салмай, бизондарды қырумен айналысты. Азығынан айрылған халық тентіреп, қайыршыға айналып шыға келген. Бәрне кінәлі үндіс аңыздарындағы бір ауыз сөз еді: «Бір замандарда бизондар ауып, халық аштан қырылуға айналды».

Ғалымдар Азиялықтардың Америка құрлығына аууын дәл осы бизондармен байланыстырады. Өйткені аталған жаңуар оңтүстік Азияда өмір сүріп, кейіннен солтүсік Азия арқылы Солтүстік Америка құрлығына дейін жайылған. Міне азығының артынан протоскифтер жаңа құрлыққа ауып кете барды.

Осы тұста жапон халқының өзінің тарихын Алтайдан бастайтыны еске түседі. Бәлкім мұз үстінде бизон қуған Алтайлықтардың бір бөлігі адасып жапон аралдарында қалып кетті ме деп те ойлайсың. Әрине, бұл бөлек әңгіме. Сонымен...

Біздің далада қозғалыс құралы ретіндегі шаңғы 10 мың жылдан ары уақытта пайда болса, жаңа құрлыққа ауған палеоазиялықтардың соңғы легі бизон соңынан жүріс өндіру мақсатында шаңғымен жүріп отырды дегеніміз логикаға сиятын болжам. Өрі шаңғышы халықтың жанына ерткен сенімді достары болды. Ал, бұл дерек бүгінгі күнгі сібір халықтарының шанаға ит жегіп жүруінің алғашқы кезеңі болмады ма екен деген де болжам туғызады. Өрине, балдаққа сүйеніп, тұралап тұрған болжам. Ары қарай зерттей түсесің. Америкалық үндістерде иттердің мақсатына қарай үш топқа бөлінетінін көзің шалады. Ол иттердің бір бөлігі шанаға жегілетін болғанын оқығанда тіпті кеуденді қуаныш кернейді. Иә, болжамың сүйенген бір балдағын тастап, сыңар балдақпен-ақ нық тұра алатын жағдайға жетті.

Сонымен, шаңғының отаны – Алтай. Көз алдыңа Алтайдан ауған азиялықтардың соңғы легі ит жетектеп, кейбірі шаңғысына ит жегіп шығысқа қарай жылжып бара жатқаны келеді. Жаңа жерлерді бағындыруға деген құлшыныс бабанның бойында осы сәттерден-ақ бастау алғанын сезінетіндейсің. Тастағы аң қуған шаңғышылар. Бұл біз үшін ғана емес, сол тұстағы халық үшін де тарихи сурет болуы мүмкін. Иә, палеоазиялықтардың соңғы көші дәл осы суретте бейнеленген болса ше? Бұл суретті көшкен жұрттың туған жерде туатын тың ұрпаққа қалдырған тастағы баяны немесе үлкен іс алдындағы жұрттың жантебіренісі десек ақылға сияр ма? Өрине, бұл болжам адам бойындағы әр ісіне бір белгі қойғысы келетін қызығушылықты ғана сүйеу етеді. Басқа ештеме емес.

САЛТАНАТ

«Я ведь теперь автобиографии не пишу. И на анкеты не отвечаю. Пусть лучше легенды ходят!»
С.Есенин в разговоре с В.Эрлихом

«Күн Қаратауға сіңіп бара жатты. Ойын баласы ғой, күннің қалай батқанын аңғармай қалып, алдындағы малын иіріп, ойдағы ауылға айдай бергенше, көз де байланды. Арқасына күнді жасырып Қаратау тіптен зорайып көрінетіндей. Артынан біреу төніп тұрғандай, арқасы мұздап сала берген. Бұрылып қарамайын десе де, намысы жібермеді. Ту биіктен ақ сақалды қария қарап тұр екен».

– Әкем домбыра ұстауы жайындағы әңгімесін осылай бастаушы еді. – Қасиетті қарт Қаратаудың теріскейіндегі Созақ өңірінің өзіндік күй мектебі бар. Сол мектептің дәулескер күйшісі Төлеген Момбековтың сүт кенжесі Салтанат Төлегенқызымен болған әңгіменің әлқиссасы осылай басталды. Иә, дәл сол Салтанат. Төлегеннің атақты күйі арналған Салтанат қызы. Бірақ бұл туралы әңгіме кейінірек. Мені дәл сол уақытта қатты ойландырған жоғарыдағы әңгіме һәм аңыз болатын. Осы неге аңыздар ұқсас келеді? Сөз етіп отырған аңыздағыдай, Жамбылға жолыққан ақсақал кім? Сүгірден: «Көген аласың ба, әлде домбыра аласың ба?» – деп айдалада, апақ-сапақта сұраған ақсақал ше? Төлегенге Қаратаудың биігінен төне қараған ақсақалды кімге жоримыз? Мүмкін, бұл біз аңыздарда айта беретін Қыдыр атаның өзі болды ма? Неге осы тектес аңыздың бәрі «далада және күн батып бара жатқан, апақ-сапақ шақта» деп басталады? Артынан осындай аңыз ерген барлық өнер қуған жандардың өмірбаяны осы тұсқа дейін бірдей болып келеді де, ары қарай әрқалай өрби береді. Аңыз ба, ақиқат па? Бірақ тумысынан ақын көңіл қазақтың қалай дегенмен де аңызға сентісі келіп тұрары хақ.

Төлеген Момбеков 1918 жылы Созақ ауданы, Сызған ауылында дүниеге келіп, балалық шағы аумалы-төкпелі зобалаң кездерге тура келген. 1932 жылғы ашаршылық

кезінде ес біліп қалған балалар кейіннен Төкең домбыра тартқызу үшін барып тұрғандарын айтып отыратын. Осы әңгімені естігенде таңғалмасқа шараң таусылады. Ашаршылық кезіндегі ата-анадан көре алмаған жұбанышты домбырадан іздеді ме екен? Заман тынышталып, қоғам өз ағысын қайта тапқандай болған 40-жылдары Төкең жұмыс істеп жүрген Хантағы кенінің жабылуына байланысты, арнаулы жол- дамамен Солтүстік Осетиядағы бір рудникте электр монтері болып қызмет атқарады. Соғыстың басталғанын осында жүріп естіп, шахтаға берілген бостандыққа қарамастан, сұранып майданға аттанған.

* * *

«Жарылыс. Шекесінің шың ете қалғанынан кейін жарытып ештеңе білмейді. Күңгірт дыбыстар ғана. Толық оянғанында барып госпитальда жатқанын білді. Басы ақ дөкемен оралған. Ол дәкені күнде бір келіншек келіп ауыстырып, қайта орап кетеді. Жеке дәрігеріндей безек қағып айналасынан шықпайды өзі. Іштей аяқ-қолының саулығына шүкіршілік етті. Тек минаның жарықшағы тиген оң шекесі ғана сәбидің еңбегін-дей болып бұлақидеп тұратын. Соғысқа жарамды деп табылып, майдан даласына қайта аттанатын болғанда, сол келіншек қайта қағаз толтырып мұны жарамсыз деп, ауылына қайтарды. Елге жеткенше сол бір келіншекті ойлаумен болды. Кездеспесі анық. Қолын бұлағап қала берді».

Әкем, бұл әңгімесін: «Әй, сол келіншек маған ғашық болып қалды-ау, сірә!» – деп күле аяқтайтын. Күй кейіпкерімен бір үзік әңгіме осылайша түйінделді. Елге жеткенше Төкеңнің көңілін нендей сезім биледі екен? Елге деген сағыныш, асығу... Көңіліне шоқ салмаса да, жақсылығын аямаған сол бір келіншек... Өтеусіз қалар жақсылықтың өртеуі... Онсыз да ала көңілді бұра тартып соғыс тұр. Төкеңнің көңіліне Марфуғадан қайтқандағы Сүгірдің «Шалқымасы» келді ме? Дәл сол «Шалқымадай» шалқып келген көңілдің тұншығар тұсында төгіп алар домбыраңыз болды ма? Жоқ әлде өзі нәзік жүректің тамырлары ілікті ме саусаққа? Бізге білу қайда? Бірақ осы сапарда көңіліңізге «Шалқыманың» бір соқпауы мүмкін емес. Бір емес, айналып мың соғар...

Асығып, алқынып жеткенде, ат шаптырып, ас беріп алдыңнан шығар ағайын қайда? Алыстағы соғысқа

терезеден үңілгендей болып ауыл отыр. «Шалқыманың» алғашқы қарқынын ауыл мен ағайынның осы көрінісі бір басса, анасының хал үстінде жатуы домбыраның қос ішегінің қатар қағылауынан жаңылып, бар ауырлықты жалғыз ішекке артып тастап, булығыу болғандай. Анасы көз жұмғанда «Шалқыманың» әуені мүлдем үзіліп тынды. Күйдің соңы үміт еді. Сенім үміттен іргесін аулақ салғанда кеудені мүлдем басқа сезім, сезіммен қатар саз кернеді.

Ауылға деген сағыныш, асығу, бәрі-бәрі осы сазға сіңіп жоғалғандай. Жер дүниені тыныштық кернеді. Тек домбыра ғана анасын іздеп зарлап қала берді.

– Әкемнің «Анасына» арнаған күйінің баяны осындай. Алғашқы күйлерінің бірі болса керек. Өзінің әнтек, сөзге шорқақ, бала мінезімен: Әрмиядан келгеннен кейін күй шығара бердім ғой», – дейтіні сондықтан болар.

Осы тұста Салтанат ұстазымның әңгімесіне араласудың реті келді.

– Төлеген атамның ұстаздары, шәкірттері жайлы не айтасыз?

– Біздің Бапыш атты атамы күйші болған екен. Сол кісіден Момбек және Сыпабек тарайды. Момбектен әкеміз және Бөлеген, Жәнібек атты екі ұл туады. Жәнібек атамыз ақын болған да, әкеміз атамыздың домбырасын ұстап қалған. Осы тұста өнердің қанмен келерін, оның бір ұрпаққа күй боп қонарын, бір ұрпаққа сөз боп қонарын көріп қайран қаласыз. Әкеміз он сегізінші жылы дүниеге келсе, күйші Бапыш атамыз жиырма сегізінші жылы қайтыс болған. Ол шақта әкеміз он жастағы бала. Осыған қарағанда әкемізге домбыраны сол атамыз ұстатып кеткенге ұқсайды. Алғашқы ұстазы сол кісі болуы керек. Көп жазылып жүрген деректерде әкеміздің ұстазы Сүгір деп жүр. Бірақ әкемізден Сүгір ақсақалдан арнайы барып сабақ алғаны турасында естіген емеспіз. Ол кісі қызғаншақтау адам болған деседі. Өнер адамының бәрі іштей қызғаншақ келеді емес пе? әрине, рухани ұстазы болғаны кәміл. Қалай дегенмен де, әкеміз Қаратау күй мектебіндегі Сүгір күйшінің заңды жалғасы.

Шәкірттеріне келер болсақ, біздің үйде сол кезеңдегі құлағына саз сіңіп, көңіліне күй қонар алыс-жақынның көбі қонақ болды десем қателеспеймін. Сонау Нұрғиса Тілендиев, Тәкен Әлімқұловтардан бастап, жас өнерпаздарға дейін келіп-кетіп жататын. Бірақ ол

жастардың қайсыбірін шәкірті дей берейін. Өзім үшін ол кісінің нағыз шәкірті қазіргі танымал күйші Ысқақов Біләл Алпанұлы деп білемін.

– Өкеңіздің күй тартқандағы, әке ретіндегі мінездері турасында әңгімелеп берсеңіз...

– Бұл кісілер нота білмейтін дала күйшілері емес пе?! Кіш- кентайымызда күй үйретіңізші деп жармасатынбыз. Бір күйді өзі тартатын, қолымызға домбыраны ұстата салатын да: «Ал, тарт», – дейтін. Оған біз ілесе алмаймыз. Ал, ол кісінің бізге күйдің әр шалымын үйретіп отыруға шыдамы жетпей, домбыраны тастап тұрып кететін. Мүмкін өзіміз де қатты қызықпаған болармыз. Ал, күйді әр кезде әрқалай тартатын. Топ ішінде күй түсінері болса беріліп, даңғаза жиын болса бір қайырып қоя салатын. Ондай жерде көңілі де соқпас. Көңіл соқпаған жерде саусақ көне ме?! Кеңістікке келіссіз әуен көтергісі келмес болар...

– Дәл сізге арнаған көкеміздің «Салтанат» күйі хақында көптеген аңыз тараған. Осы жайында өзіңіз не дейсіз?

– Алматыда көкеміздің кеші өтетін болып, сол кешке мені ерте кетті. Кештің жүргізушісі осы күйді хабарлап тұрып: «Біздің санамызда күйге, әнге, жалпы белгілі бір туындыға кейіпкер болған барлық адам осы дүниеде жоқтай көрінетіні қалыптасып қалған. Салтанат Төлегенқызы, мына сахнаның алдындағы барша өнерпаз сізді өз қиялында әртүрлі елестетеді. Бірінің қиялында кемпірсіз, бірінің қиялында бүлдіршін Салтанатсыз, ал бірінің қиялында мүлдем жоқ адамсыз. Осынша ойдың бәрін тас-талқан етіп орныңыздан бір тұрып қойыңызшы», – деп, мені орнымнан тұрғызып алып барып, күй басталған болатын. Ал, бұл күйге себепкер мен болсам да, бұл күй тек маған арналған күй деп ойламаймын. Мұның ішінде марқұм анам да, менің бауырларым да, әкемнің өзі де бар. Барлығы да мұң мен сағынышқа ораулы күйінде...

Жары Пернештің төсек тартып жатқанына қаншама? Соны ойласа болды, кеудесінің сол жағы сырқырап сала береді. Домбыраға да көңілі соқпайды. Өз үрейінен үйді айналып өзі қашып жүр. Жеңгесінің үйге шақырған даусы естілді. Үй ішінен салқын леп ұратындай: – Төкенжан, Пернештің беті бері қарап кетеді ғой әлі-ақ. Жарым көңіліне демеу болсын. Ризашылығыңды айтсаң етті. – Ризамын, Пернеш!.. Жайшылықта-ақ сөзге шорқақ

бейбақтың көмейінен осы екі сөз өзер аттады. Айтары көп-ақ десең, көмейге көмілгені жоқ. Толқын-толқын күй келді. Мүмкін, құлаққа. Мүмкін, жүрекке. Мүмкін, көмейге. Ажыратып жатпады. Тіпті, өзі әуенге айналып кеткен шығар. Қос ішекке кезек соғылып, домбыраның шанағын шыр көбелек айналып жүрген де әуен емес, өзі болар. Іші сезсе де, өзі айта алмаған «қош-қошын» домбыраға айтқызды. Шыңғыс қаған болса көмейіне қорғасын құяр ма еді. Бірақ, жоқ. Пернешінің шашын сипар саусақтар, қос шекті сипалап қала берді. Бұл «Қоштасу» болатын. Осы тұста түйдек-түйдегімен туған күйлердің алғашқы нотасындай. Ауыр басталды... Өлмектің артынан өлмек бар ма? Дүние ортасы ауғанда қамшының сабы сынды дейтіндей емес. Ұясында алты бірдей балапан. Аузын ашып бұған қарайды. Бұл қалай жерге қарасын? Бірде жұмыстан қайтып келсе үш-төрт жасар Салтанаты жылап отыр екен. «Апама айтам» деп жылайды. Өз ішінде беті күлдене бастаған шоқты қайтадан қарып-қарып жібергендей жаны шығғырылды. Жұбата қоямын деп, домбырасын шертіп, жұбатамын деп, өзін жылатып тынды ақыры. Өзі қалай елтіп кеткенін байқаған жоқ. Бұл «Салтанат» болатын. Жұбатып бастап, жылатып тынар «Салтанат».

Ізін ала «Сағыныш» келді дүниеге. Осы үш күй жары Пернешке қойылған ескерткіш, бейне құлпытас секілді... – Міне, осылай. Бір «Салтанатты» айтамыз деп қанша дүниенің басын шалдық. Ал енді Алматыда осы күй жайлы басқалай аңыз айтушылар болса, айта жүр, «менің мектептегі сабақ берген апайыма арналған» десең сенер болар, – деп апайым әңгімесін аяқтады. Иә, Момбекова Салтанат Төлегенқызы қазіргі таңда Созақ ауданы, Таукент кентіндегі Ісмет Кеңесбаев атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалимасы болып қызмет атқарады. Өкесінің күй өнері сөз болып қонған шығар. Күй де сөз. Күй де сөйлейді емес пе? Қариялар күйді «тарт» емес, «айт» дейтін. Жақсы орындаса «айтқыш екен» деуші еді. Ұстазымның үйінен шығып бара жатып соңғы сауал тастадым: – Атамыздың күйлерінің ұзын-ырғасы қанша?

– Өзінің 130-дай күйі болатын. Қазір нотаға түсіп сақталып қалғаны отыздан ғана асып жығылады.

– Басқадай күйлері мүлдем сақталмаған ба?

Көңілісіз үнсіздік орнады. Шәкірттік ибамен қоштасып

шығып кеттім. Өбден қараңғы болған екен. Құдай құт қылып берген Созақтың желі ысқырып тұр. Аспандағы ақсақ ай Қаратауға арқасын төсеп шалқасынан жатыр. Шаруаға жайсыздау. Маған да. Жүз күй.

Жазып, нотаға түсіріліп, алып қалынбаған жүз күй. Бір ғана Төлегеннен жоғалтқанымыз. Ар жағында Сүгір тұр. Сүгірдің арғы жағынан Ықыластың қобызы қарайды бізге. Ала қағаз артынып-тартынып асықпай жеткен осы бір даланың аспанында жүз қағазды жүкті қылар тек Төкеңнің жүзге тарта күйі қалықтап жүр. Сол бір жүкті көтеруге біз жарамдық па, жоқ әлде қағаздың белі шыдамады ма? Амалсыз Қаратауға қараймын. Сәлде оранған молдадай шарт жүгініп алыпты.

Қаратау да бір, әңгімешіл қария да бір. Ал әңгімешіл қарияның жел жағынан шығып қалсаң қырсығып қалар жері көп. Осы алапта не жоғалса да қария Қаратау жамбасына басып жатыр. Ал оның намазын қаза қылған молдадай қырсығып, қызғанып отырғаны мынау. Кешегі Сүгірге қырсықтықты да, қызғаншақтықты да осы қария үйреткен. Мүмкін, Төкеңе де Сүгірден қалған қариялық қызғаншақтық жұққан болар. Мен де қарияның баласы болған қыңырлығыма басып: «Қайда?» дедім. Үндемеді. Тек қана үстін- үстін жел соқты. Иірім-иірім жел соқты. Екі иірімнің арасын үзіп алып, басын қоса алмай мен далмын. Қаратаудан соққан жел күй тілінде сөйлеп жатты. Жаным сезеді. Қай жанның домбырасына құлар екен? Қай жанның құлағына сыбырлар екен?

Шіркін, күйдің тілін білсем ғой. Тылсым тілін түсінсем ғой...

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|------------|
| Квант | 3 |
| Ақтандақты қара қыз | 24 |
| Манту..... | 31 |
| Қазан түйнектер | 37 |
| Иттің жасы | 43 |
| Үшінші күз... .. | 48 |
| Ата туралы әңгіме | 50 |
| Қош бол, коммунизм! | 58 |
| Алхимия | 63 |
| Қазір торғай ұшады..... | 86 |
| М.М.М. | 98 |
| Театр теңеулері..... | 106 |
| АРХЕОМОДЕРНИСТІК ЖАЗБАЛАР | 112 |
| Оркестр | 112 |
| Тобыл ойшылы | 120 |
| АЗИЯ мен АМЕРИКА арасы | 127 |
| Қасқырдан - қыранға | 130 |
| Ит жетектеген шаңғышылар..... | 132 |
| Салтанат..... | 136 |

Досхан Жылқыбай

18:47

Әңгіме, эссе-очерктер жинағы

Редактор: *Нұрболат Смадияр*
Дизайнер: *Айгерім Құтжанова*
Беттеген: *Досхан Жылқыбаев*

Басуға 4.11.2021 ж. кол қойылды. Пішімі 84x108/32
Басылымы офсеттік. Қаріп түрі «KZ Bookman Old Style»
Баспа табағы 9. Шартты баспа табағы 7,56.
Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 691



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: priemnl@dauir.kz, zakaz@dauir.kz

ISBN 978-601-217-748-0



9|786012||177480|

